

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСІ ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ
ХАТШЫСЫНЫҢ КӨМЕКШІ КІТАБЫ**



АСТАНА қ., 2009

УДК 347.2
ББК 67.9
И 85

Рецензент - з.ғ.д., профессор С.С.Молдабаев,
Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Институтының директоры
Аударма – Тұрар Шакен
Суреттер – Гүлнәр Исмұханова және «Сақшы» газеті (1сурет)

*Рецензент – д.ю.н., профессор С.С. Молдабаев,
директор Института Генеральной прокуратуры Республики Казахстан
Перевод -Турар Шакен
Фотографии - Гулнара Исмуханова и газета «Сақшы» (1 фото)*

Г.Г. Исмұханова, А.К. Файзуллина (3-ші бөлім). Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қызметінің негізгі бағыттары (Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысының көмекші кітабы). Әдістемелік құрал – Астана: «Агроиздат», 2009. – 208 б.

Г.Г. Исмуханова, А.К. Файзуллина (3-я глава). Основные направления деятельности Межведомственной комиссии по делам несовершеннолетних и защите прав в сфере охраны прав и защиты интересов детей (Настольная книга секретаря Комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав). Методическое пособие. – Астана: «Агроиздат», 2009. – 208 с.

УДК 347.2
ББК 67.9

И 1203000000
00(05)-09

Әдістемелік құралда түрлі деңгейдегі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия тәжірибесі сипатталған және ВАК пен КІК туралы Тұрпатты ережелерге сәйкес кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия хатшылары ресімдейтін негізгі құжаттардың үлгілері берілген. Әдістемелік құрал комиссия хатшысының үстел кітабы түрінде жазылған және Ақтөбе, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы, Алматы мен Астана қалаларындағы КІК сегіз жылдық тәжірибесін зерттеудің нәтижесі болып табылады. Әдістемелік құралды барлық деңгейдегі КІК хатшыларының жұмысында, әлеуметтік педагогтардың, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторларының, социологтар мен психологтардың мектеп жасындағы балалармен жұмысы барысында қолдануға болады.

В методическом пособии описан опыт комиссий по делам несовершеннолетних различных уровней и даны образцы основных документов, оформляемых секретарями комиссий по делам несовершеннолетних согласно типовым положениям о МВК и КДН. Методическое пособие написано в форме настольной книги секретаря комиссии и является результатом изучения восьмилетнего опыта КДН в Актыбинской, Алматинской и Южно-Казахстанской областях, в городах Алматы и Астана. Методическое пособие может быть использовано в работе секретарей КДН всех уровней, социальных педагогов, школьных инспекторов по делам несовершеннолетних, социологов и психологов в работе с детьми школьного возраста.

ISBN 978-601-7060-59-6

МАЗМҰНЫ	
Қысқарту	5
Алғысөз	7
1 бөлім. Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат	9
1.1. Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау инфрақұрылымы	9
1.2. Қазақстанда ратификацияланған балаларға қатысты халықаралық құқықтық актілер	12
1.3. Қазақстандағы балалар құқығын қорғау бойынша заңнама	13
2 бөлім. Қазақстандағы көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар	15
2.1. Комиссия құрылымы: негізгі сипаттамалары	15
2.2. Түрлі деңгейлердегі комиссиялардың өкілеттіктері	18
2.3. Материалдарды қарастыру және комиссия мәжілісін өткізу тәртібі	25
3 бөлім. Комиссия хатшыларына көмек ретіндегі практикалық материалдар	31
3.1. Көмелетке толмаған тұлғаның заңды және психологиялық мәртебесі	31
3.2. Көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар профилактикасының халықаралық тәжірибесі	39
3.3. Омбудсмен институты: халықаралық тәжірибе	44
4 бөлім. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері	49
4.1. Балалардың қауіпсіздігін оқушылардың, олардың ата-аналарының және сарапшылардың көзімен бағалау	51
4.2. Сарапшылар тұрғысынан балалардың құқықтарын қорғау бойынша инфрақұрылымның қызметін бағалау	55
Қолданылған әдебиеттер тізімі	56
Глоссарий	58
№1-қосымша. ВАК мүшелерінің тізімі	63
№2-қосымша. ВАК мәжілісі туралы Баспасөз хабарламасы	64
№3-қосымша. ВАК мәжілісінің бағдарламасы	65
№4-қосымша. ВАК мәжілісінің шешімі	66
№5-қосымша. Облыстық және аудандық комиссиялардың қызметтерін зерттеу бойынша жадынама	67
№6-қосымша. Комиссия қызметтерін зерттеу бойынша анықтама	70
№7-қосымша. Комиссия қаулысы	79
№8-қосымша. Ювеналдық сотқа ұсыныс	81
№9-қосымша. Сотқа шағым	83
№10-қосымша. Комиссия қорытындысы	85
№11-қосымша. Сотқа берілетін сенімхат үлгісі	88
№12-қосымша. КТУОБОО жеке істерді қалыптастыруға арналған құжаттар тізімі	89
№13-қосымша ДМБАБҰ жеке істерді қалыптастыру үшін қажет құжаттар тізімі	90
№14-қосымша. ДМБАБҰ берілетін жеке істерді қалыптастыруға арналған құжаттар тізімі (мысал Алматы қаласы)	91
№15-қосымша. Девиантты мінез құлықты балаларға арналған Қазақстанның арнайы білім беру ұйымдары	92
№16-қосымша. Оқушы тұлғасының психологиялық сипаттамасы	93
№17-қосымша. Педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған жасөспірімді бақылау картасы	95

ААҚ	Ата-аналарының қарауынсыз қалғандар
АБҰ	Арнаулы білім беру ұйымы
АПБ	Аудандық полиция бөлімі
ӘБ	Әдістемелік бірлестік
ӘЗИ	Әлеуметтік зерттеулер институты
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ББ	Астана қаласының білім басқармасы
ВАК	Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия
ДМ	Девиантты мінез-құлық
ДМБАБҰ	Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім беру ұйымы
ЕРҰББҰ	Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы
ЖЗҚ	Жастарды заңды қорғау
КИИ	Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор
КІК	Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия
КІБ	Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлім
КТУОБОО	Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталығы
ҚАЖ	Қылмыстық-атқару жүйесі
ҚАЖК	Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті
ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ҚР ІІМ	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ҚР МАМ	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚР ҚПК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚӨЖ	Қиын өмір жағдайы
ҚТЖ	Қылмыстық-түзету жүйесі
ҚІБ	Қалалық Ішкі істер басқармасы
ММ	Мемлекеттік мекеме
ОҚО	Оңтүстік Қазақстан облысы
ПББ	Педагогикалық бетімен кеткен балалар
ПДБ	Психикалық даму бөгілісі
РФ	Ресей Федерациясы
СП	Сараптамалық пікіртерім
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ХПС	Халық пікірін сұрау
ІІД	Ішкі істер департаменті
ІІБ	Ішкі істер бөлімі
ІІБ	Ішкі істер басқармасы (жеке аудандар бойынша)
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйымдар



Алғысөз

Құрметті оқырман,

Сіздердің назарларыңызға Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссия хатшысының көмекші кітабын ұсынып отырмыз. Кітаптың негізіне Қазақстанның бес аймағындағы: Ақтөбе, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы және Астана қалаларындағы Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссиялар (КІК) қызметінің негізгі бағыттары, ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің тапсырмасы бойынша «Балалардың құқықтарын қорғау мен мүдделерін қорғау саласындағы Кәмелетке толмағандардың істері мен олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомстволық комиссиялардың қызметінің негізгі бағыттары» ғылыми-әдістемелік құралдарын әзірлеу мен шығару» жобасы аясында жүргізілген зерттеу мен талдау алынған. Комиссия жұмысының тәжірибесін зерттеу негізінде Әлеуметтік зерттеулер институты (ӘЗИ) тобының Комиссия жұмысын зерттеуі нәтижесінде комиссия қызметін жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірленді. ӘЗИ жобалау тобы зерттеулердің бастапқы кезеңінде төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырды:

- Қазақстанның бес аймағында 150 респонденттердің қатысуымен сараптамалық сауалнама жүргізілді;
- жергілікті жерлерде Комиссияның негізгі құжаттары мен БАҚ материалдарына контент-талдау жүргізілді және бұрын жүргізілген зерттеулер мен зерттеу тақырыбы бойынша жүзеге асырылған жобалардың есептеріне қайталама талдау жүргізілді;
- жергілікті жерлерде түрлі деңгейдегі КІК мәжілістеріне қатысты;
- Алматы және Астана қалаларында, сондай-ақ Ақтөбе, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы түрлі деңгейдегі КІК және КТУОБОО жұмыс тәжірибесі зерттелді;
- Алматы қ. қалалық Комиссиясының Алматы қ. және Кентау қ. Девиантты мінез-құлқыты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарындағы (ДМБАБҰ) көшпелі отырыстарына қатысты;
- еліміздің бес аймағындағы КІБ хатшыларымен түрлі деңгейде тереңдетілген сұхбат түріндегі әңгімелер өткізілді;
- Алматы мен Астана қалаларындағы, Ақтөбе, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы КІБ басшыларымен әңгімелер өткізілді.

Бұл кітапты жазу барысында ӘЗИ зерттеу тобына түрлі ұйымдардағы еріптестері тарапынан тұрақты қолдау мен көмек көрсетілді. Бұл кітапты дайындау барысында Г.С. Өміршенованың, К.Т. Мұртазинаның, А.С. Үйсінбековтың, А.Т. Оралбекованың, С.А. Арзанбекованың, С.М. Мұқановтың, Г. Құджақовтың, Б. Қабдолдановтың, Г.Х. Қошқарованың, Г.Н. Тайгокованың, Г.Т. Жұмақұлованың, М.Ж. Өтешқалиеваның, А.А. Тұрсыновтың, О.О. Алдабергеновтің, С.М. Полатовтың, М.А.

Тұрысбекованың, Р.С. Сәрсенованың, С. Қалдығұлованың, К.А. Айдарханованың және С. Жұмағазиналар қатысты.

Зерттеу тобы Ж.К. Жүкеновке, Р.П. Шерге, Г.А. Саймасаеваға, М.Е. Бегалинаға, Ш.Б. Шаймұратоваға және М.Т. Төлеуоваға біздің топтың жұмысының барлық сатыларында ұйымдастыру мәселелерін шешу мен ақпарат жинау үрдісінде тұрақты жәрдем беріп тұрғаны үшін ерекше алғыс айтады. Біз Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның тәжірибесін зерттеу мен осы кітап үшін материал жинауда көмек көрсеткендердің барлығына алғысымызды білдіреміз! Әр адамның көрсеткен көмегі мен ықпалдастығы комиссия хатшысына арналған көмекші кітапты жазуға қосқан қомақты үлесі болып табылады. Осы көмекші кітап көмегімен Сіздің жұмысыңыз тиімді және жемісті болатындығына сенім арттамыз.

Әлеуметтік зерттеулер институтының зерттеу тобы.



1 бөлім

Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат

1.1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдар ішінде Қазақстанда балалар құқықтарын қорғау жөніндегі ұйымдардың дамыған желісі құрылды. Елімізде балалар мүддесін қорғаумен тоғыз мемлекеттік орган айналысады: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ), Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (ҚР ІІМ), Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Спорт және туризм министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі (ҚР МАМ), Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқығы жөніндегі комитетінің 33-ші арнайы сессиясының ұсыныстары негізінде 2006 жылдың қаңтар айында балалардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті** құрылды.

2007 жылдың қаңтарынан бастап ғылыми-зерттеу, ақпараттық-білім беру, мониторингтік және талдау жұмыстарын жүргізу мақсатында **Балалардың құқықтарын қорғау департаменттері** жұмыс істей бастады. Өмірде қиын жағдайға душар болған оқушыларға, студенттерге, ата-аналарға құқықтық, психологиялық көмек көрсету мақсатында балалар құқығын қорғау жөніндегі департаменттер негізінде сенім телефондары құрылды. Департаменттер қызметі ата-аналармен жұмыс істеу, кездесулер өткізу, жалпы мектептік ата-аналар жиналысы, ата-аналарға арналған буклеттер шығару және басқа да көптеген іс-шараларға ерекше назар аударады.

2001 жылы елдің барлық облыстарында облыстық, қалалық және аудандық деңгейлерде көмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия желісі құрылған болатын, 2005 жылы **Көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия** (КІК немесе комиссиялар) болып өзгертілді. 2001 жылы 11 маусымда Үкіметі №789 «Көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы тұрпаттық ережені бекіту туралы» Қаулы (ары қарай - КІК Ережесі) қабылданды.

Ал 2007 жылдың 24 мамырында бұрын құрылған Көмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің **«Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы»** №415 Қаулысын

қабылдаумен толықтырылды (ВАК). Осы ереженің негізінде «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже» (бұдан әрі мәтін бойынша - ВАК ережесі) қабылданды. Үкімет жанындағы Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия (ВАК) кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын ала ескерту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды жасау үшін құрылды.

ВАК құрылғанға дейін, 2004 жылы 9 шілдеде Қазақстан Республикасының №591-II «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын ала ескерту туралы» Заңы қабылданды, ол кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын ала ескерту жөніндегі мемлекеттік органдарының қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін анықтады. Мысалы, ҚР ІІМ облыстық және қалалық деңгейде бірнеше қызметкерлерден жиынтықталған, сондай-ақ аудандарда бір қызметкерден тұратын кәмелетке толмағандар ісі бойынша арнайы бөлімше (КІБ) құрылды.

Баланың үйінен кетіп қалуы немесе оның өміріне қауіп төнген жағдайда отбасынан алып қойғаннан соң, ол **Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталығына** (КТУОБОО) орналастырылады. КТУОБОО желісі арқылы жыл сайын 10000 астам кәмелетке толмағандар өтеді. КТУОБОО Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N708 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігімен 2005 жылғы 17 қаңтарда N 3360 тіркелген «Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтары туралы Ережелер» негізінде жұмыс істейді. КТУОБОО кәмелетке толмағандар үшін қолайлы жағдай жасалған, тәрбие жұмыстарының жоспарлары бар, зардап шеккен балаларды оңалтуға бағытталған шараларды жүзеге асырады. Әрбір орталықта балалардың денсаулық жағдайын тексеріп отыратын психолог және дәрігерлер қызмет істейді.

Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын ала ескерту туралы» Заңның 13 бабының негізінде арнаулы білім беру ұйымдары туралы Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 23 наурызда №3510 тіркелген Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. 2005 жылғы 27 қаңтардағы №42 бұйрығымен бекітілді. Осы құжатқа сәйкес келесі елді мекендерде девиантты мінез-құлықты балаларға арналған сегіз арнаулы білім беру ұйымдары құрылды: Алматы қ., Атырау қ., Ақтау қ., Керней к. (Қарағанды облысы), Қызылорда облысы, Серебрянск қ. (ШҚО), Павлодар қ., Кентау қ. (ОҚО).

Білім беру органдарының мәліметтері бойынша, Қазақстанда ерекше тәртіпте ұстауды қажет ететін балалар мен жеткіншектерге арналған қосымша 2 мектеп жұмыс істейді: Тараз қ. (Жамбыл облысы) және Белоусовка а. (Шығыс Қазақстан облысы, Глубоковский ауданы). Аталған мектептерде 2006 жылы 89 сынып жұмыс істеді, олардың ішінде 22 қазақ тілінде және

67 орыс тілінде оқытатын сыныптар. Бұл сыныптарда 739 бала оқыды: 639 ұлдар және 100 қыздар. 2007 жылы 86 сынып болды, олардың 64 орыс тілінде және 22 қазақ тілінде білім берген. Оқыған оқушылар саны 631 болды: 524 ұлдар мен 107 қыздар. 2008 жылы 73 сынып болды, олардың 56 орыс тілінде және 17 қазақ тілінде білім алды, оларда 551 оқушы оқыды: 442 ұлдар мен 109 қыздар.

2007 жылғы 13 тамызда Үкіметтің селекторлық отырысында хаттамалық шешіміне сәйкес, көмелетке толмағандар арасында жеке-алдын алу жұмыс деңгейін көтеру үшін мектеп инспекторларының лауазымы енгізілді. Мектеп инспекторы қызметіне педагогикалық, психологиялық және заңгерлік білімі бар, алдын ала үш айлық дайындық-нұсқамадан өткен жас адамдар қабылданады. Мектеп инспекторларының қызметі оқушылар арасындағы қылмыстылықты едәуір төмендетуге ықпал етті.

Қазақстан Республикасында 2001 жылдан бастап көмелетке толмағандармен жұмыс әдісін өзгерту мақсатында қылмыстық әділ сот жүйесінде «Қазақстандағы ювеналдық әділет» жобасы бойынша жұмыс жүргізіліп келеді, оның мақсаттары, міндеттері мен ұстанымдары анықталды.

2007 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі Кеңес отырысында Қазақстандағы ювеналдық әділет жүйелерін құру туралы мәселе қарастырылды, онда жалпы ювеналдық әділетті құруда ұсынылатын негізгі тәсілдерге қолдау көрсетілген және мүдделі мемлекеттік органдарға мамандандырылған ювеналдық әділет қызметтерінің үлгілерін жасауды аяқтау ұсынылды.

2008 жылғы 19 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің «2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ювеналдық әділет жүйелерін дамыту Тұжырымдамалары туралы» № 646 Жарлығына қол қойылды. Қазақстандағы ювеналдық әділет келесі мамандандырылған қызметтерден тұрады: ювеналдық полиция, ювеналдық прокуратуралар, ювеналдық соттар, ювеналдық адвокатуралар, ювеналдық қылмыстық-атқарушы инспекциялар, әлеуметтік психологтар мен балалар құқығын қорғау бойынша аймақтық органдар.

Ювеналдық әділеттің құрылымды тұжырымдамасын, соның ішінде әлеуметтік қызмет мекемелерін дамыту арқылы қабылдау, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға, көмелетке толмағандар ортасындағы шиеленістерді төмендетуге және қоғамда болып жатқан үрдістерге белсенді ықпал етуге мүмкіндік береді. ҚР ювеналдық әділет жүйесін дамыту тұжырымдамасы 2008 жылы 18 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің «2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ювеналдық әділет жүйесін дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша шаралар Жоспарын бекіту туралы» №1067 Қаулысымен толықтырылды.

Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына жасалған талдау, көптеген ҮЕҰ жұмысы балалар мен әйелдерге көрсетілетін зорлықтан қорғауға бағытталғанын көрсетеді. ҮЕҰ негізгі жұмысы түрлі ақпараттық материалдарды тарату, шығару, заңдық және психологиялық кеңес беру, телефон арқылы кеңес беру, түрлі тақырыптарда білім беру, тренингтік семинарлар, деңгелек үстелдер ұйымдастырумен байланысты. ҮЕҰ қызметін қаржыландыру қызметін тұрақты және көп жылдық қаржыландыру ұстанымында мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуын қайта қарастыру олардың кадрлық әлеуетін күшейтеді.

1.2. ҚАЗАҚСТАНДА РАТИФИКАЦИЯЛАНҒАН БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

Балалар құқығы жөніндегі сараптамалық қоғамдастық балалар қоғамдағы ең әлсіз топ саналады және олардың толыққанды дамуы үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасайтын арнайы заңдық және әлеуметтік механизмдерді ұдайы қажет ететінін растайды. Олардың қатарына кәмілеттік жасқа толмаған тұлғалардың құқықтары, еркіндіктері мен заңды мүдделерін дұрыс қамтамасыз етудің негізін, тәртібі мен тәсілдерін жеке-жеке реттейтін халықаралық құқықтық актілер жиынтығы жатады.

1989 жылы 20 қарашада қабылданған «Бала құқықтары туралы» Конвенция, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы «Бала құқықтары туралы Конвенцияларды бекіту туралы» Қаулысымен бекітілген. Бұл – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі бекітілген алғашқы халықаралық құжаттардың бірі. 2002 жылдың 8 тамызында «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заң қабылданды, бұл заңға Конвенцияның негізгі ережелері, сондай-ақ қолданыстағы заңнама құрамында бар ережелер кірді. Жаңа енгізілімдер қосымша пайдалану үшін жаңа заңнамалық актілерді қабылдауды талап етті. Қазақстан қосымша халықаралық құжаттарды ратификациялады:

- Бала еңбегінің аса нашар түрлерін жою жөніндегі шұғыл шаралар мен тыйым салу туралы Конвенция, Женева, 1999 жыл 17 маусым. (Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 26 желтоқсандағы Заңымен ратификациялаған);

- Балаларды саудалау, балалар жезөкшелігі мен балалардың арнайы шығармаларына қатысты баланың құқықтары туралы Конвенцияға факультативтік хаттама, Нью-Йорк, 2000 жыл 6 қыркүйек, (Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 шілдедегі Заңымен ратификациялаған);

- Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты баланың құқықтары туралы Конвенцияға факультативтік хаттама, Нью-Йорк, 6 қыркүйек 2000 ж. (Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 шілдедегі Заңымен ратификациялаған);

- Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы Конвенция, Женева, 1930 жылғы 28 маусым (Қазақстан Республикасының 14.12.2000 ж. Заңымен ратификацияланған);

- Жұмысқа қабылдауға арналған ең төменгі жас туралы Конвенция, Женева, 1973 жылғы 6 маусым (Қазақстан Республикасының 14.12.2000 ж. Заңымен ратификацияланған);

- Әйелдерді кемсітудің барлық түрлерін жою туралы Конвенция, 1979 жылғы 18 желтоқсан (ҚР 29.06.1998 ж. қосылу туралы Заңы).

1994 жылы БҰҰ «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы ратификацияланған сәттен бастап, Қазақстан Үкіметі балаларды қорғауға арналған халықаралық құқықтың негізгі ережелерін қолданыстағы заңнамаға имплементациялау бойынша жеткілікті жұмыс жүргізілді. Баланың құқықтық мәртебесі мемлекеттік маңызы бар мәселелер қатарына жатады, бұл Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабында көрсетілген, онда неке мен отбасы, аналық, әкелік және балалық шақ мемлекеттің қорғауында болатындығы туралы айтылған.

1.3. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЗАҢНАМА

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» Заңы;
3. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы;
4. ҚР «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Заңы;
5. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы;
6. ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын ала ескерту туралы» Заңы;
7. ҚР «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және дөрігерлік-педагогикалық түзетушілік қолдау көрсету туралы» Заңы;
8. Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы;
9. ҚР «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы» Заңы;
10. Қазақстан Республикасының «ҚР тұрмыстық қатынастар туралы» Заңы;
11. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы;
12. Қазақстан Республикасының «Азаматтардың репродуктивті құқықтары мен оларды жүзеге асыру кепілдері туралы» Заңы;
13. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 шілдедегі N219-2 «Балаларды саудалау, балалар жезекшелігі мен балалар анайы шығармаларына қатысты баланың құқықтары туралы Конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Заңы;
14. ҚР 2001 ж. 4 шілдедегі N221-2 «Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты баланың құқықтары туралы Конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Заңы;
15. Қазақстан Республикасы Президентінің «ҚР Адам Құқықтары бойынша Уәкілеттік берілген Аппаратты құру туралы» Жарлығы;
16. Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 19 тамыздағы № 646 «2009-2011 жылдарға арналған ҚР ювеналдық әділет жүйелерін дамыту Тұжырымдамалары туралы» Жарлығы;
17. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
18. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
19. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
20. Қазақстан Республикасының ӘҚБТҚ;
21. Қазақстан Республикасының Азаматтық-процессуалдық кодексі;
22. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексі;
23. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 ж. 8 маусымдағы №77-ХІІ «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қаулысы;
24. ҚР Үкіметінің 2002 ж. 12 қарашадағы №1197 «ҚР азаматтары болып табылатын балаларды шетелдіктерге асырап алуға беру ережесін бекіту туралы» Қаулысы;
25. ҚР Жоғарғы соты Пленумының 2000 ж. 22 желтоқсандағы № 17 «Балаларды асырап алу туралы істі қарастыру кезінде неке және отбасы туралы заңнаманы соттармен қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қаулысы;
26. ҚР Жоғарғы соты Пленумының 2000 жылғы 28 сәуірдегі №4 «Балаларды тәрбиелеумен байланысты дауларды шешу кезінде соттармен заңнаманы қолдану туралы» Қаулысы;
27. «ҚР балаларға амбулаторлық-емханалық көмек көрсетуді әрі қарай жетілдіру туралы» Бұйрық;
28. Жетім балалар мен ата-анасының қарауынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметінің тұрпаттық Ережелерін бекіту туралы;
29. «Балалар мен жеткіншектердің жаз кезіндегі демалысын сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру туралы» Үкімет қаулысы;
30. ҚР Үкіметінің «Балалардың міндетті мектеп алдындағы дайындығы мәселелері туралы» Қаулысы;
31. ҚР Жоғарғы сот Пленумының «Балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезіндегі соттармен заңнаманы қолдануы туралы» Қаулысы;
32. «Қылмыс белгілері бар, қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасаған балалар мен жеткіншектерді арнаулы оқу-тәрбие мекемелеріне жіберу тәртібі туралы».



2 бөлім

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАР

2.1. КОМИССИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ: НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

№1-кесте.

№ №	Белгілері	ҚР Үкіметі жанындағы ВАК (ҚР Үкіметі жанындағы Кеңес беру-кеңесу органы)	КІК (комиссия құрамы әкімнің шешімімен бекітіледі)
1	Анықтама	Көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың, құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау проблемаларын кешенді шешуді жүзеге асыруда біртұтас тәсілдер қалыптастыру мақсатында құрылған тұрақты әрекет етуші алқалы орган болып табылады.	
2	Комиссияның ұйымдастырушылық құрылымы	ВАК жұмыс органының функциялары ҚР БҒМ жүктеледі, ол ВАК мәжілістерінің күнтізбесін жасайды; ВАК шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды; ВАК мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмыстарын үйлестіреді.	Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар), аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) комиссия жергілікті атқару органының жанынан құрылады. КІК өз қызметінде жергілікті атқару органының алдында жауапты болады, сондай-ақ жоғары тұрған комиссияның бақылауында болады және есеп береді.
3	Жалпы жағдайы	ҚР Үкіметі жанындағы кеңес беру-кеңесу органы	Тұрақты әрекет етуші алқалы орган
4	Мақсаты	ҚР Үкіметі жанындағы ВАК көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарды, қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және балалар құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар жасау мақсаттарында құрылған.	Көмелетке толмағандардың қылмыстары, құқық бұзушылықтарын және қадағалаусыз қалу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерін кешенді шешуді жүзеге асыруда біртұтас тәсілдер қалыптастыру.

5	Негізгі міндеттері	<p>Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мәселелер, көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу, оларды әлеуметтік оңалту бойынша бағдарламаларды жасау.</p>	<p>Көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен қалпына келтіру, көмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуына, құқық бұзушылықтары мен қоғамға жат қылықтарына себеп болатын жағдайлар мен оның себептерін анықтау мен жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру.</p>
		<p>Мүдделі министрліктер, ведомстволар ұсынған балалардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу.</p>	<p>Мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу, олардың құқықтарын қорғау жөніндегі жүргізген жұмыстары туралы есептерін тыңдайды және олардың арасында жетекшілік ететін мәселелер бойынша өзара ақпарат алмасуды ұйымдастырады.</p>
			<p>Көмелетке толмағандарды АБҰ мен ЕРҰББҰ жіберу мәселелері жөнінде сотқа материалдар дайындауға қатысады.</p> <p>ҚАЖ мекемелерінен босатылған немесе АБҰ мен ЕРҰББҰ оралған көмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру және тұрмыстық жағдайын қалыптастыру, сондай-ақ өмірде қиын жағдайға душар болған көмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту жөніндегі өзге де міндеттерді жүзеге асыруда мүдделі органдардың қызметін үйлестіреді.</p>
6	Мәжіліс өткізу жиілігі	<p>Жарты жылда 1 мәртеден сирек емес Төрағаның шақыруымен кезектен тыс отырыс өткізуге болады.</p>	<p>Айына екі мәртеден сирек емес</p>
7	Мәжіліс кворумы	<p>Оның мүшелерінің үштен екі бөлігінің қатысуы</p>	<p>Оның мүшелерінің жартысынан кем емес</p>


8	Төраға	ВАК қызметіне басшылық жасайды, ВАК отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің жүзеге асырылуын бақылайды және қолданыстағы заңнамаға сәйкес ВАК жүзеге асыратын қызмет үшін, сондай-ақ ВАК жасаған шешімдер мен салааралық, ведомстваралық үйлестіру үшін дербес жауапкершілік атқарады.	Әкімнің орынбасары (сәйкес мемлекеттік органда штаттық лауазым атқарады)
9	Төраға орынбасары	Төраға болмаған кезде оның қызметін орынбасары атқарады.	Білім беру басқармасының бастығы не/немесе аумақтық ішкі істер органы бастығының орынбасары
10	Комиссияның 6-12 мүшелері	ВАК мәжілістеріне ҚР Парламентінің депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық құқық қорғау ұйымдарының өкілдері қатыса алады.	Ішкі істер органдарының, білім және ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау, БАҚ, ҰЕҰ өкілдері. КІК құрамына БАҚ пен ҰЕҰ өкілдері кірген кейбір комиссиялардың оң тәжірибелері олардың жұмысының тиімділігін арттырды.
11	Хатшы	ВАК жұмысын ұйымдастыру, тиісті құжаттарды, материалдарды дайындау және ВАК отырысының хаттамасын ресімдеу. <i>Хатшы ВАК мүшесі болып табылмайды.</i> Ол отырыс басталғанға дейінгі үш күннен кешіктірмей ВАК мүшелеріне барлық қажетті құжаттарды жібереді.	Сәйкес мемлекеттік орган аппаратында штаттық лауазымда қызмет етеді.
12	Шешім қабылдау	Көпшіліктің қарапайым даусымен қабылданады және ұсыныс сипатына ие, хаттамалармен ресімделіп, отырысқа төрағалық етуші тұлға қол қояды.	Отырысқа қатысушы комиссия мүшелерінің көпшілік қарапайым даусымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда КІК мәжілісіне төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
13	Қорытынды құжат	ВАК шешімі	КІК Қаулысы

2.2. ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙЛЕРДЕГІ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

ҚР ҮКІМЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КІК ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



ЖЕРГІЛІКТІ ДЕНГЕЙДЕГІ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҢЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙЛЕРДЕГІ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

№2-кесте

№ №	Ұлттық деңгей	Облыстық деңгей	Қалалық деңгей
1	оның құзырына кіретін мәселелер бойынша көпіндемелер, ұсыныстар жасау;	аудандық комиссия қызметінің бағыты, оларға әдістемелік көмек көрсету;	көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру мен қорғауға ықпал ету;
2	Комиссия міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті, бекітілген заңнамалық тәртіпте мемлекеттік және басқа да ұйымдардан материалдарды сұрату және алу;	көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың денсаулығын сақтау, өмір жағдайын жақсарту, көмелетке толмағандарды тәрбиелеу, білім беру, еңбек және демалыс жағдайы туралы аймақтық бағдарламаларды жасау және өзінің құзыры шегінде олардың жүзеге асырылуын бақылау;	көмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз қалуының және қоғамға жат әрекеттерінің алдын алу жөніндегі комиссияның қызметіне және басқа да мемлекетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзудың анықталған фактілері туралы мүдделі ведомстволарға тұрақты түрде хабарлап отыру;
3	мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панаасыз қалуы алдын ала ескерту және балалар құқығын қорғау бойынша жүргізілген жұмыс туралы есептерін тындау;	көмелетке толмағандардың қылмыстары, құқық бұзушылықтары, қадағалаусыз қалуының және қоғамға жат әрекеттерінің алдын алу жөніндегі аймақтық бағдарламаларды жасауға қатысу;	өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайдағы көмелетке толмағандарды анықтау және оларды әлеуметтік оңалту, көмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ көмелетке толмағандардың қалыпты дене және ізгілікті дамуына теріс әсер беретін немесе оларға қатыгездікпен қарайтын ата-аналарды немесе басқа заңды өкілдерді анықтау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
4	Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзырына жатқызылған нақты проблемалар мен мәселелер бойынша ұсыныстар жасау үшін уақытша немесе тұрақты әрекет етуші жұмыс топтарын ұйымдастыру;	көмелетке толмағандардың қылмыстарының, құқық бұзушылықтарының және қадағалаусыз қалуының алдын алу, олардың туындау себептерін жою, балалар мен жеткіншектерді орналастыру және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша шараларды әзірлеу;	көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу немесе шектеуге байланысты көмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің және басқа тұлғалардың шағымдары мен арыздарын қарастыру;

5	<p>мүдделі мемлекеттік органдар басшыларына көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалулардың алдын алу және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыстардың жағдайы мен көмшіліктері туралы хабарлау (бекітілген тәртіпте);</p>	<p>есеп беретін комиссиялар қабылдаған шешімдер мен қаулылардың негізділігін тексеру. Егер де қабылданған шешім негізсіз деп танылған жағдайда, сәйкес атқару органдары оларды жою туралы ұсыныс жасайды;</p>	<p>белгіленген тәртіпте көмелетке толмағандардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау үшін сотқа шағымданады;</p>
6	<p>жергілікті атқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктер және басқа да ұйымдармен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалулардың алдын алу, бабалар құқықтарын қорғау мәселелерін шешуде өзара ықпалдастық.</p>	<p>комиссия қаулылары мен ұсыныстарында көрсетілген көмшіліктер мен құқық бұзушылықтарды жою туралы шараларды орындамаған немесе қабылдамаған жағдайларда лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіпте енгізу;</p>	<p>қамқоршылық органдарына мемлекет тарапынан көмекті қажет ететін көмелетке толмағандарды қолдау туралы ұсыныстар жасау;</p>
7		<p>көмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз қалуларының және қоғамға жат әрекеттерінің алдын алу жөніндегі жұмыстың жағдайы туралы, сондай-ақ көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуының анықталған фактілері туралы мүдделі органдарға хабарлау;</p>	<p>көмелетке толмағандарды күш көрсету мен психикалық зорлықтан, кемсітушіліктің барлық түрлерінен, нәпсілік және басқалай пайдаланудан, сондай-ақ көмелетке толмағандарды қоғамға жат іс-әрекеттерге тартудан қорғауды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;</p>
8		<p>балаларды тәрбиелеу және білім берумен айналысатын органдар мен ұйымдардың жұмыстарының оң тәжірибелерін көмелетке толмағандардың қылымыстары,</p>	<p>көмелетке толмағандар қылмыстық жауапкершілік жасына толғанға дейін жасаған қылмыс белгілері бар қоғамға қауіпті</p>

		<p>құқық бұзушылықтары мен қадағалаусыз қалудың алдын алу мәселелерін шешуде қорытындылау және тарату, оларға ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;</p>	<p>ерекшеліктерінің фактілері жөніндегі материалдарды қарастыру;</p>
9		<p>көмелетке толмағандардың қылмыстарының, құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз қалуының және басқа қоғамға жат іс-әрекеттерінің алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі мәселелер туралы қоғамдық ұйымдармен, белгіленген тәртіпте әділет және өзге де органдарда тіркелген діни ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен өзара ықпалдастық;</p>	<p>балаларды тәрбиелеу және оқытумен, көмелетке толмағандардың қылмыстарының, құқық бұзушылықтарының және қадағалаусыз қалуларының алдын алумен айналысатын тиісті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ өзінің ұйымдастыру-құқықтық түрінің қандай болғанына қарамастан, аталған саламен айналысатын түрлі ұйымдарға түзету колонияларынан босаған арнаулы білім беру ұйымдарынан оралған, әкімшілік жауапкершілікке тартылған білім беру ұйымдары тарапынан көмек және бақылауды қажет ететін басқа да көмелетке толмағандармен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы ақпараттар жіберу;</p>
10		<p>көмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің және басқа тұлғалардың, көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы немесе шектелуіне байланысты шағымдары мен арыздарын қарастыру;</p>	<p>сәйкес емдеу-алдын алу және оңалту шараларын жүргізу үшін, спирт ішімдіктерді, есірткі құралдары мен психотроптық немесе мадсайтушы заттарды пайдаланатын көмелетке толмағандарға қатысты материалдарды ата-аналарының келісімімен денсаулық сақтау мекемелеріне жіберу;</p>
11		<p>көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін белгіленген тәртіпте сотқа шағымдану;</p>	<p>білім беру ұйымдары әкімшілігінің жалпы білім беру мекемелеріндегі мектеп жасындағы көмелетке толмағандардың ұзақ уақыт бойы мектепке бармауы туралы ұсыныстарын қарастыру;</p>

12	кәмелетке толмағандардың қылмыстар, құқық бұзушылықтар және қоғамға жат іс-әрекеттерді жасауына ықпал еткен жағдайлар мен себептерді анықтау және оларды талдау мен жою туралы шараларды анықтау;	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Ережеде қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте кәмелетке толмағандар және олардың ата-аналарына немесе басқа заңды өкілдеріне ықпал ету шараларын қабылдау;
13	білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, орналастыру салаларындағы заң бұзушылықтарды жою, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы ұсыныс өңдеу жөнінде құзырлы органдарға ұсыныстар жіберу.	арнаулы білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, кәмелетке толмаған тұлғаның аталған мекемеде болу мерзімін бұрын тоқтатуға байланысты, сондай-ақ кәмелетке толмаған тұлғаның қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері бар әрекеттерді жасаған жағдайында осы мекемеде болу мерзімін ұзартуға байланысты мәселелер бойынша немесе аталған мекемеде болуы үшін заңнамада анықталған жасқа жетуіне байланысты оны басқа арнаулы білім беру ұйымына ауыстыру жөнінде, сондай-ақ кәмелетке толмаған тұлғаның немесе оның заңды өкілінің қолдау хаты бойынша оның ісін сотқа тапсыруға дайындау;
14		жазаны атқарып отырған мекеме әкімшілігінің ұсынысын қарастыру бойынша кәмелетке толмағанның құқығының өкілі ретінде сот ісіне қатысу, кәмелетке толмаған сотталушының жазасын өтеуден шартты мерзімінен бұрын босату немесе оның жазасының өтелмеген бөлігін жазалаудың неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы кәмелетке толмағандардың құқықтарының өкілі ретінде қатысу;

15	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте көмелетке толмағандарды тәрбиелеу, білім беру, асырау, денсаулығын қорғау және құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалу жағдайларын зерттеу мақсатымен көмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтары, білім беру және мәдениет ұйымдары, көмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу колониялары, арнаулы білім беру ұйымдары, сондай-ақ сәйкес аумақтарда орналасқан арнаулы білім беру ұйымдарын аралау. Көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделері, сондай-ақ асырау, білім беру және тәрбиелеу жағдайларында бұзушылықтар анықталған жағдайда оларды жою бойынша ұсыныстар жасау;</p>
16	<p>қандай да болсын меншік түрлеріндегі білім беру ұйымдарында көмелетке толмағандармен жүргізілетін тәрбие, құқықтық, білім беру және сауықтыру жұмыстарының жағдайын зерттеу.</p>

2.3. МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАРАСТЫРУ ЖӘНЕ КОМИССИЯ МӘЖІЛІСІН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Республикалық маңызы бар қалалар (астаналар), аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) әкімшілігі жанындағы комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасымен өз құзырына жататын кәмелетке толмағандардың ісін қарастырады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді: 1) мамандандырылған әкімшілік соттардың судьялары және 2) Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 қаңтардағы N123¹ «ҚР Кодексіне әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы өзгертулер мен толықтыру енгізу туралы» Заңына сәйкес, әкімшілік Кодекспен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары қарастырады.

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының құзырына жатады. Егер комиссия әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарастыру процесінде комиссия қылмыс белгілерін анықтаса, онда ол тиісті ақпаратты ішкі істер органдарына жібереді.

Комиссияның кәмелетке толмағанның, оның ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдеріне қатысты материалдарды комиссияның қарастыру шарттары:

- кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің жазбаша шағымы;
- комиссия мүшелерінің жеке бастамасы бойынша;
- азаматтардың ақпараттары бойынша;
- білім беру ұйымдарының ұсыныстары бойынша, сондай-ақ ұйымдас-тырушылық-құқықтық түрлері қандай да болсын ұйымдардың өтініштері бойынша;
- қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа толғанға дейін қоғамға қауіпті әрекет жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты ішкі істер органдары немесе прокуратура материалдары бойынша.

А. ҚҰЖАТТАРДЫ АЛДЫН АЛА ДАЯРЛАУ

Комиссия хатшысы құжаттарды дайындау жұмысын жүргізеді. Комиссия төрағасы немесе оның тапсырмасымен комиссия төрағасының орынбасары құжаттармен алдын ала танысуы тиіс. Комиссияның қарауына түскен материалдармен алдын ала танысу үрдісінде негізгі шарттардың орындалу барысы анықталады:

- аталған материалдарды қарастыру оның құзырына жататындығы;
- комиссия мәжілісіне шақыртылуы тиіс тұлғалар;
- материалдарды дұрыс және уақытылы қарастыру үшін маңызы бар жағдайларға қосымша тексеру жүргізу қажеттігі, сондай-ақ қосымша материалдарды талап ету.

¹ Мамандандырылған әкімшілік соттардың ведомствосына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, егер сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында құрылмаған болса, аудандық (қалалық) соттар қарастыруға құқылы.

Материалдарды алдын ала зерттеу нәтижелері бойынша, комиссия келесі шешімдерді қабылдауға құқылы:

➤ материалдарды қарастыруға тағайындау және комиссия отырысының болатын күні мен орны туралы көмелетке толмаған тұлғаға, оның ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне, отырысқа қатысуға міндетті деп танылған басқа тұлғаларға хабарлауға;

➤ түскен материалдардағы мәліметтерге тексеруді жүргізуге немесе оны жүргізуді тиісті мамандарға тапсыруға;

➤ комиссия отырысында қарастырылуы тиіс мәселелердің негізі бойынша көмелетке толмаған тұлғаның, оның ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің қолдау хаттарын қарастыруға;

Ереженің 16 тармағында қарастырылғандай комиссия отырысына көмелетке толмаған тұлғаның келуін қамтамасыз ету бойынша шара қабылдауға.

Отырыс басталғанға дейін, көмелетке толмағанда мен олардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдері мен қорғаушыларына комиссия дайындаған материалдармен танысу құқығы берілген. Берілген тармақта көрсетілген тұлғалардың материалдармен танысу құқығы комиссия отырысына шақыру туралы шақырту қағазында түсіндіріледі. Комиссияның алған материалдарды қарастыру мерзімі – олардың комиссияға түскен күнінен бастап он бес күн.

Құжаттарды алдын ала даярлау

Түскен істерді зерттеп, әрбір жеке көмелетке толмаған тұлға жөнінде алынған ақпараттарды мұқият тексергеннен кейін КІК хатшысы келесі құжаттарды дайындайды:

1. КІК мүшелерінің тізімін жасайды (тізім үлгісі №1 қосымшада берілген);
2. шақырылған тұлғалар тізімін жасайды;
3. КІК төрағасымен келісе отырып, күн тәртібін жасайды;
4. қажет болған жағдайда болатын КІК отырысы туралы БАҚ ақпарат беру үшін баспасөз хабарламасын дайындайды (*№2 қосымшаны қара*);
5. КІК отырысының бағдарламасын ресімдейді (*№3 қосымшаны қара*);
6. КІК отырысы басталуына дейін 3 күн қалған мерзім ішінде кешіктірмей, КІК кезекті отырысының қатысушыларына факс, телефон арқылы, пошта немесе электронды пошта арқылы ақпараттар жібереді;
7. алда болатын отырыста істері қаралатын көмелетке толмағандар туралы материалдар жинайды;
8. қаулы жобаларды (*№7 қосымша қараңыз*), ювеналдық сотқа ұсыныстарды (*№8 қосымша қара*), талап шағымдарды (*№9 қосымша қараңыз*), қорытындылар (*№10 қосымша қараңыз*) мен №11-17 қосымшаларға сәйкес басқа да құжаттарды жинайды және/немесе ресімдейді.

Комиссия отырысына қатысушы тұлғалардың қатысуын қамтамасыз ету

Көмелетке толмаған тұлғаның комиссия отырысына келуін қамтамасыз ету ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдеріне, не ол тәрбиеленіп жатқан білім беру ұйымының әкімшілігіне жүктеледі, олар өз кезегінде

аталған мәселелер бойынша жазбаша міндеттеме береді. Комиссия отырысына себепсіз жағдайлармен келмей қалған жағдайда кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне ескерте отырып:

➤ он төрт жасқа толған, қоғамға қауіпті әрекеттер жасаған кәмелетке толмағандарды;

➤ он алты жасқа толған, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмағандарды мәжбүрлеп алып келу жүзеге асырылады;

➤ кәмелетке толмағандар қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік басталатын жасқа толмаған жағдайда, олардың заңды өкілдері мәжбүрлеп әкелінуі тиіс.

Б. КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗУ

Комиссия отырысы қажетіне қарай, бірақ **айына екі мәртеден сирек кемес** өткізіледі және ашық түрде болады. КІК отырыстары арасындағы бұл мерзім тиімді болып саналады және комиссия мүшелеріне келіп түскен істерді мұқият қарауға себін тигізеді. Кәмелетке толмағандар, олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері туралы ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында комиссия қарастырылатын материалдардың сипатын ескере отырып, іске қатысы бар тұлғалардың өтініші бойынша **жабық отырыс өткізу туралы уәжделген қаулы қабылдай** алады. Егерде мұндай қажеттілік туындаған жағдайда немесе КІК жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылданса, хатшы мұндай ұсынысты алдын ала дайындауы қажет. КІК хатшысы ата-аналардан немесе заңды өкілдерден жазбаша өтініш алуы тиіс. Егер жабық отырыс туралы бастама КІК ішінен шыққан болса, онда бұл шешімге хаттама жасайды және дауысқа салынады. БАҚ, қоғамдық ұйымдар немесе басқа да тексеру органдары тарапынан түсінбеушіліктер туындамау үшін мұндай шешім алдын ала қабылдануы тиіс.

Қажетті жағдайларда комиссия істері қарастырылатын тұлғалардың оқу, жұмыс немесе тұрғылықты жерлерінде көшпелі отырыстарды өткізе алады. Тәжірибе КІК көшпелі отырыстарының жоғары тиімділігін көрсетеді.

КІК кәмелетке толмаған тұлғаға қатысты материалдарды тек кәмелетке толмаған тұлғаның өзінің және оның ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қатысуымен ғана қарастырады. Кәмелетке толмаған тұлғаның қалауы бойынша комиссия жұмысына оның қорғаушысының қатысуына рұқсат беріледі. Комиссия отырысында кәмелетке толмаған тұлғаға жағымсыз әсер етуі мүмкін жағдайларды тексеру барысында комиссия оны отырыс залынан шығарып жіберу құқына ие, бұл туралы комиссия отырысының хаттамасында жазылады.

Комиссия отырысын өткізу күні, орны және уақыты туралы міндетті түрде прокурорға хабарлау керек. Қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа жеткенге дейін қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған кәмелетке толмаған тұлғаға қатысты материалдарды қарастыру кезінде отырысқа прокурор шақырылады. Қазақстандағы КІК тәжірибесі прокурорлардың комиссияның барлық дерлік отырысына қатысатындығын көрсетеді,

бұл олардың арасындағы өзара ықпалдастықтың дұрыс жолға қойылғандығын көрсетеді.

Төрағалық етуші тұлға қандай материалдар қарастырылатындығын комиссия отырысының бас кезінде жариялайды, отырысқа қатысатын тұлғаларды таныстырады. Осыдан кейін қажетті құжаттар жарияланады, келіп түскен материалдар, сондай-ақ негізді шешімдерді қабылдау үшін маңызы бар жағдайлар зерттеледі, қолдаухаттар қарастырылады, отырысқа қатысушы тұлғалардың сөздері тыңдалады.

Кәмелетке толмаған тұлға, оның ата-анасы немесе басқа заңды өкілдері, қорғаушысы, материалдарды қарастыруға қатысатын мамандар, сондай-ақ кәмелетке толмаған тұлғаға және оның заңды өкілдеріне қатысты ұсыныспен комиссияға жүгінген тұлғалар қарастырылатын материалдардың негізі бойынша қолдаухаттар жасауы мүмкін. Ұсынылған қолдаухаттарды қарастыру нәтижесі **комиссия отырысының хаттамасына** енгізіледі. Қолдаухат – бұл бір жақты жазбаша түрде жазылған ресми өтініш. Комиссия мәжілісінің хаттамасы төменде берілген 2.3.3. т. сәйкес ресімделеді.

2.3.1. Комиссия қаулысы (№7 қосымша)

Кәмелетке толмаған тұлға, оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдеріне қатысты материалдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарының, құқық бұзушылықтарының және қадағалаусыз қалуының алдын алуы үшін жауапкершілік атқаратын білім беру ұйымдары мен органдарының ұсыныстары, ұйымдастыру-құқықтық түрлері әртүрлі ұйымдардың мәлімдемелерін, азаматтардың ақпараттарын қарастыру нәтижелері бойынша комиссия төменде берілген шешім баяндалған **қаулы** қабылдайды:

➤ берілген КІК Ережесінің 10 тармағымен қарастырылған кәмелетке толмаған тұлғаны орналастыру туралы анықталған тәртіпте шара қабылдау туралы;

➤ берілген КІК Ережесінің 11 және 12 тармақтарымен қарастырылған ықпал ету шараларын қолдану туралы;

➤ дайындалып жатқан не жасалған қылмыс туралы ақпаратты ішкі істер органдарына жіберу туралы.

Комиссия қаулысы отырысқа қатысушы комиссия мүшелерінің көпшілік қарапайым дауысымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда, комиссия отырысына төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия қаулысында келесі тармақтар көрсетіледі:

- комиссияның атауы мен жеке құрамы;
- комиссия отырысының өтетін күні мен орны;
- материалдары қарастырылып жатқан тұлғаға қатысты мәліметтер;
- материалдарды қарастыру барысында анықталған жағдайлар;
- негізінде шешім қабылданған дәлелдемелер;
- кәмелетке толмаған тұлғаның құқық бұзушылық үшін жауапкершілігін қарастыратын немесе құқына кепілдік беретін нормативтік құқықтық акті;

- комиссия қабылдаған шешім;
- кәмелетке толмаған тұлғаға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі комиссия ұсынған шаралар, көмек көрсетуге тапсырма берілген органдар немесе тұлғалар;
- аталған қаулыға шағымданудың мерзімдері мен тәртібін түсіндіру туралы мәліметтер.

Төрағалық етуші тұлға мен оның жауапты хатшының қолдары қойылған комиссия қаулысы комиссия мәжілісінде жарияланады және ол шағымдану үшін белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін заңды күшіне енеді.

Комиссия қаулысы сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдастырушылық-құқықтық түрлері әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға орындалу үшін жіберіледі. Комиссия қаулысын орындамаған жағдайда Қазақстан заңнамасымен көрсетілген жауапкершілікке тартылады.

2.3.2. Комиссия ұсынысы (№8 қосымшаны қара)

Егер де материалдарды қарастыру барысында кәмелетке толмағандардың қылмыс, құқық бұзушылық, қоғамға қарсы әрекеттерді жасауларына және қадағалаусыз қалуларына, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына себін тигізетін жағдайлар мен себептер анықталатын жағдайда, комиссия мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен ұйымдастырушылық-құқықтық түрлері әртүрлі ұйымдарға оларды жою туралы сәйкес **ұсыныстар** береді.

Осы тармақта көрсетілген органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғалары, комиссия ұсынысын алған күннен бастап бір ай мерзім ішінде оны қарастыруға және кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзушылықтарын жою бойынша қабылданған шаралар туралы хабарлауға міндетті.

2.3.3. Комиссия отырысының хаттамасы

Комиссия отырысында комиссияның жауапты хатшысы **хаттама** жүргізеді, бұл хаттамада:

- комиссия атауы мен жеке құрамы;
- комиссия отырысының өтетін күні мен орны;
- қарастырылатын материалдардың мазмұны;
- материалдары қарастырылатын тұлғаның тегі мен аты-жөні және екесінің аты, туған күні мен жері, тұрғылықты жері, сондай-ақ материалдарды қарастыру үшін маңызы бар басқа да мәліметтер;
- комиссия отырысына қатысатын тұлғалардың келуі мен олардың құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіру туралы мәліметтер;
- комиссия мәжілісіне қатысушы тұлғалардың түсініктемелері;
- материалдарды қарастыру барысында зерттелген құжаттар мен айғақтық заттар;
- ұсынылған қолдау хаттар және оларды қарастыру нәтижелері;

➤ комиссия отырысында қабылданған қаулылар немесе ұсыныстарды жариялау туралы мәліметтер;

➤ қабылданған қаулыларға немесе ұсыныстарға шағымдану мерзімі мен тәртібін түсіндіру туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Комиссия отырысының хаттамасына төрағалық етуші тұлға мен оның хатшысы қол қояды. Комиссия хатшысы хаттамалар мәтінін сандық тасымалдағыштарда сақтайды, ал басылып шығарылған түрін «Комиссия отырысының хаттамалары» папкасына тігеді.

2.3.4. ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ІСТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫН САҚТАУ

Кәмелетке толмағандардың қылмыс, құқық бұзушылық, қоғамға қарсы әрекеттерді жасауына, сондай-ақ қадағалаусыз қалуына себін тигізетін жағдайлар мен себептерді жою жөніндегі жұмыстарды зерттеу мақсатында комиссия отырыстарда қарастырылған барлық істерді есепке алу мен сақтауды ұйымдастырады, аталмыш есептің мәліметтерін өзінің аумақтық қатыстылығы шегінде қорытындылайды. Кейбір комиссиялардың тәжірибелері, КІК материалдарын әрбір жеке жағдай бойынша жеке тігілген және нөмірленген түрде сақтау қолайлы болып табылатындығын көрсетеді. Құжаттарды сақтаудың мұндай түрі қажетті құжаттарды іздеу мен оған мүдделі ұйымдар мен тұлғалардың қол жетімділігін жеңілдетеді.

2.3.5. КОМИССИЯ ҚАУЛЫЛАРЫНА НЕМЕСЕ ҰСЫНЫСТАРЫНА ШАҒЫМДАНУ

Тұлға, оның заңды өкілдері, сондай-ақ зардап шегуші қарастырылған материалдар бойынша комиссия қабылданған қаулы немесе ұсыныстар жөнінде сотқа немесе жоғары тұрған комиссияға шағымдануы мүмкін.

Көрсетілген мерзімде шағым беру тиісті қаулының немесе ұсыныстың орындалуын тоқтатады.

Комиссия қаулыларына немесе ұсыныстары жөнінде сотқа шағымдану мерзімдері мен тәртібі қазақстандық заңнамаға сәйкес анықталады.

Қазақстанның заңнамасымен анықталған тәртіпте прокурор комиссия қаулысына немесе ұсынысына наразылық білдіруі мүмкін.

Комиссиялар Тұрпаттық ережелердің 7-бабында көрсетілген *алты негізгі ұстанымда* жұмыс істейтіндігін әрқашан есте сақтау керек:

- заңдылық;
- кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау;
- кәмелетке толмағандарға, ата-аналарына немесе оның заңды өкілдеріне құрметпен қарау;
- кәмелетке толмағандар, ата-аналары немесе оның заңды өкілдері туралы ақпараттардың құпиялылығы;
- кәмелетке толмаған баланың ата-анасымен және өзге де заңды өкілдерімен оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша өзара қарым-қатынас жасау;
- кәмелетке толмаған тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар мен азаматтардың жауапкершілігі.



3 бөлім

Комиссия хатшыларына көмек ретіндегі практикалық материалдар

3.1. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ТҰЛҒАНЫҢ ЗАҢДЫ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ

ЗАҢ АСПЕКТІСІ

Кәмелетке толмағандар деген кімдер? Бұл терминді этимологиялық тұрғыдан - «кәмелеттік» жасқа толмаған адам деп түсіндіруге болады. Яғни, белгілі бір жас кезеңіне жетпеген тұлға. Және бұл кезеңнің шегі түрлі тарихи кезеңдер мен түрлі елдерде әртүрлі болды. Көптеген елдерде кәмелетке 18 жаста толады. Ал кейбір елдерде – кәмелеттік жас 21 жас болып табылады. Кәмелетке толмаған деп 18 жасқа толмаған баланы айтуға болады. Қай жастан басталады деген сауалдың туындауы заңды да. Үш жаста да, бес жаста да, тіпті он жастағы баланы кәмелетке толмаған деп айтуға бола ма?

«Кәмелетке толмаған» деген ұғым көп жағдайда заң терминологиясында қолданылады және қылмыстық жауапкершілік туындайтын жаспен байланыстырылады. Бұл жағдайда да бұл шек түрлі елдерде әртүрлі болады. Мысалы, Ұлыбританияда қылмыстық жауапкершілік 10 жастан басталады, Польшада - 13 жастан. Ресей мен Қазақстанда 14 жастан басталады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 78-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандар деп «қылмыс жасаған уақытында он төрт жасқа толған, бірақ әлі он сегізге толмаған тұлғалар танылады» [43, 48 б.].

Осындай анықтамаға сәйкес, кәмелетке толмаған деп, 14 жастан 18 жасқа дейінгі баланы айтуға болады. Алайда 14* жасқа толмаған балалар да құқық бұзушылық жасайды. Егер бала 11-12 жаста болса және ол құқық бұзушылықты жасаса, онда ол қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Бірақ бұл жағдайда ол кәмелетке толмаған деп есептелуі мүмкін бе?

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Психологиялық тұрғыдан қарағанда кәмелетке толмаған деген кім? «Кәмелетке толмаған» санатына 14-тен 18-дейінгі жас аралығы жатады, ал бұл жас ауқымы екі жас кезеңдерінің – жеткіншек (орта мектеп) және жасөспірім (жоғары мектеп) жасының ауысуымен сипатталады.

*2009 жылы ҚР ИІМ ҚР ҚК өзгертулер енгізіледі: қылмыстық жауапкершілік басталатын жас 14 жастан 16 жасқа дейін көтеріледі.

ЖЕТКІНШЕК ЖАСЫ (11-15 ЖАС)

Әдебиетте адам өміріндегі бұл жас кезеңі түрлі атаулармен сипатталады: жеткіншектік, өтпелі кезең, пубертальды, пубертантты кезең, жасөспірім, жыныстық жетілу жасының қолайсыз фазасы, екінші рет кіндік кесу жасы. Түрлі атаулар жеткіншектің өміріндегі болатын өзгерістердің алуан жақтарын көрсетеді.

ЖЕТКІНШЕК ЖАСЫНЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жеткіншек кезеңінің биологиялық мағынасы пубертантты кезең немесе жетілу кезеңі ретінде анықталады. Қалыпты физикалық пубертанттылық кезеңінің басталуының төменгі шегі 11-12 жасқа, жоғарғы шегі 17-18 жасқа жатады. Дәстүрлі түрде (Ш. Бюлерден кейін) пубертант кезеңінің екі басты фазасын атап өтуге болады – теріс фаза және позитивті фаза (жастық шақ).

Жеткіншек тулаған гормондардың құрбаны болып табыла ма? Г. Крайг гормонды дағдарыстың жалпы эмоционалды көрінуін атап өтеді [18, 566 б.].

Иә	Жоқ
Көңіл-күйдің жиі өзгеруі: <ul style="list-style-type: none">• торығу;• мазасыздық және зейіннің нашар шоғырлануы;• тітіркенушілік;• импульсивтілік;• алаңдаушылық;• агрессия және проблемалы мінез-құлық.	Жеткіншектің күйіне көптеген басқа да факторлар әсер етеді: <ul style="list-style-type: none">• отбасылық қарым-қатынастар;• жеткіншектер ортасындағы мәртебесі;• академиялық жетістіктерінің деңгейі;• ұзақ мерзімді болашақты құру қабілеті және т.б.

ЖЕТКІНШЕК ДАҒДАРЫСЫ

12-14 жаста көптеген балалардың психологиялық дамуында «жеткіншек дағдарысы» деген атпен белгілі өтпелі сәт басталады. Жеткіншек дағдарысының белгілері:

- тіл алмаушылық дүмпуі,
- дерекілік,
- қырсықтық;
- тұйықтық;
- дәлелсіз ересектерге қарсы тұру;
- мұғалімдерге қатысты теріс қылық;
- ересектердің ескертулерін елемей;
- құрбыларының арасына сіңісе алмау жағдайын қатты уайымдау,
- белгісіз жарқын болашаққа деген үміт;
- өз тәуелсіздігін көрсететін, материалдық мүдделерге жақындығын көрсететін дәрекі қимыл.

Көптеген психологтардың пікірінше, жеткіншек дағдарысы жеткіншектердің өзін жеке тұлға ретінде тану қабілеті мен қажеттілігінің

туындауы сипатты белгісі болып табылатын, өзін-өзі танудың жаңа деңгейінің пайда болуына байланысты. Бұл жеткіншектің өзін-өзі қалыптастыру, өзін-өзі таныту және өзін-өзі тәрбиелеуге деген ұмтылысынан көрініс табады.

Өзіндік сана-сезімді дамыту механизмі **рефлексия** болып табылады. Жеткіншектер өздерінің теріс мінездерінің теріс бітістеріне сыни көзбен қарайды, басқа адамдармен өзара қарым-қатынастар жасау мен достасуға кедергі келтіретін мінез бітістері үшін уайымдайды. Мінез-құлықтарының теріс сипаттары туралы мұғалімдердің ескертулерінен кейін бұл күйзелістер күшейе түседі. Бұл ашу-ыза мен кикілжіңдерге әкеліп соғады. (www.sunhome.ru/psychology).

Жеткіншек жасының дамуының әлеуметтік жағдаяты

Дамудың әлеуметтік жағдаяты тәуелді балалық шақтан дербес және жауапты ересек өміріне өту кезеңін білдіреді. Жеткіншек балалық шақпен ересектілік арасындағы аралықты алады. Жеткіншек – сәби емес, бірақ әлі де ересек емес. Бұл аралық ұстаным бірқатар келеңсіздіктерге әкеліп соғады. Жеткіншек кезеңіндегі дамудың әлеуметтік жағдаяты алдыңғы кезеңдегі жетекші оқу қызметі ересектер әлеміндегі және қоғамдық қатынастар құрылымындағы өз орнын анықтауға, әлеуметтік өзін-өзі анықтауына бағытталған қызметпен ауыстырылады.

Жеткіншек жасының негізгі орталық жаңа түзілімдері

- Өзін-өзі қалыптастыру қажеттілігі.
- Өзіндік сана-сезімді дамыту.
- «Біз» -тұжырымдамасының қалыптасуы.
- Референттік топты қалыптастыру.
- Ересектік сезімі.
- Ата-аналарынан эмансипация.
- Оқуға деген жаңа қатынас.
- Құндылықтарды қайта бағалау.
- Автономды мораль.

Жеткіншек тұлғасының бағыттылығы

- Ізгілік бағыттылығы – жеткіншектің өзіне және қоғамға деген қатынасы жағымды.
- Өзімшілдік бағыттылығы – қоғамға қарағанда оның өзі неғұрлым мәнді болып табылады.
- Торығушылық бағыттылығы – ол өзі үшін ешқандай құны жоқ. Оның қоғамға деген қатынасын шартты жағымды деп атауға болады.
- Өзіне-өзі қол жұмсаушылық бағыттылығы – қоғам да, өз тұлғасы да өзі үшін ешқандай құндылыққа ие емес [19].
- Жеткіншектік жаста түрлі қызығушылықтар пайда болады. Неғұрлым айқын көрінгендері **доминанталар** деп аталады:
- «менмендік доминантасы» – жеткіншектің өз тұлғасына деген қызығушылығы;

- «қашықтық доминантасы» – жеткіншектің өзі үшін жақын, ағымдағы, бүгінгіге қарағанда, неғұрлым субъективті жарамды, кең, үлкен ауқымды белгілеуі;
- «жігер доминантасы» – кей кездері қырсықтық, бұзықтық, тәрбиелік беделге қарсы күрес түрінде көрінетін, жеткіншектің қарсылыққа, жеңіп шығуға, жігерлілікке деген қызығушылығы;
- «қиялшылдық доминантасы» – белгісіздікке, тәуекелділікке, қызықты оқиғаларға, батырлыққа деген қызығушылығы [19.].

АТА-АНАЛАРМЕН ҚАТЫНАСТАР

Есею кезеңіндегі ата-аналарымен өзара қарым-қатынас аясы маңызды болып қалады және тұлғаның қалыптасуына күшті ықпал етеді. Ересек жеткіншектер алғаш рет «ата-аналарына басқа қырынан таниды» және оларға тым жоғары талаптар қоя бастайды.

Жеткіншектер ата-аналарын өздерінің қазіргі күні мен болашағын қамтамасыз етуші адамдар ретінде қабылдайды. Осыған байланысты жеткіншектер өздерінің ата-аналарына деген қарым-қатынастарына, екесінің әлеуметтік мәртбесі мен анасымен өзара түсіністігіне өте эмоционалды және қызығушылықпен қарайды. Алайда өзара қарым-қатынас үрдісі бір жақты бағыттылыққа ие – жеткіншектер ата-аналарының көңіл аударуын, түсіністікпен қарауын, ынталандыруды талап етеді. Ата-аналар жеке мәселелерін «өздері шешсін», жеткіншек мұндай шешімдердің табыстылығын ғана бағалайды. Ата-аналарын түсінуге, бірдеңе беруге, «өзімен ой бөлісуге» деген дайындығы жоқ. Көп жағдайларда, өз белсенділігін түсіре отырып, тек ата-анадан «алу» ғана емес, «беру» бағдары да болады.

Жеткіншектің жасында отбасына, жалпы, ата-аналарына деген қарым-қатынас келесі бағыттарда өзгереді:

1. Ересектердің әрекет түрлеріне және бағдарларына, құндылықтарына қарсы ықпал мен сың, күдік көрініс табады.
2. Отбасымен эмоционалды байланыстар әлсірейді.
3. Бағдар алу мен сәйкестену үлгісі ретіндегі ата-аналары екінші орынға түседі.
4. Жалпы алғанда отбасы ықпалы төмендейді, бірақ та, негізінен, ол маңызды референттік топ болып қалады.

Жеткіншектердің ересектерге теріс қарым-қатынасының түрлері. Кіші жеткіншектің жаста ересектермен қарым-қатынас жүйесіндегі өз орнына қанағаттанбаушылықтың орнын толтыру жолдары мынадай: қалаған қарым-қатынас құндылықтарын төмендетуге деген талпыныс; орнын ауыстыратын қызметке деген талпыныс; қиял-ғажайып бейнелер әлеміне ену; агрессия немесе қарым-қатынастан бұлтару түріндегі фрустрация.

Ересек жеткіншектер үшін ересектерге деген теріс қатынастарының келесі оппозиция реакциясы (жағымсыз сипаттағы көрнекі әрекеттер), бас тарту реакциясы (талаптарға бағынбау), оқшаулау реакциясы (жағымсыз байланыстардан қашуға талпыныс) секілді түрлері тән.

ҚҰРДАСТАРЫМЕН ҚАРЫМ ҚАТЫНАСТАР

Жеткіншектің жалпы уәждемесі қарым-қатынаспен араласады. Мұнда даулар туындайды, құндылықтарды қайта бағалау жүзеге асырылады, өзін-өзі қалыптастыруға деген ұмтылысты мойындау қанағаттандырылады. Қарым-қатынастағы доминантты қажеттілік келесі түрде тұжырымдалады: «Қарым-қатынас жасауға үйрену», «бір бірін жақсы түсінуге үйрену». Құрдастары қауіпсіздік пен қолдау көзі ретінде қарастырылады.

Құрдастармен қарым-қатынас уәждемелерінің келесі динамикасы байқалады:

12-13 жаста жеткіншек құрдастарының ортасында белгілі бір орынды алғаны маңызды. Жас жеткіншектердің қарым-қатынастары оқу мен мінез-құлық үрдістері айналасына шоғырланады - жақсы оқитын және өзін дұрыс ұстайтын жеткіншек құрбылары арасындағы көшбасшы болып табылады, жағымды бейне жетекші болып саналады.

14-15 жаста ұжымдағы автономияға ұмтылыс және құрдастарының көз алдында жеке тұлғасының құндылықтарын тану ізденісі басым болады. Қарым-қатынас мазмұны тұлғалық қарым-қатынасқа, жеке тұлғалылыққа бағытталады – «қызықты», «күшті», «ерекше» тұлға неғұрлым тартымды болады. Көптеген жеткіншектерде өз ортасында елеулі болудың фрустрациялы қажеттілігі болады [15].

Жасөспірім жасы (15-18 жас)**Жасөспірім жасының физиологиялық ерекшеліктері**

Соңғы жеткіншек кезеңі мен жасөспірім шақ жыныстық жетілумен сипатталады. Бұл кезеңде ағзаның қарқынды гормонды қайта құрылуы байқалады, екінші жыныстық белгілері мен жыныстық кемелденудің ерекше белгілері көріне бастайды.

Дамудың әлеуметтік жағдаяты

Дамудың әлеуметтік жағдаяты, бірінші кезекте, жоғары сынып оқушысының дербес өмір табалдырығына аяқ басу алдында тұруымен сипатталады. Оның алдында еңбек қызметі жолына шығу және өмірдегі өз орнын табу мүмкіндігі күтіп тұр. Осыған байланысты жоғары сынып оқушысына қойылатын талаптар мен олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы жүзеге асатын жағдайлар өзгереді: ол еңбек етуге; отбасылық өмірге; азаматтық міндеттерін орындауға дайын болуы тиіс [15].

Жоғары сынып оқушыларының психологиялық дамуының негізінде кәсіби өзін-өзі тануы тұрады.

Жасөспірім кезеңі мәні білім беру жүйесі мен есею жүйесінің ажырауы, алшақтауы болып табылатын дағдарыстың болуымен сипатталады.

Жеткіншек жасымен салыстырғанда жасөспірім жасы өзін-өзі бақылау мен өзіндік реттеу деңгейінің артуымен сипатталады. Сондай-ақ, бұл кезеңге өсіп келе жатқан адамға шексіз көңіл көтеруден мұңаюға дейін өзгеретін көңіл-күдің өзгергіштігі және кезекпен болатын көреғар сапалар қатарының үйлесімділігі тән [44].

ОРТАЛЫҚ ЖАҢА ТҮЗІЛІМДЕР [32]

- кәсіби өзін-өзі анықтау;
- жеке сәйкестікті, жеке өзіндік теңдік сезімін қалыптастыру (Э. Эриксон);
- дүниетанымның қалыптасуы;
- өмірлік жоспарларын қалыптастыру.

Жастың жағымсыз факторларының бірі оның жасына тән емес мінез-құлықта көрінетін инфантильдік болып табылады. Бұл - қатерлі фактор болып табылатын өте аңқау және балаға тән мінез-құлық. Кейде ата-аналар баласын әлі есейіп үлгереді, әзірше балалық шақта бола тұрсын деп те ойлайды. Ал адам болса есейе келе, жауапкершілікті өзі арқаламай, оны басқаларға жүктей отырып, өмірге қадам басады [30].

ЕРЕСЕКТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Ересектермен қарым-қатынас аса күрделі қалыптасады. Жоғары сынып оқушылары ересектермен, ата-аналарымен қарым-қатынасты өздері үшін маңызды деп есептейді.

Олармен қарым-қатынастағы қалаулы тақырыптар: болашақ мамандықты таңдау; қоршаған ортамен қарым-қатынас; оқу істері; мораль мәселелері; өзі туралы және өзінің өткені, қазіргі кезі және болашағы туралы (өзін-өзі билеудің түрлі аспектілері).

Бұл жастағы ересектермен, соның ішінде мұғаліммен сенімді қарым-қатынастың болмауы - жоғары сынып оқушыларының басынан кешіретін алаңдаушылықтың басты себептерінің бірі болып табылады. Олар өздерінің жеке істеріне араласқанды, әсіресе мәжбүрленгенді ұнатпайды, бірақ көмек әдепті түрде болса, оған риза болады.

Аталмыш жастағы алаңдаушылықтың негізі болып табылатын жағдайлардың үш түрі белгілі:

- 1) мектеппен, мұғалімдермен қарым-қатынасқа байланысты жағдайлар;
- 2) өзі туралы ұғымды өзектілендіретін жағдайлар;
- 3) қарым-қатынас жағдайлары [15].

Осылайша, тәуелсіздікке деген ашық ұмтылыста ата-аналарымен терең байланыс және олардың тарапынан психологиялық қолдауға деген қажеттілік сақталады.

ҚҰРДАСТАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Адам үшін жасөспірім шақта қарым-қатынасқа деген келесі қажеттіліктер тән:

- қарқынды дене және ақыл дамуы әлемге деген қызығушылықтың кеңеюіне әкеледі;
- жаңа тәжірибеге, танымға және қорғалушылыққа деген қажеттілік еседі: адамдармен жайлы қарым-қатынас, қабылдау және мойындау қажеттілігі.

Жоғары сынып оқушыларының өмірінде қарым-қатынас маңызды орынға ғана ие болып қоймай, олар үшін дербес құндылық болып табылады. Қарым-қатынас уақыты жұмыс күндері 3-4 сағатқа, демалыс

және мереке күндері 7-9 сағатқа артады. Географиясы мен әлеуметтік ауқымы кеңейеді: жоғары сынып оқушыларының жақын достары арасында басқа мектептің оқушылары, студенттер, әскери қызметкерлер, жұмыс істейтін адамдар болады.

ЖЕТКІНШЕК ЖАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(<http://www.clean-noyabrsk.ru/Rodit001.htm>)

1. Жеткіншек жасының қарама-қайшылығы, баланың ересектердің жауапкершіліктерін мойындарына алмай, ересек мәртебесі мен ересектердің мүмкіндіктеріне қол жеткізуіне ұмтылуынан көрінеді.

2. Жеткіншек ата-анасының бағасы мен өмірлік тәжірибесінің дұрыстығын түсініп тұрса да, оны жиі қабылдаудан бас тартады. Ол өзінің жеке бірегей және қайталанбас тәжірибесін алып, өз қатесін жіберіп, осы жіберген қатесі арқылы үйренгісі келеді.

3. Аталған жас үшін өзінің жеткіншектер ортасындағы жеке еңбегін мойындауға ұмтылысы сипатты.

4. Жеткіншек жеке басының мәселесінің және уайымының бірегейлігіне нық сенеді, бұл жалғыздық пен жабырқаулық сезімін тудырады.

5. Жеке басының жалғыздығымен күресе отырып, мәселенің күрделілігін сезінген жеткіншек өзі сияқтыларды іздей бастайды. Осылайша, жастар жиіны құрылады және ересектер әлеміне пара-пар жеткіншектердің субмәдениеті қалыптасады.

6. Жастар ортасындағы жеткіншекте «Біз-тұжырымдамасы» қалыптасады. Бір жағынан, бұл топты жұмылдыратын нәрсе: ортақ мақсаттар, мүдделер, міндеттер. Екінші жағынан, айналасындағы әлем «өзіміздікі» мен «басқалардікіне» бөлінеді, ал бұл топтар арасындағы қарым-қатынастар кейде тым қарама-қайшылықты болады.

7. Жеткіншектің «Біз-тұжырымдамасының» қалыптасуы жеткіншек өмірінде референттік топтың немесе топтардың пайда болуына көпір болып табылады. (Жеткіншек қабылдайтын және түсінетін және ол үшін маңызды болып табылатын пікірді бөлісетін топ референттік топ деп аталады).

8. Оқу қызметі мен мектеп басты және ең маңызды міндет болудан қалады. Құрдастарымен интимдік-тұлғалық қарым-қатынас жетекші қызметке айналады.

9. Жеткіншек жасында нақты ойлау логикалылықпен ауыстырылатындықтан, ақыл-ой жұмысының өнімділігі төмендейді.

10. Жеткіншек үшін логикалық ойлау механизмі сыншылдықтың өсуімен түсіндіріледі. Ол ересектердің қағидатын сеніммен қабылдамайды, ол дәлелдер мен негіздемелерді талап етеді.

11. Сыншылдықтың өсуі толық негативизмге әкеледі. Көбіне бұл негативизм жеткіншек үшін даулы, стрессті және эмоционалды жағдайларда қолданылады. Тек 20% жеткіншектерде ғана негативизмнің дағдарысты көріністері толығымен жоқ.

12. Жеткіншектік жасы үшін жеке тұлғаны іздеуге, өзін-өзі зерттеу және өзін-өзі талдау бағыты сипатты болады. Жеткіншек өз ойын білдіргісі келеді, тіпті өзіне өзі білдірсе де (күнделіктер).

13. Бұл кезеңде басқалар мен өзін-өзі терең түсінуге мүмкіндік беретін, әлеуметтік қатынастардың іштей игерілген тәжірибесі ретінде өзіндік сана-сезімнің өсуі жүзеге асады.

14. Есеюдің бастамасы сыртқы механизм (еліктеу механизмі) бойынша жүзеге асырылады. Мен ересек секілді боламын – ойын – ересектердің сыртқы қасиеттерің, мәнерің, әдеттерің, мінез-құлық мәнерің, яғни есеюдің сыртқы атрибутикаларын көшіру. Бұл мағынада оған идеал болатын тұлға ерекше мәнге ие болады. Ол үшін ата-ана емес, басқа маңызды ересек идеал болатынын ата-аналарға ескерткім келеді.

15. Жеткіншек жастардың қосалқы мәдениетінде қабылданған сәнге және идеалдарға ілесуге ұмтылады: салмақ, бой, бұлшық еттер және т.б. Олардың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдары орасан зор әсер етеді.

16. Бала мәні бойынша емес, түрі бойынша нәпсіліктің ересек таптаурынына еліктейді, сол себепті де, қыздар арасында «Еліктіру өнері» немесе «Қалай батыл әйел болуға болады» секілді әдебиеттер кең тараған. Қыздар үшін еліктеу үлгісі отбасында қалыптасатын құндылықтар жүйесіне байланысты. Мұның «сұлу» болуы міндетті емес, бұл ерлер таптаурынына неғұрлым жақын «бизнес вумэн» стилі болуы да мүмкін. Ол әрқашанда тамаша, естен тандыраарлықтай көрінеді, оның «мұндай ақымақтықтармен» ісі жоқ.

17. Ерлердің идеалы көбіне күшті насихаттайтын, төзімді, батыл, нағыз достық құндылығын уағыздайтын супер батыр болады, яғни қазіргі заман батыры.

18. Егер мәнді ересек жеткіншекті өзінің басты көмекшісі ретінде бағаласа, бұл оның өзін-өзі бағалау деңгейін арттырады.

3.2. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазіргі таңда барлық дамыған елдерде балалық шақ мәселесі басты назарда болып отыр. Бізді аумақтық және әлеуметтік-құқықтық, гео-саяси және тілдік шекаралар бөліп жатыр. Әйтсе де балаларға қатысты саясат бірдей болуы тиіс. Жер шарының кез келген жерінде балалардың бақытты балалық шағы мен құқықтарының қорғалуына құқықтары бар.

Теріс, құқыққа қарсы мінез-құлық мәселесінің де шегі жоқ. Және де бұл мәселе жаһандық-құрлықтық болып табылады. Дүние жүзіндегі көптеген елдерде заңға қайшы проблемалары бар жеткіншектер және балалармен жұмыс бойынша мол тәжірибе жинақталған. Ювеналдық әділет жүйесі, сынау қызметі, қатерлі топтың балаларымен жұмыс бойынша комиссиялар, балалар мен жеткіншектерді қайта әлеуметтендіру бойынша комитеттер және т.б.

Бұл тәжірибе қажетті және пайдалы. Біздің пікірімізше, қоғамның негізгі міндеті – бұл балалар мен жеткіншектер арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу. «Емдегеннен» гөрі «алдын алған» әрдайым тиімдірек емес пе. Өмірде қиын жағдайға душар болғандар; қатерлі топтар; теріс мінез-құлықты (девиантты) балалармен алдын алу, диагностикалық және түзету шараларын жүргізу жүйесін жасау қажет. Дамыған елдердің тәжірибесінде бізді көбіне аталған топ балаларымен және жеткіншектерімен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби құралдары қызықтырады.

ФРАНЦИЯ

1945 ж. – Ордонанс (әділ соттың ювеналдық жүйесі) қабылданды. 1958 ж. 23 желтоқсанда – Декрет қабылданды. 1974 ж. – көмелетке толу жасы 12 жастан 18 жасқа дейін түсірілді.

Ордонанстың негізгі ұстанымдары:

(1) Жазалау шараларынан бұрын тәрбиелеу шараларына артықшылық беру ұстанымы. (2) Бұл – көмелетке толмаған құқық бұзушының психологиясымен, тұлғасымен жете танысу. (3) Тек көмелетке толмағандардың істерімен ғана айналысуы тиіс соттардың мамандануы.

1958 ж. қабылданған Декреттің негізінде қарастырылды:

(1) егер де мүмкін болған жағдайда, баланы отбасында, ата-анасымен немесе әжесі және атасымен қалдыру қажеттілігі; (2) тағайындалған жазаға отбасының келісімін алу қажеттігі. Осы мақсатта ата-аналарды судьяның ресми қабылдауына шақыру жүзеге асырылады; (3) баланың қалыпты тұрғылықты орнын айыру қажеттігі туындаған жағдайда, судья оның тәрбиесін сеніп тапсыра алады; (4) отбасының басқа мүшесіне немесе сенім білдіруге тұрарлық үшінші тұлғаға; (5) дәрігерлік немесе тәрбиелік сипаттағы, әдеттегі немесе мамандандырылған қызметке немесе мекемеге; (6) балалық шаққа әлеуметтік көмек көрсету қызметіне.

Францияда Әділет министрлігі басқармаларының бірі болып табылатын жастарды заңды қорғау – ЖЗҚ басқармасы әрекет етеді. ЖЗҚ басты міндеті – құқық бұзушылықтардың алдын алу, көмелетке толмағандардың тәрбиесі мен жаңа құқық бұзушылықтардың жасалуының алдын алу. Бұл құрылым құқық бұзушылықты жасаған немесе қауіп төнген көмелетке толмағандарды, сондай-ақ әлеуметтік проблемалары бар 21 жасқа толмаған көмелетке толғандарды тәрбиелеу және оқыту мәселелерімен айналысады. Сонымен қатар ЖЗҚ жастардың заңды қорғау қызметтерінің өкімшілік, қаржылық және педагогикалық қызметтерін бақылау функциясын жүзеге асырады.

ЖЗҚ қызметінің құрылымы

➤ Сот жанындағы тәрбие қызметтері. Олар сотта орналасады. Осы қызметтің тәрбиешілері көмелетке толмағандармен, олардың отбасымен кездеседі, көмелетке толмағандардың жағдайын зерттеумен айналысады, тәрбие бағдарларын анықтау бойынша жұмыс жүргізеді және бас бостандығынан айыруға балама шаралар ұсынады. Егер бас бостандығынан айыру туралы жаза шығарылса, бұл қызметтің тәрбиешілері пенитенциар мекемелердің әлеуметтік-тәрбиелік қызметтерімен ынтымақтастықта жұмыс істейді. Бұл қызмет көмелетке толмағанға қолданылатын шартты жазалау, заңды бақылау, қоғамдық жұмыстар, түзету жұмыстары секілді шараларды атқарады және ашық қоғамда тәрбиелеу секілді шараны сирек атқарады.

➤ Тәрбие жұмысының орталығы (панажай, жатақхана). Соттың шешімі бойынша отбасында бола алмайтын, құқық бұзушылық жасаған немесе басына қауіп төнген көмелетке толмағандарды қабылдайды. Тәрбиешілер тобы баланы тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған жеке бағдарлама жасайды, оған қажетті сабақтар жасалады. Бұл орталықтар қала ішінде орналасады. Мектептермен, әлеуметтік-тәрбиелеу қызметтерімен бірлесіп жұмыс істейді.

➤ Күндізгі орталықтар көмелетке толмағандарға білім беру және олардың кәсіби дайындығымен айналысады. Оқу орындарымен, психологтармен және әлеуметтік қызметкерлермен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

➤ Ашық қоғамдағы тәрбие қызметі. Бұл қызметтің тәрбиешілерінің негізгі міндеті – өз отбасында өмір сүретін (яғни ажыратылмаған) көмелетке толмағандардың түрлі қызметінде, оның мектепте білім алуына, кәсіби қызметіне, мәдени дамуы мен спортта және т.б., яғни күнделікті өміріне көмек көрсету. Сонымен қатар көмелетке толмағандардың отбасымен жұмыс жүргізілетінін де атап өту керек. Ашық қоғам тәрбиешілері әлеуметтік сауалнама жасаумен де айналысуы мүмкін, сондай-ақ олар шартты жазалау, заңды бақылау, қоғамдық жұмыс және қалпына келтіру жұмыстары секілді шараларды жүзеге асырады.

➤ Жабық түрдегі тәрбие орталығы. Күрделі проблемалары бар көмелетке толмағандарды бірнеше айға қабылдайды. Тәрбиешілері көмелетке толмағандармен тұрақты түрде бірге тұрады және олардың мінез-құлқына ұдайы бақылау жасайды. Алдыңғы аталып өткен қызметтердің функцияларына ұқсас түрлі тәрбие жұмыстары да жүзеге

асырылады, бірақ бұл орталықтардың негізгі міндеті – жеткіншектер өміріндегі қарым-қатынастарды қалыпқа келтіруге, қоғамдық ережелерді құрметтеуді үйренуге, басқаларды құрметтеуді үйренуге мүмкіндік беру.

➤ Дереву орналастыру орталықтары. Кәмелетке толмағандарды 3 айдан 4 айға дейінгі кезеңге қабылдайды. Бірден орналастырады және кәмелетке толмағандарды қоғамнан оқшаулауы тиіс. Неғұрлым ұзақ мерзімге есептелген тәрбие жұмысы жүргізіледі.

ШВЕЦИЯ

Швециядағы әлеуметтік қызметкердің негізгі мақсаты – кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алу мен болдырмау. Швецияда кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен әлеуметтік жұмыс келесі ерекшеліктерге ие: (1) кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен жұмыс істейтін әлеуметтік қызметке жоғары өкілеттіктер жүктелген және қоғам алдында зор жауапкершілікке ие; (2) әлеуметтік қызметкердің ресми мәртебесі өте жоғары, ал кәсібі беделді; (3) Швецияда әлеуметтік қызмет муниципальді болып табылады. Бұл мамандардың нақты жеткіншекке оның тұрғылықты орнында әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетуіне мүмкіндік береді. Бұл болса кәмелетке толмағанға көрсетілген әлеуметтік көмекті уақытылы, мекен жайында және неғұрлым тиімді етеді, себебі жеткіншектің жеке ерекшеліктері мен оның отбасының ерекшеліктері ескеріледі; (4) әлеуметтік қызмет полицияға немесе сотқа тәуелсіз болып табылады (тығыз ынтымақтастыққа қарамастан). Аталған контексте кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін сақтау кепілдігі туралы айтуға болады. Мұндай тәуелсіздік жеткіншек тарапынан әлеуметтік қызметкерге сенім білдірудің жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді.

ПОЛЬША

Заңнама

➤ Кәмелетке толмағандардың ісін қарастыру рәсімі туралы заң (Juvenile Procedures Act) 1982 ж.;

➤ Қылмыстар мен кішігірім құқық бұзушылықтар туралы заң (Criminal Law and Petit Offences Act).

➤ Польшада отбасылық сот 1978 ж. енгізілген. Ол ата-аналары мен балалардың арасындағы және ерлі-зайыптылардың арасындағы қатынастарды, психикалық ауытқушылығы бар тұлғаларды мәжбүрлі емдеу және кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың істерімен байланысты мәселелерді қарастырады. Отбасылық соттар әрбір ауданда жергілікті деңгейде ұсынылады.

Польшада дауыс беру құқығына ие болу жасы 18 жастан, қылмыстық жауапкершілік 13 жастан басталады. Қылмыстық құқық саласында құқық бұзушылық жасаған 13-17 жастағы жеткіншектер кәмелетке толмағандар болып саналады және сотқа тартылмайды. Егер жеткіншек 15 жасқа толған болса және ол ауыр қылмыс жасаса (кісі өлтіру, зорлық, лаңкестік акт) іс жалпы юрисдикцияның қылмыстық сотында қарастырылады. Әр істі қарастыру барысында жеткіншектің жеке тұлғалық қасиеттері және

оның кемелдену дәрежесі ескеріледі. Кәмететке толмағандардың барлық басқа істері отбасылық соттарда қарастырылады.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІЛ СОТ ЖҮЙЕСІ

Отбасылық сот жеткіншекке әсер етудің келесі шараларын тағайындай алады:

сөгіс; түрлі сипаттағы шектеулер; залалды өтеу; баланың мінез-құлқы туралы сотқа тұрақты хабарлап отыруға міндетті ата-аналары тарапынан бақылау (тәжірибеде мұндай шара тиімсіз болып шықты); балалармен жұмыс істейтін ұйымның немесе жауапты тұлғаның тарапынан бақылау; кәмететке толмағандармен жұмыс жөніндегі отбасылық сот қызметкері – куратордың тарапынан бақылау; «куратор орталығына» бару (бұл балалар мектептен кейін бірнеше сағат өткізетін күндізгі панажай тәріздес); тәрбие орталығында (балалар үйінде) ұстау. Ол жерге жетімдер немесе ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған балалар жіберіледі. Мұндай орталықтар Әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігінің қарамағына жатады; әлеуметтік тәрбие орталықтарында ұстау (Әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігі). Бұл орталықтардағы тәртіп неғұрлым қатаң, оған «қиын» жеткіншектерді жібереді; психикалық ауытқулары бар 13-17 жастағы кәмететке толмаған құқық бұзушыларға арналған мамандандырылған орталықтары болады; түзету орталықтарында (Әділет министрлігі) ұстау; бұл – 17 және одан үлкен жастағы жастарға ең қатаң жаза. Түзету орталықтары тәртіптің қаталдығы бойынша ашық, жартылай ашық және жабық түрдегі орталықтарға бөлінеді. Жабық түрдегі орталықтарда қоғам үшін ерекше қауіп төндіретін және ашық және жартылай ашық режим орталықтарынан қашқан жас адамдар ұсталады; белгілі бір мерзімге (мәселен, 2 жыл) үкімнің орындалуын кейінге қалдырған шартты жазалау.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Польшада балалармен жұмыс істеуде психологтардың, әлеуметтік қызметкерлердің жеткілікті мол тәжірибесі жинақталған. Заңға қайшылық әрекет жасаған балалармен жұмыс істеуге кураторлар (педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар немесе заңгерлер) тартылады. Кураторлар түрлі құрылымдар: мектептер, отбасы, әлеуметтік қызмет, полиция, медициналық мекемелер арасында үйлесімділік байланысын жүзеге асырады.

Куратор (судья көмекшісі) лауазымы Польшада 1920 ж. енгізілген. Қазіргі кезде Польшада 3600 астам кураторлар бар. 2000 мүшеден тұратын Кураторлар қауымдастығы әрекет етеді. Педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар немесе заңгерлер куратор бола алады. Үміткерлердің жасы 24 аспауы керек, аталған салаларда 5 жылдық жоғары білімі (магистр дәрежесі) болуы және арнайы дайындық курсынан өтуі тиіс.

КУРАТОРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ:

Жеткіншектің отбасына бару, жеткіншекпен және отбасы мүшелерімен әңгімелесу; мектепке, жеткіншектің жұмыс орнына бару; судьяның тап-

сырысы бойынша жеткіншек тұлғасы және отбасы жағдайы туралы есеп жасау; түрлі құрылымдар: мектеп, отбасы, әлеуметтік қызмет, полиция, медициналық мекемелер арасында үйлесімділік байланысты жүзеге асыру.

Польшада кураторлардың қызметінен басқа әлеуметтік қызметтер жүйесі тиімді әрекет етеді. Әлеуметтік қызметкерлер қатерлі топтағы жеткіншектерге әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетеді. Әлеуметтік қызметкердің жұмысына: қызығушылықтар бойынша клубтар мен секциялардың сабақтарына қатысу, мұғалімдермен және ата-аналармен еңгімелесу кіреді. Мұндай әлеуметтік қызметтің мақсаты жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

АҚШ

Профилактика

АҚШ-та балаларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетудің жеткілікті мөлшерде мол тәжірибесі жинақталған. АҚШ-та қатерлі топтағы жеткіншектермен және көмелетке толмаған құқық бұзушылармен әлеуметтік жұмыс бірқатар бағдарламалар негізінде құрылады: полицияның базалық бағдарламалары; көмелетке толмағандардың ісі бойынша соттардың базалық бағдарламалары; мектептердің базалық бағдарламалары.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Балаларға әлеуметтік көмек көрсететін арнайы мекемелердің жұмысын ұйымдастыру түрлері (жеткілікті қамтамасыз етілмеген отбасылары үшін тегін): ата-аналар үшін арнайы кәсіби оқыту топтарын ұйымдастыру, еңбекпен қамтамасыз ету бойынша көмек көрсету; ата-аналары күндізгі және кешкі уақытта жұмыс істейтін балаларды қарауды қамтамасыз ету; қалалық денсаулық орталықтары жанынан күйеуі жоқ аналар үшін қызметтер құру; зорлық көрген балаларды қорғау қызметтерін құру және қолдау көрсету; балалар үйін құру және тексеру, асырап алушы отбасылармен жұмыс, баланың жаңа отбасына бейімделуін бақылау; әлеуметтік қызметтердің балаларға білім алуда көмек көрсетуін, ата-аналарға үй шаруашылығын жүргізуде көмек көрсетуді дамыту.

АҚШ-та басқа да бірқатар батыс елдердегідей, үйлерінен қашып кеткен және баспанасыз балалармен келесі жұмыстар жүргізіледі: панажайлар мен жатақханалар жұмыс істейді; жеке және топтық кеңес берулер жүргізіледі; баланы отбасына қайтару мақсатында ата-аналарымен еңгіме жүргізіледі; балаларымен қайта қосылған отбасыларына көмек көрсетіледі және т.б.; «сенім телефондары» қызметтері құрылады.

Мектептегі әлеуметтік қызметкердің негізгі қызметі - қиын жағдайларға ұшыраған балаларды әлеуметтік-психологиялық көмекпен қамтамасыз ету. Бұл оқушылардың өзімен, отбасымен, мектеппен және әлеуметтік ортасымен өзара ықпалдастығы арқылы жүзеге асырылады.

Мектептегі әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметіне үйді аралау; жеке және топтық кеңес беру; дағдарыс жағдайында жаңашылдық (делдалдық); тәрбиеленушіні бақылау, оны қорғау; бала-ата-ана қатынастарын талдау; кесте жасауда көмек көрсету жатады.

3.3. ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

№3-кесте.

№ №	Өлшемдер	ФРАНЦИЯ	ШВЕЦИЯ	ВЕНГРИЯ	ПОЛЬША	АҚШ
1	2	3	4	5	6	7
1	О м б у д с м е н н і ң ұлттық атауы	Делдал	Әділет Омбудсмені (Justitie Åmbudsmannen) және Балалар мен жас адамдар істері бойынша Омбудсмен	Парламенттік уәкілетті комиссар	Балалардың ісі бойынша Омбудсмен Бюро	Омбудсмен
2	Омбудсмен институтын құру тарихы	Үкімет енгізген 1972 жылғы үдетілген парламенттік пікір-сайыстан кейін, 03.01.73 ж. заң қабылданды. Балалар істері бойынша Омбудсмен болып 2000 жылы мамырда Француз Республикасының Президенті тағайындалды.	1809 ж. Конституция бойынша Justitieombudsmannen (әділет омбудсмені) институты енгізілді. Ол бұрынғы корольға бағынатын және оның шенеунігі болып табылатын Әділет Канцлерінен бөлініп шығарылды. 01.07.1993 жылы балалар істері бойынша алғашқы омбудсмен құрылды.	П а р л а м е н т 2001 жылы Парламенттік уәкілетті комиссарды сайлады. Комиссардың бас орынбасары бар.	Польша Конституциясына 1997 жылы балалар ісі бойынша Омбудсменді тағайындау үшін құқықтық негізді қамтамасыз ететін реттеу қосылды (72 б., 4 тармақ). 06.01.2000ж. Парламенттік таңдауларда Балалар ісі бойынша Омбудсмен институтын құру туралы заң қабылданды.	Федералдық Омбудсмен идеясы қабылданбады, бірақ ол келесі бірқатар штаттарда пайда болды: Гавай (1967), Небраска (1969), Айова (1972), Нью-Джерси (1974) және Аляска (1975).

Кесте «Бала құқын сақтау мониторингі. Балалар құқын сақтау мониторингі, олардан түскен шағымдардың қарастыру және балаға кешенді көмек көрсету мақсатында басқа органдармен қарастыруға беру бойынша жаттықтырушыларға арналған басшылық.» © ЮНИСЕФ, Қазақстан 2007. © Адам құқықтары мен демократия бойынша Еуропалық Бастама Комиссиясы EID/HR/2005/110-891, Қазақстан, Астана, 2007. кітабы негізінде жасалды

1	2	3	4	5	6	7
3	<p>Омбудсменді сайлау (тағайындау), өкілеттік мерзімі және қызметтен кетуі</p>	<p>«Делдал алты жыл мерзімге Министрлер Кеңесінің жарлығымен тағайындалды» (Заң, 2 бап). Қайта сайлауға болмайды, сотпен құдаланбайды.</p>	<p>Парламент тағайындайды, яғни құрамы омбудсменнің партиялық әділетсіздікті болдырмау үшін мұқият қалыптастырылатын арнайы құрылған Рикстаг комиссиясымен сайланады. Төрт жылға тағайындалады. Балалар ісі бойынша алғашқы Омбудсмен 01.07.1993 ж. тағайындалды.</p>		<p>Офисті құру күні: 2000 жыл 6 қаңтар.</p>	<p>Штат Омбудсмені: Гавай, Небраска, Айова, Аляска және Нью-Джерси штаттарында легисла-тура тағайындайды және оған есеп береді. Басқа қалған штаттарда штат губернатор тағайындайды, саяси факторларға тәуелді болады және омбудсменнің бас-тапқы ұғымына ғана қатысты жауап береді. Мәселен, Нью-Мексикода, омбудсмен лауазымын вице-губарнатор атқаруы тиіс. Үш мертеге дейін қайта сайлану мүмкіндігімен үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге сайланады.</p>

1								7
4	Омбудсмен құзыретінің аясы	Делдалдың тергеу аясы мекеменің құқықтық немесе әкімшілік құрылымы мен фамдық қызмет функциясының жүктелуімен анықталады.	Балалар ісі жөніндегі Омбудсмен балалар құқығын қорғау туралы заңның орындалуына бақылау жүргізуді жүзеге асырады. Алайда балалар құқығы бойынша омбудсмен басқа билік органдарын бақыламайды және заңға сәйкес жеке істерді қарауға араласа алмайды.	Тек Парламент алдында ғана жауапкершілікке ие арнайы уәкілеттік берілгендер немесе комиссарлар. 30 күн ішінде іс жүргізуді аяқтау туралы ереже тергеуге қатысты емес.	Қызмет адресатуры - ол төмендегілер туралы сұраным жауап сайтын меілеттік органдар, ұйымдар мен мекемелер: сот мұрағаттары мен құжаттарына рұқсат туралы түсініктемелер мен ақпараттар беру; өздерінің құзыры шегінде балалардың мүддесінде шаралар қабылдау туралы.	Штат Омбудсмені: Әкімшіліктің азаматтарға қатысты әрекеттерін бақылау. Құзырлық аясынан әділ сот органдары, заңнамалық жиналыс, губернатор және оның жұмыс аппараты, сондай-ақ, үкімет бөлімшелері мен мекемелері алынып тасталынады.		
5	Омбудсменге қол жеткізу	Тек жеке тұлғалар ғана. Бұл жағдайда азамат шағымға дейін тікелей әкімшіліктің тиісті мекемесі мен байланысуы тиіс. Өз бастамасы бойынша әрекет ету құқығы жоқ.	Кез келген адам жеке хабарласа алады. Балалар Омбудсменмен пошта арқылы, қоңырау шалу немесе вебсайт көмегімен байланыса алады. Ол балалардан жылына екі рет балалардың құқығын қорғау мәселелері бойынша сауалнама сұрақтарына жауап алады.	Балалар комиссиясымен пошта арқылы хабарласа алады, қоңырау шалады немесе вебсайт арқылы байланыса алады.		Штат Омбудсмені: Тікелей қатынаудың классикалық сұлбасы, тараптардың қолдау хаттары бойынша да, өз бастамасы бойынша да тергеу жүргізу.		

1	2	3	4	5	6	7
6	Омбудсмен өкілеттіктері	Сын құқына, кенес құқына, тәртіптік немесе қылмыстық жаза құқына, жариялылық құқына, кепілдеме мен ұсыныс құқына ие. Баяндамаларда нақты аттары аталмайды. Жоғары тұрған шенеуніктің рұқсатымен, барлығы ол сұраған құжаттарды беруге міндетті. Аппарат 14 қызметкерден тұрады.	Лауазымды тұлғаны сотқа беру; оны қылмыстық тәртіпте айып тақпай ескерту; оған жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар беру; мемлекеттік органдарға заңнаманы жетілдіру жөнінде хабарласу; мемлекеттік органдардан ақпараттар сұрау; мемлекеттік органдарды талқылауларға тарту құқықтарына ие.	Клиенттерге олардың шағымдарының тіркелетіндігі мен оларға нөмір берілетіндігі туралы хабарлайды. Содан кейін шағымның тіркеу нөміріне сәйкес, олар өздерінің сұранымдарына телефон арқылы жауап ала алады. 2003 жылдан бастап істі қарау жағдайы туралы ақпаратты үкімет порталы арқылы немесе кеңсе вебсайты арқылы алуға болады. Комиссарлардың есептерін алу мүмкіндігі де бар.	Ол органдарға хабарласып, заңнамалық бастаманы қабылдау туралы ұсыныс беріп, басқа құқықтық реттеулерді өзгерте алады. Ол балалардың жалғалардың дамы туралы ақпарат беріп, нақты шешімдер ұсына алады; бала құқығының және оның тұрмыс жағдайының бұзылуына ерекше назар аудара отырып, нақты шаралар қабылдайды.	Ол балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуы мүмкін үеу мен жеке тұлғалардың әрекеттерін бақылау құқығына ие.



4 бөлім

Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері

2009 жылдың көктемінде ӘЗИ Қазақстанның бес аймағында: Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Алматы және Астана қалаларында әлеуметтік зерттеулер жүргізді. Зерттеу тақырыбы біздің еліміздегі түрлі жас топтарының респонденттерінің балалардың құқықтарын қорғау мәселесіне көзқарасын зерттеу болып табылды. Зерттеудің басты құралы ретінде мектеп оқушылары, халық және сарапшылар арасында сауалнама жүргізу алынды. Сауалнаманың үш түрі жасалды: оқушылар үшін (500 респондент), халық үшін (ата-аналар, мектеп жасындағы балалары бар 24 жастан 49 жасқа дейінгі тұлғалар арасында жүргізілді; 500 респондент) және сарапшылар (150 респондент) үшін. Зерттеу негізі ретінде мектеп оқушыларына арналған сауалнама алынды.

Сауалнама мазмұны шартты түрде бөлімдерге бөлінді, оларға берілетін жауаптар жағдайды талдауға негіз болды. Ал сұрақтар мен оларды құрастыру респонденттердің барлық үш санатының жауаптары арасындағы байланысты факторлық талдау мен бақылау жүргізуге мүмкін болатындай жасалған. Бұл бөлімде тек кейбір бөлімдердің ғана қысқаша сипаттамасы берілген.

«Бала құқықтарын қорғайтын заңдар» бөлімі

Бұл бөлімнің сұрақтары респонденттердің дүние жүзіндегі және Қазақстандағы бала құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттардың мазмұнын білу деңгейін анықтауға бағытталған. Бөлімде үш сұрақ берілген, олар барлық сауалнамаларда қайталанады.

«Балаларға қатыгездікпен қарау себептері» бөлімі

Бұл бөлімде сарапшыларға арналған сауалнама бар. Сәйкес сұрақтар, біріншіден, сарапшының кәсіби қызметінде неғұрлым жиі кездесетін балаларға қатыгездікпен қараудың түрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, ересектердің түрлі санаты тарапынан қатыгездікпен қарау жағдайларының жиілігі бойынша жауаптарды қарастырады: ата-аналардың, педагогтардың, туыстарының, құқық қорғау органдарының өкілдерінің және т.б. Бөлім 3 сұрақтан тұрады.

«Балаларға қатыгездікпен қараудан және нәпсілік пайдаланудан қорғау» бөлімі

Бұл бөлім мектеп оқушылары мен сарапшыларға арналған сауалнамаларда ғана берілген. Респонденттердің жауаптары бала үшін жауапкершіліктің бірінші кезектілігі, сарапшының өмір сүру аймағындағы баланы және оның дамуын қорғау инфрақұрылымы туралы, сондай-ақ балаларға қатыгездікпен қарау жағдайында кімге және нақты кім хабарласатындығы туралы сарапшылардың пікірін анықтауға мүмкіндік

береді. Балаларға арналған сауалнамада бұл бөлімнің жауаптарында мектеп оқушыларының қиын жағдайларда көмек алу үшін қайда бара алатындығы және өзін-өзі қорғау мәселелері мен қиын өмір жағдайларында өздерін ұстай алулары бойынша ақпарат көздері туралы білімдерін көрсетеді. Мектеп оқушыларына арналған сауалнамада 3 сұрақ бар, ал сарапшыларға арналған сауалнамада – 5 сұрақ.

Сауалнамаларда салыстырмалы талдау жасалған сәйкес келетін сұрақтар болды. Төменде өзара сәйкес келетін сұрақтарға бірнеше мысалдар берілген және олардың мақсаттары сипатталған. Мысалы:

➤ *Сіз баланың құқықтарымен қайда таныстыңыз? Мақсаты:* респонденттің балалар құқықтарымен танысу көздерін анықтау.

➤ *Сіз «Мен ... мазмұнымен таныспын» деп қандай дәрежеде айта алар едіңіз. Сарапшыларға арналған сауалнамаға мектеп оқушылары мен халыққа арналған сауалнамаларға қарағанда балалар құқықтарын қорғау жөніндегі сегіз мамандандырылған заңнамалық актілер қосылған, оларға жауаптың тек үш нұсқасы ғана берілген: «БҰҰ бала құқықтары туралы» Конвенциясы (1989), «ҚР бала құқықтары туралы» Заңы (2002) және «ҚР неке және отбасы туралы» Заңы (1998). Мақсаты:* белгілі нормативтік құжаттар (мысалы, «БҰҰ бала құқықтары туралы» конвенциясы, «ҚР бала құқықтары туралы» Заңы, «ҚР неке және отбасы туралы» Заңы және т.б.) бойынша респонденттердің хабардарлық деңгейін сүзгі-сұрақтардың көмегімен нақтылау – «жақсы», «үстірт», «таныс емеспін».

➤ *Бұл заңдарда Сізді нақты не қызықтырады? Заңдардың ішінде біреуін ... деп айта алар ма едіңіз? Мақсаты:* респонденттің хабардарлық деңгейінің объективтілігін бағалау, үшінші сұраққа респондент тек алдыңғы сұрақтағы «жақсы» сүзгісінен өткен жағдайда ғана жауап береді.

Балаларды қандай жерлерде жиі жәбірлейді? Мақсаты: респонденттің пікірін анықтау, социумның қандай бөлігінде балалар жиі қатыгездікпен қараудың түрлі формаларына ұшырайды: отбасында, мектепте, көшеде және т.б.

Балаларды кім жиі жәбірлейді? Мақсаты: респонденттердің мектеп оқушыларына қоршаған ортасында кім жиі балаларға қатыгездікпен қарайтындығы туралы пікірін анықтау. Мұндай сұраққа жауап бере отырып, адамдар өз тәжірибесін пайдаланады деген болжамдар болды (жобалық сәйкестендіру). Басқа сұрақтармен үйлесімде зерттеуші балаларға қатыгездікпен қарау бойынша неғұрлым толық суретті алады.

Сарапшыларға балаларды қорғау мен балаларға қатыгездікпен қараудың алдын алуға қатысты он екі қосымша сұрақтар қойылды. Олардың ішіндегі бірнешеуі: (1) Балаға қатыгездікпен қарау және нәпсілік пайдалану кезінде халық көбіне кімнен көмек сұрайды? (2) Сіздің ойыңызша,, бірінші кезекте бала үшін кім жауапты? (3)Сіздің пікіріңіз бойынша, балалардың зорлықтан қорғау құқығы мен заңды мүдделерін қорғауға мемлекет жеткілікті қаржы бөле ме? (4) Сіздің ойыңызша, біздің аймақта, қалада, облыста балаларды зорлықтан қорғау құқығының әлеуметтік инфрақұрылымы жеткілікті дамыған ба? (5) Сіз қатыгездікпен қарау және нәпсілік пайдалану құрбандарын оңалту бойынша жұмысты жүзеге асырасыз ба? (6) Балаға қатыгездікпен қарау немесе нәпсілік пайдалану жағдайларын анықтауға байланысты қандай шаралар жасалуда? (7) Балаларға қатыгездікпен қарау мен нәпсілік пайдаланудың алдын алу жұмысы қалай жүргізіледі? (8)Сізге зорлық құрбандарымен жұмыс бойынша қандай даады қажет? (9) Сіздің пікіріңіз бойынша, жұмысыңыз үшін қатыгездікпен қарау және нәпсілік пайдаланудың құрбандарымен жұмыс бойынша семинарлар мен тренингтерді өткізу қажет пе?

4.1. ОҚУШЫЛАР, ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫ ЖӘНЕ САРАПШЫЛАР ТҰРҒЫСЫНАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚАЛАУ

А. БАЛАЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

Мектеп оқушылары үшін бала құқықтары бойынша ақпараттың негізгі көздері, сөзсіз, мектеп болып табылады, сондықтан да балалардың 70% мектепті таңдады. Шындығында, сауалнама нәтижелерін неғұрлым тереңнен талдау мектептің басты білім көзі болып табылатындығын көрсетті. Сонымен қатар, балалар құқықтары туралы ақпарат көздері бойынша балалардың/жасөспірімдердің және қыздардың/бойжеткендердің пікірлерінде айырмашылықтың болмағаны дәлелденді. Алайда, бұлай басқа критерийлер бойынша айтуға болмайды – ұлты бойынша, пікірлер елеулі айырмашылықтарға ие: қазақ және басқа ұлт өкілдерінің балалары орыс ұлтының балаларына қарағанда жиі «Мен балалар құқығын білмеймін» және «Жауап беруге қиналамын» жауап нұсқаларын таңдады. Егер балалар өздерінің құқықтарын қорғайтын заңмен таныс болмаса да, балалардың арасындағы респонденттердің 40% жасына, жынысына және ұлтына тәуелсіз, олармен үстіртін таныстығы туралы айтады.

Жалпы, ата-аналар балалар құқықтары туралы заңдармен өз беттерімен танысуға мәжбүр, себебі олардың мектепте оқыған жылдарында мұндай білімде олқылықтар болғаны байқалады. Білім деңгейі жоғары болған сайын, балалар құқықтары туралы өз бетімен танысқан адамдар саны да жоғары. Екінші жағынан, тағы да бір байланыс байқалады – білім деңгейі төмен болған сайын, балалардың құқын білмейтін адамдар да көп. Соңғы елеулі айырмашылық - бұл сұраққа жауап беруге қиналғандар арасында орта білімі ғана бар адамдар көп. Ұлты бойынша да қазақ ұлтының респонденттерінің пікірлерінде елеулі айырмашылық байқалады (1 сур.қара).

Негізінен, сарапшылар «ҚР бала құқықтары туралы» (2002), «ҚР Неке және отбасы туралы» (1998) және «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын ала ескерту туралы» (2004) Заңдарын біледі. Сарапшы-ер адамдар арасында қылмыстық және азаматтық кодекстерді, сондай-ақ «БҰҰ бала құқықтары туралы» конвенциясын жақсы білетіндер көп. Қылмыстық және әкімшілік кодекстерді педагогтарға қарағанда полиция офицерлері неғұрлым көбірек біледі. «Білім беру туралы» Заңды мемлекеттік қызметкерлер басқаларға қарағанда азырақ біледі. Жақсы таныс сурет – сарапшы-әйелдер сарапшы-ер адамдарға қарағанда қылмыстық кодекстің мазмұнын аз біледі, бірақ ер адамдардың халықаралық конвенциялар туралы білімдері таяз. Бұл, ең алдымен, білім беру жүйесінде халықаралық акциялар мен конвенциялар туралы ақпараттардың көп таратылатындығымен байланысты, ал құқық қорғау органдарында кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен күнделікті жұмысқа көбірек көңіл аударылады.

Зерттеу балаларды, ата-аналарды және сарапшылар қауымдастығын балалар құқықтарымен тек жай таныстыру ғана емес, халықтың барлық тобын балалар құқығын қорғаудың тәжірибелік дағдыларына тереңдетіп

оқытудың қажеттілігін көрсетті. Қазақстан қоғам, соның ішінде мектептер, орта білім беру орындары мен жоғары оқу орындары, мұны ертерек бастаса, бұл қоғам үшін жақсы болар еді. Қазақ мектептерінде балалар құқықтарын оқытуды тереңдету керектігі, ал мемлекеттік органдарға қазақ мектептеріндегі мұғалімдері арасында балалар құқықтарын қорғау жөнінде қосымша дайындықтар жүргізу қажеттігін тағы да атап өткіміз келеді. Өкінішке орай, құқықтарды насихаттаудың басым бөлігі еліміздегі үкіметтік емес секторы арқылы жүргізіледі. Ақпараттық компанияларды жүргізу барысында ҰЕҰ өз қызметінде негізгі (бастапқы) тіл ретінде қазақ тілін сирек қолданады: буклеттер мен кітаптар негізінен орыс тілінде шығарылады, семинарлар мен тренингтер 90% жағдайда тек орыс тілінде өткізіледі. Мемлекетке 50% мемлекеттік тілде және 50% орыс тілінде деген формуласынан бас тартып, әрбір жеке алынған аумақтағы қазақ және орыс тілдерін білетіндердің пайыздық арақатысын ескере отырып, мектеп жасындағы балаларға арналған ақпараттық материалдардың пайыздық арақатысын реттеу саясатын өзгерту керек. Біздің зерттеуімізде қазақ тілінде оқытатын мектептің балалары мемлекеттік тілдегі ақпараттардың тапшылығы туралы атап өтті және бұл мәселені шешуге көмек беруді сұрады.

Әлеуметтік зерттеу балалар құқықтары жөніндегі сынып сағаттарын жүргізудің немесе мектептерде ақпараттық стендтерде балалар құқықтары жөніндегі заңнамалық актілердің мәтіндерімен безендірудің қажеттілігін дәлелдеді. Жас қазақстандықтар болашақта балалар құқықтарын қорғау жөніндегі ойын түрінде нақты шынайы білім алу мен мектеп жасындағы балалар үшін айқын әрі қол жетімді басылымдарының жариялануын күтуде!

Егер респонденттер өздерін қорғай алмаса және өздерінің құқықтары туралы үстірт қана білетін болса, олар ақпаратты қайдан алады? Өзін-өзі қорғау туралы ақпарат көздері бойынша ұлтына қатысты статистикалық байланыс бақыланады: орыс ұлтының балалары көбіне «мектептен», «инспекторлардан» және «брошюралардан, проспектілерден» сияқты жауаптарды таңдаған (2-сур.қара).

Б. «Менің милициям (полициям) мені қорғай ма?»

Бізді респонденттердің, әсіресе, мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының полиция қызметкерлеріне қатынасы өте қызықтырады. Әрбір үшінші оқушы полицияда жазалаумен, әрбір бесінші – немқұрайлықпен, ал әрбір оныншы – соққыға жығумен жиі кездесетіні анықталды (3-сур. қара).

Полицияға қатысты жынысы, ұлты жағынан қатынасының айнымалылар арасында статистикалық елеулі байланыс жоқ. Ұлдар полицияда жиі жазалаумен кездесетіндіктерін мойындайды. Ал қазақ ұлтының балалары басқа ұлт балаларына қарағанда жазалауға жиі ұшырайды. Әр жас тобында полициямен байланыс жазалау және айқайлармен қатар жүретіндігін атап өткен жөн. (4-сур.қара).

Жауаптардың соңғы үш нұсқасында балалардың пікірлері ересектердің пікірлерінен ерекшеленеді: мұғалімдер мен полиция қызметкерлері оларды ересектердің ойлағанынан аз жәбірлейді. Қалғандары бойынша бетбағыттар ұқсас (5-сур.қара).

Сарапшылардың пікірі бойынша және тәжірибелері көрсетіп отырғандай, қатыгездікпен қарау субъектілері ретінде ата-аналардың өздері жиі кездеседі. Ең алдымен, мұндай пікірді педагогтар мен полиция қызметкерлері қолдайды. Құқық қорғау органдарының өкілдері мен туыстары сирек.

Отбасындағы балаларға қатыгездікпен қараудың негізгі себептерін зерттеу, сарапшы-ер адамдар үшін статистикалық мәнді айырмашылықтар объективті, әлеуметтік себептерден көрінетіндігін, сарапшы-әйелдер үшін терең, психологиялық себептерде жатқандығын көрсетті.

Мектепте және көшеде балаларға қатыгездікпен қарау себептері, сарапшылардың пікірі бойынша, құқықтық сауатсыздығына балалардың өздері кінәлі (сарапшы-әйелдер сарапшы-ер адамдарға қарағанда басымы болды). Біздің ойымызша, бұл балаларға қатыгездікпен қараудың елеулі себебі, әсіресе ресми және уәкілетті тұлғалар тарапынан, мысалы: мұғалімнің, полиция қызметкерінің, дүкендегі сатушының және т.б., яғни ресми жүктелген, формальді нормалармен жазылған және регламенттелген рөлдерін атқарушы тұлғалар тарапынан болады. Бірақ зорлық көшеде болса, онда полицияның жауапсыздығы маңызды себепке айналады.

Педагогтар тарапынан балаларға қатыгездікпен қараудың басты себебі жалақы мөлшерінің төмен болуынан деп ер адамдар әйелдерге қарағанда көбірек ойлайды. Бұл – педагогтарға тәуелді емес объективті себеп. Жаман көңіл-күй де төмен жалақының кесірінен шығар. Тұлғалық қалыптаспағандық – бұл қиын өлшенетін субъективті себеп.

В. Қауіпсіздік және балалар

Әлеуметтік зерттеу қоғамдағы балалар қауіпсіздігі мәселесіне де назар аударды. Балалар өздерін қайда қауіпсіз сезінеді? Сонымен, көшедегі қауіпсіздік сезімі мен жынысы арасында байланыс байқалады - бұл айнымалылар статистикалық тәуелді. Қыздар көшеде ер адамдардың, қайыршылардың және басқа да (бейтаныс) тұлғалардың жанында өздерін қауіпсіздікте сезінбейтіндігін атап өткен. Ал қасында жеткіншек балалар болғанда өздерін қауіпсіз сезінеді. Ұлттар бойынша байланыс жоқ, ал ұяшықтар бойынша бар – балалар көшеде полиция қызметкерімен бірге болған кезде қазақ балалары өздерін орыстарға қарағанда, аз қауіпсіздікте сезінеді (6-сур.қара).

Г. Балаларды жәбірлеген кезде, олар көмек сұрап қайда барулары керек?

Қыздар мұғалімдер мен тәрбиешілерге айтуға бейім екендіктерін мойындады, ал балалар көбіне прокуратураны таңдаған. Ұлт пен жасқа байланысты осы сұрақ арасында тәуелділік байқалады. Орыс ұлтының респонденттері бейтаныс адамдарға хабарласуға болады деген жауапты бәрінен аз таңдаған. 7 жастан 11 жасқа дейінгі ең кіші жас тобының респонденттері басқаларға қарағанда жиі туыстарың, мұғалімдерді (тәрбиешілерді), бейтаныс адамдарды (!!!) және үкіметтік емес ұйымдарды таңдаған. Төменгі сынып оқушыларының бейтаныс адамдарды таңдауы бәріне қарағанда көп секем тудырды! Дәл осы жастан бастап балаларды тірі қалу мен қауіпсіздік мінез-құлықтарына үйреткен дұрыс! (7-сур.қара).

Респондент-ата-аналардың негізгі бөлігі егерде бала нәпсілік пайдалануға ұшыраған жағдайда арнайы ұйымдарға баруды таңдаған. Жауаптар қоғамда әлеуметтік топтар мен мүдделері бойынша топтар арасындағы ынтымақтастықтың әлсіздігін көрсетеді (6,5%) (4 кестені қара).

№4-кесте

№		Жауаптар	Пайыздар
1	Полицияға	280	21,4
2	Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға	182	13,9
3	Дағдарыс орталықтарына	175	13,4
4	Прокуратураға	168	12,8
5	Сенім телефондары бойынша	122	9,3
6	Сексуалдық пайдалану құрбандары болған басқа балалардың ата-аналарына	85	6,5
7	Туыстарына	73	5,6
8	Мұғалімдерге (тәрбиешілерге)	59	4,5
9	Мемлекеттік органдарға	44	3,4
10	Достарына	41	3,1
11	Білім басқармаларына	21	1,6
12	Жауап беруге қиналамын	19	1,5
13	Үкіметтік емес ұйымдарға	18	1,4
14	Бейтаныс адамдарға	16	1,2
15	Басқа (жазу керек)	7	0,5
	Барлығы	1310	100,0

Жынысы бойынша әйелдер статистикалық тұрғыдан «Туыстарына» жауабын таңдаған. Сонымен қатар бұл жауапты статистикалық тұрғыдан жоғары білімді респонденттер таңдаған. Орта білімді респонденттер жиі «Полицияға» жауабын таңдаған. Ұлты қазақтар орыстарға қарағанда жиі «Дағдарыс орталықтарына» жауабын таңдаған; басқа ұлттар орыстар мен қазақтарға қарағанда жиі «Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссияға» жауабын таңдаған.

Сарапшылардың пікірі бойынша, балалар жиі ата-аналарынан (35%), туыстарынан (10% аз) және сенім телефондары бойынша (шамамен 10%) көмек сұраған, ал олардың ата-аналары, біріншіден, полицияға хабарласуға (15%), екіншіден, туыстарына (шамамен 10%), содан кейін барып дағдарыс орталықтарына (8%) хабарласқан.

Ата-аналар көмек сұрап хабарласатын инстанциялар арасында Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия соңғы орында. Мемлекеттік органдар халыққа КІК тиімді жұмысы туралы көп хабарлауға тиіс. КІК жұмыстарын белсендендіру КІК хатшысының және комиссияның өзінің мәртебесін көтеруге себтігін тигізер еді (8-сур.қара).

4.2. САРАПШЫЛАР ТҰРҒЫСЫНАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ БОЙЫНША ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Балаларды зорлықтан құқығын қорғау жөніндегі инфрақұрылымның дамуы мәселелері бойынша сарапшылардың пікірлері жынысына қарай бөлінді: сарапшы-әйелдерге қарағанда сарапшы-ер адамдар 80% жағдайда қолда бар инфрақұрылымдарды жеткілікті бағаламауға бейім (көрсеткіш екі есе төмен).

Балаға қатыгездікпен қарау немесе нәпсілік пайдалану жағдайларын анықтауға байланысты қабылданатын шараларға қатысты, жынысына, ұлтына және біліміне тәуелсіз неғұрлым тәжірибелі сарапшылардың тәжірибесіз сарапшыларға қарағанда неғұрлым енжарлықпен қарағандығын атап өтуге болады (9-10-сур.қара).

Қатыгездікпен қараудың алдын алуда жеткіншектер арасында (19%), олардың ата-аналарының (12%), әлеуметтік қызметтердің қызметкерлерінің (6%) арасында ақпараттық материалдарды тарату және БАҚ жариялау (9,5%) секілді шаралар қолданылады.

Полиция офицерлері қатыгездікпен қарау құрбандарына ақпарат және білім беру, оңалту бойынша шараларға аз тартылған, алайда олар басқаларға қарағанда жиі өздерінің күнделікті жұмыстарында олармен жиі кездеседі, бірақ сарапшы-педагогтар құқық қорғау органдарындағы әріптестерінің бұл мәселеде артықшылыққа ие деп қате ойлайды. «Етікші етікке жарымайды» дегендей (11-сур.қара)!

Зорлық құрбандарымен жұмыс дағдыларын қалыптастыру үшін семинарлар мен тренингтерді өткізу қажеттілігі туралы сұраққа жауап беруде сарапшы-әйелдер сарапшы-ер адамдарға қарағанда неғұрлым белсенді болды (47,5% қарсы 73,4%).

Сарапшылар зорлық құрбандарымен жұмыс дағдыларын қалыптастыру бойынша пікірсайыстық (18%), тренингтік (15%) және басқа да білім беру шараларын (13,5%) ұйымдастыру бойынша қаржыландыруды көбейту туралы өз өтініштерін жиі қайталаған.

Сарапшылар қатыгездікпен қарау мен нәпсілік пайдалану құрбандарының алдын алу мен оңалту бойынша тиімді жұмыс үшін балалар гинекологтары кабинетінің, балалар психологтары кабинетінің, зорлықтың алдын алу қызметтерінің және құрбан-балалармен жұмыс жөніндегі ҰЕҰ жетіспейтіндігі туралы да атап өтті (12-сур.қараңыз).

Ата-аналар комитетінің жұмысын белсенденділдірмей, бұл жұмыс толыққанды бола қоймас. Сарапшы-педагогтар да осыны ескертіп отыр (7,5%). Қатыгездікпен қарау мен нәпсілік пайдалану құрбандарымен күнделікті жұмыста сарапшылар қандай мамандардың көмегін неғұрлым көп қажет етеді? Дағдарыс орталықтары үшін педагогтар (шамамен 20%), дәрігерлер (10% астам) және психологтар неғұрлым қажет екендігі анықталды.

Бұл – ЭЗИ жүргізген әлеуметтік зерттеулердің кейбір нәтижелерінің қысқаша мазмұны ғана. Авторлар алынған нәтижелер жағдайды жақсы жағына қарай өзгерту үшін, Қазақстандағы балалар құқықтарын қорғау жөніндегі мәселелері туралы ойлауға себтігін тигізеді деп сенеді.



Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Буянов М.И. Тұрмысы қолайсыз отбасынан шыққан бала. – М., 1988.
2. Башкатов И.П. Бейресми жеткіншек-жастар топтарының психологиясы. М.: Информпечать, 2000. – 336 б
3. Беличева С.А. Превентивті психология негіздері. – М.: «Ресейдің әлеуметтік денсаулығы» Консорциумының редакциялық-баспа орталығы, 1993. –199б.
4. Бойко А.А. Оқушылардың бейәлеуметтік мінез-құлқының профилактикасының әлеуметтік-психологиялық аспектілері.// Бейімделу және аман қалу. – 1995. – N10.
5. Боссарт А.Б. Жас немесе тәрбие парадокстары. – М.: Просвещение, 1991.
6. Жас және педагогикалық психология/ Петровский А.В. редак. – М., 1996.
7. Вилюнас В.К. Адам мотивациясының психологиялық механизмдері. – М., 1990.
8. Енижеева Д.Д. Кең тараған психиатрия. – М., 1998
9. Ермолич С.Я. Девиантты мінез-құлықтың ерте профилактикасының тиімділігін арттыру шарттары ретінде жеткіншектердегі құнды-нормативтік білімдер. //Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. –1999. – N6.
10. Заморов С.И., Кудрявцева С.В. Ойыннан тұлғаның дамуына. Практикалық басшылық. «Ұйымдастыру ұжымдарында балаларды сауықтыру». – СПб., 1995.
11. Захаров А.И. Баланың мінез-құлқындағы ауытқулар. – М., 1993.
12. Змановская Е.В. Девиантология: Ауытқушылық мінез-құлық психологиясы. – М., 2003.
13. Кибирев А.А., Сеньчукова И.В. Мектеп жағдайында қатерлі топ балаларымен жұмыс үлгісі мен технологиясы – Оқу-әдістемелік құрал – Хабаровск, 2005
14. Клышевич Н.Ю. Әлеуметтік ортадағы мектеп оқушыларының психикалық бейімделуінің тиімділік шарттары.// Қазіргі заман жағдайында тұлғаның ізгілікті қалыптасуы: мақалалар жинағы Торхова А.В. редак. Мн, 1998.
15. Кон И.С. Ерте жастық шақ психологиясы. – М., 1989.
16. Кондратьева С.В. Практикалық психология: оқу-әдістемелік құрал. – Минск: Университетское, 1997.
17. Корнилова Т.В., Григоренко Е.Л., Смирнов С.Д. Тәуекел тобының жеткіншектері. – СПб., 2005. – 336 б.
18. Крайг Г. Даму психологиясы. – СПб., 2000. – 992 б.
19. Кулагина И.Ю. Жас психологиясы (Баланың туған кезінен бастап 17 жасқа дейінгі дамуы): Оқу құралы. 5-ші басылым. – М.: УРАО Баспасы, 1999.
20. Литовченко В.Н. Әлеуметтік-педагогикалық проблема ретіндегі тұлғаның бейімделуі. //Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. – 1999, №1.
21. Личко А.Е. Жеткіншектердегі психопатия және акцентуация мінезі // Жеке ерекшеліктер психологиясы: Мәтіндер. – М, 1982.
22. Майсак Н.В. Девиантты мінез-құлықпен кіші жастағы жеткіншектің тұлғалық ерекшеліктері. – М., 2001. – 213 б.
23. Макарычева Г.И. Жеткіншектерге арналған тренинг: бейәлеуметтік мінез-құлық профилактикасы. – СПб., 2007
24. Малышев К. Девиантты мінез-құлық профилактикасы мен коррекциясы // ОБЖ. – 2003. – №2. – 52-53 Б.

25. Марковская И.М. Ата-аналардың балаларымен өзара әрекеттестік тренингі. – СПб., 2006.
26. Меңделевич В.Д. Девиантты мінез-құлық психологиясы // Клиникалық және медициналық психология. – М.: Медпресс, 1999. – 351-416 Б.
27. Минаева О. «Қиын» жеткіншектің отбасымен психологиялық-педагогикалық жұмыс // Отбасылық тәрбие. – 2000. – №1. – 78-79 б.
28. Мицкевич В.В., Метлицкий И.Е. «Бала құқығы туралы» Конвенцияның ережелеріне қатысты балалар мен жеткіншектердің девиантты мінез-құлқының қалыптасу көздері туралы мәселеге әлеуметтік – педагогикалық жұмыс. – 1999. – №3
29. «Бала құқығын сақтау мониторингі. Бала құқықтарын сақтау, олардан түскен шағымдарды қарастыру және балаға кешенді көмек көрсету мақсатында басқа органдарға қарастыруға беру мониторингі бойынша жаттықтырушыларға арналған басшылық». ЮНИСЕФ, Қазақстан 2007. Адам құқығы мен демократия бойынша бастама Еуропалық Комиссиясы EIDHR/2005/110-891, Қазақстан, Астана, 2007.
30. Біздің проблемалы жеткіншек: Оқу құралы // Ретуш Л.А. редак. – СПб.: Союз, 1999.
31. Овчарова Р.В. Білім беру психологияның технологиясы. – М.: ТЦ «Сфера», 2000.
32. Петровский А.В., Абраменкова В.В. Әлеуметтік психология: пед. институттардың студенттеріне арналған оқу құралы. – М.: Просвещение, 1987.
33. Потанин Г.М. Жеткіншектермен психологиялық-түзету жұмысы. – СПб., 1995.
34. Прихожан А.И. Жеткіншек дағдарысы мәселелері // Психологиялық ғылым және білім – №1, 1997.
35. Сермягина О.С. Отбасындағы эмоционалдық қатынастар / Әлеуметтік-психологиялық зерттеу. - Кишинев. 1991.
36. Реан А.А. Делинквентті тұлғаны тексеру локусы // Психол. журнал. – 1994. – №2.
37. Ремшмидт Х. Жеткіншек және жасөспірім жасы: тұлғаның қалыптасу мәселелері. – М.: Мир, 1994.
38. Қазақстан Республикасының бала құқығы саласындағы заңнамалық базасының жинағы. – Алматы. 2008. – 393 б.
39. Отбасына психологиялық кеңес / Бодалев А. А., Столин В.В. реадк. – М.: Педагогика, 1989.
40. Психолог сөздігі / Головин С.Ю. жас. – Минск, 1998. – 800 б.
41. қатерлі топтың балаларымен және жеткіншектерімен әлеуметтік жұмыс // Конференция тезистері / Реан А.А. редак. – СПб., 2000.
42. Степанов В.Г. Қиын жеткіншектер психологиясы: Оқу құралы Моск. пед. Ун-т. М.: Академия, 2001.
43. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы, 2000.
- 44.Фельдштейн Д.И. Жас және педагогикалық психология мәселелері. – М., 1995.
45. Цукерман Г.А., Мастеров Б.М. Өзін-өзі дамыту психологиясы. – М.: Интерфакс, 1995.
46. Цукерман Г. Өзін-өзі дамыту: жеткіншектер мен олардың ұстаздарына арналған тапсырма. – М., 2001..



ГЛОССАРИЙ

<p>АДДИКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ</p>	<p>Адамның психикалық күйін өзгертетін түрлі заттарды, алкоголь мен темекіні қоса, теріс пайдалану нәтижелерінде, психикалық және физикалық тәуелділік фактісі тіркелген сәтке дейінгі туындайтын мінез-құлықтың бұзылуы.</p>
<p>АФФИЛИАЦИЯ</p>	<p>Ортақтыққа тән болу, топқа кіру қажеттілігі.</p>
<p>АЛАНДАУШЫЛЫҚ</p>	<p>Индивидтің уайымдауға, үрей реакциясының пайда болуының төменгі шегімен сипатталатын үрейге бейімділігі; жеке айырмашылықтардың негізгі параметрлерінің бірі. Жалпы, үрей тұлғаның берекесіздігінің субъективті көрінуі болып табылады.</p>
<p>ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМСІЗДЕНДІРУ</p>	<p>Баланың, жеткіншектің немесе ересектің қоғам және тұлғаның дамуы үшін өзін іс жүзінде көрсетудің деструктивті стратегияларын қолдануы.</p>
<p>ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ</p>	<p>(1) индивидтің әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде бейімделуінің тұрақты процесі; (2) осы процесстің нәтижесі. Мінез-құлық сипатын анықтайтын бұл компоненттердің арақатысы индивидтің мақсаттары мен құнды бағдарларына, әлеуметтік ортада оған қол жеткізу мүмкіндіктеріне тәуелді болады.</p>
<p>БЕДЕЛ</p>	<p>(1) белгілі бір қасиеттеріне, еңбегіне қарай бір тұлғаның немесе топтың көпшілікпен танылған ықпалы, мәні; (2) қандай да бір қызмет саласында танымал, құрметке бөленген тұлға.</p>
<p>БАСҚЫНШЫЛЫҚ (лат. тілінен aggredi – шабуыл жасау)</p>	<p>Басқа адамды немесе адамдар тобына дене немесе психологиялық залал, зардап тигізуге немесе жоюға бағытталған жеке немесе ұжымдық мінез-құлық, әрекет. Көптеген жағдайларда басқыншылық субъектінің фрустрацияға реакциясы ретінде туындайды және ашу, ыза, араздық, жек көрушілік және т.б. эмоционалдық күйлермен қатар жүреді.</p>
<p>БЕЙӘЛЕУМЕТТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ</p>	<p>Қоғамдық нормаларға және ұстанымдарға қайшылық тудыратын, адамгершілікке жат немесе құқыққа қарсы әрекеттер түрінде көрінетін мінез-құлық.</p>
<p>БАЛА АСЫРАП АЛУШЫ</p>	<p>Баланың биологиялық ата-аналарынан барлық құқықтар мен міндеттер өтетін адам, мұнда бала құқықтық қатынаста толығымен бала асырап алушының биологиялық баларына теңеледі. Бұл жағдайда баланың туған (биологиялық) ата-аналарының барлық құқықтары мен міндеттері күшін жоғалтады.</p>
<p>ВИКТИМИЗАЦИЯ (лат. тілінен viktima – құрбан)</p>	<p>Құрбанның сәйкес социомәдени ерекшеліктерімен, оның ерекше, негізінен қылмыстық ортамен қатынасымен, адаммен белгілі бір рөлді, мысалы, «қатысушы-куәгер» рөлін ойнаумен және т.б. байланысты тұлға үшін әлеуетті құрбан рөлін жанама қалыптастыру процесі.</p>

<p>ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ағылш. тілінен deviation – ауытқу)</p>	<p>Қоғамда (әлеуметтік топта) нақты қалыптастырылған немесе ресми белгіленген моральдік және құқықтық нормаларға сәйкес келмейтін және бұзушыны (девиантты) оқшаулауға, емдеуге, түзетуге немесе жазалауға әкеліп соғатын әрекет. Негізгі түрдері: қылмыстылық, маскүнемділік, нашақорлық, өзіне қол салу, жезөкшелік, сексуалдық девиациялар.</p>
<p>ДЕЛИНКВЕНТТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (лат. тілінен delinquens – құқық бұзушы)</p>	<p>Қылмыстық жазаланатын әрекеттерде көрінетін ауытқушылықты мінез-құлық.</p>
<p>ДАМУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ</p>	<p>Әрбір жас кезеңі баланың берілген қоғамдағы қатынастармен қабылданған жүйедегі ерекше орнымен сипатталады. Осыған байланысты түрлі жастағы балалардың өмірі ерекше мазмұнға толы: өзінің айналасындағы адамдармен ерекше, қарым-қатынастармен ерекше, дамудың осы кезеңі үшін жетекші қызметпен – ойынмен, оқумен, еңбекпен. Әрбір жас кезеңінде бала пайдаланатын құқықтардың және олар орындаулары тиіс міндеттердің белгілі бір жүйесі әрекет етеді.</p>
<p>ЕНЖАРЛЫҚ (грек тілінен aratheia – селқостық)</p>	<p>Эмоциялардың, қызығушылықтардың және тілектерінің толық болмауымен сипатталатын психикалық күй; бұл – өзінше бір «эмоциялық-мотивациялық сал ауруы».</p>
<p>ЖЕТЕКШІ ҚЫЗМЕТ</p>	<p>Келесі үш белгілермен сипатталатын бала қызметі. Біріншіден, бұл – ішінде басқа жаңа қызмет түрлері жіктелетін және туындайтын түрдегі қызмет түрі. Екіншіден, бұл – жеке психикалық процесстер қалыптасатын немесе қайта құрылатын қызмет. Үшіншіден, бұл – осы жаста бақыланатын бала тұлғасының негізгі өзгерулері тәуелді болатын қызмет.</p>
<p>ЖАС ДАҒДАРЫСТАРЫ</p>	<p>Индивидтің дамуындағы күрт секірісті, жас дамуындағы жаңа сапалы арнаулы кезеңіне өтуін білдіретін ұғым. Сыртқы мінез-құлықта жас дағдарыстары тілазарлықпен, қыңырлықпен, негативизммен көрінеді. Уақыт бойынша олар тұрақты жастар шеңінде оқшауланады және жаңа туылған шақ (1 айға дейін) дағдарысы, бір жас дағдарысы, 3 жас дағдарысы, 7 жас дағдарысы, жеткіншек дағдарысы (11-12 жас) және жастық шақ дағдарысы ретінде көрініс табады.</p>
<p>ИМПУЛЬСИВТІЛІК (лат. тілінен impulsio – түрткі)</p>	<p>Адамның сыртқы жағдайлардың немесе эмоциялардың әсерінен болатын алғашқы түрткі бойынша әрекет етуге бейімділігін көрсететін мінез-құлқының ерекшелігі. Импульсивті адам өзінің қылықтарын ойланбайды, «иә» және «қарсы» салыстырмайды, ол жылдам және тура әрекет етеді.</p>
<p>КОНГРУЭНТТІЛІК</p>	<p>Адамның өз сезімдерімен байланысқа түсу қабілеті және олардың шын көңілмен білдіру қабілеті.</p>

ҚАМҚОРШЫ	Заңды түрде баланы қамқоршылыққа алу сеніп тапсырылған адам.
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ	Ата-аналары қайтыс болған, жоқ немесе басқа да себептермен баласына қамқорлық жасай алмайтын бала атынан әрекет етуге басқа адамға соттың шешімі бойынша заңды құқық беретін формальды заң құрылымы.
МӘРТЕБЕ (өлеуметтік психологияда) (лат.тілінен status – жағдай, күй)	Субъектінің құқықтарын, міндеттерін және артықшылықтарын анықтайтын тұлғааралық қатынастар жүйесіндегі жағдайы. Түрлі топтарда бір индивид түрлі мәртебеге ие болуы мүмкін.
МЕН-ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ	Адамның өзі туралы ойларының жүйесі: Мен-физикалық, Мен-өлеуметтік, Мен-экзистенциальді.
НЕГАТИВИЗМ	Оппонентке қатысты артық сыни қатынасымен және бір нәрсені қарсы істеумен (кейде ойланбастан) сипатталатын қарым-қатынастағы тосқауыл.
ОҚШАУЛАУ	1) индивидті басқа адамдармен әдеттегі қатынастан айыру; 2) психологиялық қорғаныс түрі, ол олар мен олардың қайнар көздері арасындағы байланыстарды санадан өшіру есебінен теріс эмоцияларды тежеудің жүзеге асырылуымен сипатталады.
ОБСЕССИВТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ	Көмпістік мінез-құлық.
ОҢАЛТУ	Адамның өлеуметтік мәртебесін қалпына келтіру; жақсы күйін немесе сәйкес әрекет ету күйін қалпына келтіру.
ӨМІРЛІК ӨЗІН-ӨЗІ БИЛЕУ	Бұл өмір мағынасының жалпы адамдық критерийлеріне қатысты өзін анықтау және осы өзін-өзі билеу негізінде өзін іс жүзінде көрсету.
ӨМІРЛІК МАҚСАТТАР	Болашақтағы өмір жолында негізгі бағдарлар болып табылатын өмірдің белгілі кезеңдерінің соңғы нәтижесі.
ӨЗІН-ӨЗІ ЖІГЕРЛЕНДІРУ	Шынайы білім беру негізі біздің адамға қабілетіне қарай кім болғысы келетініне көмектесе алатын жолдарды табыстаудан тұрады. Бұл – өзін-өзі жігерлендіруші тұлғалар білім алатын тәсіл.
ПАТТЕРН	Белгілі бір жағдайларда шамамен тұрақты және болжамды реттілігімен тұрақты қайталанып тұратын индивид реакциясының жиынтығы. Әдет синонимі, негізінде стимулға санасыз әрекет етудің шартты-рефлекторлы механизмі бар.
ПРЕВЕНТИВТІ ҚЫЗМЕТ	Белгілі бір құбылыстар мен процесстердің алдын алуға бағытталған қызмет. Мысалы, жастар үшін кәсіби бағдарды өткізу оның еңбекпен қамту қызметіне баруының алдын алуға және жастарды еңбекпен қамту деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

<p>ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕКЕ АДАМ ТҰРПАТЫ</p>	<p>Тұлғаның психикалық бейнесінің немесе тұрпатының қатысты тұрақтылығы ретінде қарастыруға болатын әрбір нақты адамда тұрақты бірлікті түзетін қасиеттердің өзіндік жекелігінің қайталанбас үйлесімі (А.В. Петровский).</p>
<p>ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУ БӨГЕЛІСІ (ПДБ)</p>	<p>Жалпыпсихиканыңнемесеоныңжекефункцияларының (моторлық, сенсорлық, сөйлеу, эмоционалдық-жігерлік) дамуының уақытша артта қалу, генотипте кодталған ағзаның қасиеттерінің баяулаған қарқынның синдромы; қарқынның бөгелісі қайтымды сипатқа ие болуы мүмкін. Негізгі бітістері – жоғары жүдеулілік – төмен жұмыс қабілеттілігі, эмоциялардың кемелденуі, жігердің әлсіздігі, психопатқа ұқсас мінез-құлық, жалпы елестің шектелген қоры, аз сөз қоры, дыбыстық талдау қиындықтары, зияткерлік қызмет дағдыларының қалыптаспағандығы.</p>
<p>ПУБЕРТАТ</p>	<p>Жыныстық жетілумен аяқталатын адам ағзасының жыныстық дамуының қалыптасу кезеңі. Жеткіншек және ерте жастық шаққа сәйкес келеді – 13 жастан 18 жасқа дейін.</p>
<p>РИГИДТІЛІК (лат. тілінен rigidus – қатал, берік)</p>	<p>Оны қайта құруды объективті талап ететін жағдайларда қызмет бағдарламасына субъектпен көзделген өзгертулердегі қиыншылықтар (толық қабілетсіздікке дейін); психикалық қызметпен мінез-құлықтағы жеткіліксіз икемділік, қандай да бір жаңа нәрсеге ауысуының қиындығы, өзгертулерге қарсыласу, өзіндік қайраттылық (Н.Д. Левитов).</p>
<p>РЕФЕРЕНТТІК ТОП (лат. тілінен referens – хабарлаушы)</p>	<p>Индивид өзін эталонмен байланыстыратын секілді және өзінің мінез-құлқында әрі өзін-өзі бағалауда нормаларына, пікірлеріне, құндылықтарына және бағаларына бағдар алатын шынайы немесе шартты әлеуметтік қауым.</p>
<p>СЕНЗИТИВТІЛІК</p>	<p>Адамның өзімен болып жатқан оқиғаларға деген жоғары сезімталдығынан көрінетін сипаттамалық ерекшелігі. Әдетте, жоғары алаңдаушылық, жаңа жағдайлардан, адамдардан, сынақтың барлық түрлерінен және т.б. қорқумен бірге жүреді.</p>
<p>ТӘУЕКЕЛ ТОБЫ</p>	<p>Белгілі бір жағдайларға байланысты өз өмірлерінде басқаларға қарағанда неғұрлым жиі қоғам мен оның қылмыстық элементтері тарапынан жағымсыз сыртқы әсерлерге ұшырағыш болатын тұлғалар тобы (жиі жеткіншектер), бұл әлеуметтік және психологиялық бейімсіздендіруге әкеліп соғады.</p>
<p>ТОПТЫҚ СӘЙКЕСТЕНДІРУ</p>	<p>Өзін қандай да бір әлеуметтік топтың немесе қауымның мүшесінің жалпыланған бейнесімен ұқсастыру, осының есебінен оның мақсаттары мен құндылықтарын сыни емес қабылдау жиі жүзеге асады.</p>

ТҰЛҒАНЫҢ ДЕВИАНТ-ТЫ ДАМУЫ	Заңды түрде нәтижесінде моральға немесе құқыққа қайшы келетін әрекеттерге әкелетін ауытқушы психикалық даму, мысалы: маскүнемділік, жыныстық тәртіпсіздік, алаяқтық, ұрлық, тұлғаға, адам абыройына, денсаулығына қарсы қылмыстар.
ТОРЫҒУ	Жабығыңқы көңіл-күймен, жабырқаңқылықпен немесе мұңмен сипатталатын күй. Жан күйзелісі ортасы бұзылған психикалық қызметтің бөгелісінен көрінеді. Симптом немесе синдром ретінде торығу аурулардың бірқатар түрлерінде негізгі немесе елеулі ерекшелігі болып табылады. Синонимі: уайымшылдық.
ТҰЛҒАНЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ	«Басқа мәнді» адамдарға ұқсастыру. Үлгі ретінде басқа адамға ұқсағысы келу әлеуметтік үйретудің көрсеткіштерін елеулі арттырады.
ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БИЛЕУІ	Бұл қоғамда жасалған (және аталған адаммен қабылданған) тұлғаның қалыптасу критерийлеріне қатысты өзін-өзі билеуі және осы критерийлер негізінде ары қарай өзін көрсету. Тұлғалық өзін-өзі билеуі кәсібиден бұрын қалыптасады, тұлғалық өзін-өзі билеу негізінде мамандыққа талаптар қалыптасады.
ТҮРТКІЛЕР	Адамның қызметін не үшін жасалатындығына түрткі болады. Түрткілер субъектінің белсенділігін тудыратын әртүрлі құбылыстар мен күйлерді белгілеу үшін қолданылады. Түрткілер ретінде қажеттіліктер мен мүдделер, қызығушылықтар мен эмоциялар, идеалдар.
ТАЛАПТАНУ ДЕҢГЕЙІ	Сипаттайды: 1) жеңіп шығу болашақ әрекеттер топтамасының жалпы мақсаты болып табылатын қиыншылық деңгейі (тамаша мақсат); 2) өткен істерінің табысын немесе табыссыздығын уайымдау нәтижесінде қалыптасатын кезекті әрекеті мақсатының субъектісін таңдау; 3) тұлғаның өзін-өзі бағалауының қажетті деңгейі (МЕН деңгейі).
ФОБИЯЛАР (грек тілінен phobos – қорқыныш)	Қорқыныш күйі. Түрлері: ашық жерлерде болу қорқынышы (агорафобия), жабық кеңістіктерден қорқу (клаустрофобия), өлімнен қорқу (танатофобия) және т.б.
ФРУСТРАЦИЯ (лат. тілінен frustratio – алдау, мұқият күту)	Қажеттілікті, тілекті қанағаттандыруда табыссыздықтан болған психикалық күй. Фрустрация күйі түрлі жағымсыз уайымдаулармен бірге жүреді: көңіл толмаушылықпен, тітіркенушілікпен, үреймен, үмітсіздікпен және т.б. Фрустрация қажеттілікті қанағаттандыруда жеңілмейтін немесе қиын жеңілетін тосқауылдармен кездесетін жанжал жағдайларында туындайды. Фрустрацияның жоғары деңгейі қызметтің берекесін кетіру мен оның тиімділігін төмендетуге әкеледі.
ЭГОЦЕНТРИЗМ	Әлемге тек өзінің жеке келешегі тұрғысынан ғана, басқа адамдардың ой-пікіріне қатыссыз көзқарас; өзімшілдіктің көрінуінің соңғы формасы.
ЭМПАТИЯ (грек тілінен empatheia – көңіл күйге ортақтасу)	Көңіл күйге ортақтасу түріндегі басқа адамның эмоционалдық күйін түсінумен сипатталатын адам психикасының күйі.

№1-ҚОСЫМША. ВАК МҮШЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәмелетке
толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі
ведомствоаралық комиссия мүшелерінің тізімі**

Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, ВАК төрағасы
Жүкенов Жұмажан Қамкенұлы	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитеттің төрағасы, ВАК төрағасының орынбасары
Саймасаева Гаухар Айтжанқызы	ӨҚР БФМ Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасының бастығы, ВАК хатшысы
ВАК мүшелері	
Құлназаров Анатолий Қожекенұлы	- Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің төрағасы
Жандаева Дана Шайханқызы	- Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ- ИПЕК) үйлестірушісі
Майлыбаев Бағлан Асаубайұлы	- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министрі
Байсақова Зүлфия Мұхамедбекқызы	- Қазақстан Дағдарыс орталықтары одағының басқарма төрағасы
Бектүров Азат Ғаббасұлы	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі
Сембинов Болат Қаскенұлы	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-лейтенант
Калужный Вячеслав Афанасьевич	- Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығының жетекшісі
Моисеева Нелли Яковлевна	- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының бас сарапшысы
Вощенкова Тамара Анатольевна	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі
Дүйсекеев Айдын Мали-Задаұлы	- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті төрағасының орынбасары
Федоров Олег Анатольевич	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер вице-министрі
Тұңғышбеков Санат Тұңғышбекұлы	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитетінің төрағасы
Сейітбатталов Бағдат Жұмабекұлы	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті директорының міндетін атқарушы

№2-қосымша. ВАК мәжілісі туралы баспасөз хабарламасы
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

01000, Астана қаласы
Орынбор көшесі, № 8 үй
11 кіреберіс
тел: (7172) 74-23-81
www.edu.gov.kz

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Көмелетке
толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі
ведомствоаралық комиссияның отырысы туралы
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Астана қаласы
2009 жылғы 27 сәуір
сағат 11.30-13.00
№ 907 кабинет

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2009 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі — ВАК) төртінші кеңейтілген отырысын өткізеді.

ВАК жұмысына мүдделі министрліктердің өкілдері, әкімдердің орынбасарлары сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысады.

ВАК мәжілісінде денсаулық сақтау ұйымдарында дені сау балаларға арналған кабинеттерді қалпына келтіру және оқушыларды сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру проблемаларын шешу жөнінде бірнеше өңірлердің тәжірибесі көрсетіледі.

ВАК мәжілісіне қатысушылар облыстық және аудандық көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар қызметтерінің тиімділігін арттыру мәселесін талқылайды. Мысалы, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы көмелетке толмағандар мен отбасыларды ерте анықтау және біріңғай ведомствоаралық тіркеуді жүргізу бойынша ұсыныстар қабылдайды.

ВАК-та, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынушылықты насихаттайтын ақпараттардан балаларды қорғау мәселелері қаралатын болады. Порнографиялық сипаттағы мерзімдік баспа өнімдерінің таралуына қарсы әрекеттері бойынша мемлекеттік органдар үшін ұсынымдар әзірленетін болады. Мысалы, шетелдік және отандық республикалық арналардағы, оның ішінде кабельдік және спутникті телеарналардағы порнографиялық мазмұндағы бағдарламалар туралы деректер жинақтарының тетіктерін жетілдіру бойынша. Сонымен қатар, балалардың киберкөңістіктердегі ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары қаралатын болады.

Көрсетілген проблемалар жөніндегі ВАК жұмысының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізілетін болады.

№3-ҚОСЫМША. ВАК МӘЖІЛІСІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы кәметке
толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі
ведомстваралық комиссия (ВАК) мәжілісінің бағдарламасы**

Астана қаласы

2009 жылғы 27 сәуір, сағ 11.30

Өткізілетін орны:

ҚР БҒМ, № 907 кабинет

11.00 11.30	Мәжіліске қатысушыларды тіркеу
11.30 11.35	<u>Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы</u> , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі, ВАК төрайымы
11.35 11.45	<u>Жүкенов Жұмажан Қамкәнұлы</u> , ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Тақырыбы: «Облыстық кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомстваралық комиссиялардың қызметін жандандыру мәселелері туралы».
12.05 12.15	<u>Рамазанова Ләззат Керімқұлқызы</u> , Оңтүстік Қазақстан облысының Астана қаласындағы Әкімшілік өкілдігінің басшысы Тақырыбы: «Кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметін жандандыру бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігімен қабылданған шаралар туралы».
Екінші мәселені талқылауға көшу	
12.15 12.25	<u>Шек Генрих Генрихович</u> , Қостанай облысы білім басқармасының бастығы Тақырыбы: «Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру проблемаларын шешу жолдары».
Үшінші мәселені талқылауға көшу	
12.25 12.35	<u>Төлегалиева Ажар Финиятқызы</u> , ҚР ДСМ Денсаулық сақтау саласын дамыту департаментінің басқарма бастығы Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында дені сау балаларға арналған бөлмелерді ашу және қалпына келтіру жөнінде қабылданған шаралар мен олардың жағдайы туралы».
12.35 12.45	<u>Жұмабекова Рысты Мағауияқызы</u> , Павлодар облысы әкімінің орынбасары Тақырыбы: «Дені сау балаларға арналған бөлмелерді дамыту бойынша Павлодар облысы әкімдігінің қабылдаған шаралары туралы»
Төртінші мәселені талқылауға көшу	
12.45 12.50	<u>Майлыбаев Бағлан Асаубайұлы</u> , Мәдениет және ақпарат вице-министрі Тақырыбы: «Порнографиялық материалдарды көрсету немесе жарнамалау, сондай-ақ әдепсіз мазмұндағы және қатыгездік пен зорлыққа табынуды насихаттайтын материалдарды таратуды шектеу жөніндегі шаралар туралы».
12.50 12.55	<u>Бармақов Қайрат Советұлы</u> , ҚР ИІМ Әкімшілік полиция комитетінің басқарма бастығы Тақырыбы: «Порнографиялық материалдарды көрсету мен жарнамалау, таратуды шектеудің құқық қорғау көрінісі туралы»
12.55 13.00	<u>Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы</u> , ВАК отырысын қорытындылау және хаттама шешімін қабылдау.

№4-қосымша. ВАК мәжілісінің шешімі

Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысының шешімі

1. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың қызметін жандандыру проблемалары туралы

(К.Н.Шәмшидинова, Ж.Қ.Жүкенов, А.А.Бектаев және т.б.)

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Ж. Жүкеновтің ақпараты назарға алынды.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне тұрмысы қолайсыз отбасылар туралы, өмірде қиын жағдайға душар болған, қоғамға қарсы әрекет жасайтын және алдын ала сақтандыру көмегіне мұқтаж балалар туралы ведомствоаралық ақпараттық деректер банкін құру жұмыстарын жандандыру ұсынылсын.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне:

1) 2009 жылғы 1 маусымға дейін «Облыстық және аудандық кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың 2006-2008 жылдардағы қызметтерінің тиімділігін бағалау туралы» мәселені қарастыру;

2) Комиссияларды қалыптастыру кезінде оның құрамына талқыланатын проблемаларға қатысы бар және оларды шешуге өкілеттігі бар жауапты лауазымды тұлғаларды барынша көбірек енгізу;

3) Комиссия хатшысын өзіне қатысты емес функцияларды орындаудан босату арқылы Комиссияның жауапкершілігін арттыру шараларын қабылдау;

4) әлеуметтік қауіпті жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды және олардың отбасыларын ерте анықтау, есепке алу, оңалту жөнінде ведомствоаралық бағдарламаларды әзірлеу, сондай-ақ ювеналдық әділет жүйелерін енгізу мәселелері бойынша Комиссиялардың қызметін жандандыру ұсынылсын.

3. Атырау, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері:

1) Комиссияның жұмысын келесі мәселелер бойынша тиімді ведомствоаралық өзара әрекеттестіктерді ұйымдастыруға бағдарлау:

әлеуметтік қауіпті жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды және олардың отбасыларын ерте анықтау және бірыңғай ведомствоаралық есепке алу; Комиссия қабылдаған шешімдерді міндетті орындау;

кәмелетке толмағандардың мектепке бармауының, қараусыз және қадағалаусыз қалуының, құқық бұзушылықтары мен қоғамға қарсы әрекеттерінің, өзіне-өзі қол жұмсауының, маскүнемдігінің, уытқұмарлығы мен нашақорлығының; отбасылар мен кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс жасаудың алдын алу;

балалар арасындағы әртүрлі жағымсыз әрекеттерге ықпал ететін себептер мен жағдайлардың терең талдануын және анықталуын қамтамасыз ету; оларды жою бойынша шаралар қабылдау;

кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жүйесінің органдары мен мекемелерінің қызметтерін үйлестіру мәселелері бойынша тиімді ведомствоаралық өзара әрекеттерді ұйымдастыруға бағдар берілсін;

2) Комиссияның анықтамасында көрсетілген жұмыстар ерекше бақылауға алынып, көрсетілген бұзушылықтарды, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдансын. Комиссия анықтамасында көрсетілген төрағалар мен жауапты хатшылар тәртіптік жауапкершілікке тартсын. Қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмыс органы - ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне 2009 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде хабарласын.

№5-қосымша. Облыстық және аудандық комиссиялардың қызметтерін зерттеу бойынша жадынама

**Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық және аудандық комиссиялардың 2007-2009 жылдарға білім алуға балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерін зерттеу жөніндегі
ЖАДЫНАМА**

1. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (ары қарай – Комиссия) жұмысын реттейтін нормативтік, заң құжаттарының болуы.

2. 2007, 2008 жылдардағы және 2009 жылдың наурызына дейінгі **Комиссия жұмысының ұйымдастырылуын бағалау:**

- әкімдіктердің Комиссияны құру және оның құрамы туралы шешімдерінің болуы;

- **Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы Тұрпаттық ережелердің 8 тармағында қарастырылған (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың 11 маусымындағы №789 «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы тұрпаттық ережелерді бекіту туралы» Қаулысымен бекітілген) Комиссия жұмысының жылдық жоспарының болуы;**

- Комиссия жұмысының жылдық жоспарының орындалуы туралы аймақтың, ауданның басшысының есептемесі мен ақпаратының болуы;

- комиссияның зерттелетін мерзімдегі өткізген отырыстарының саны, оның ішінде жалпыға міндетті оқуды қамтамасыз ету, мектептегі тамақтануды ұйымдастыру, жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсау мәселелері, балалар еңбегінің ең нашар түрлері, балалар жезөкшелігі мәселелері жөнінде (хаттамалық кітапта жазбаның болуы);

- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінулердің саны, оның ішінде мектепте оқудан жалтару, жасөспірімдік өзіне-өзі қол жұмсаушылық, балаларды еңбектік және жыныстық пайдалану, тұрмыстық зорлық және ата-аналарының қол жұмсау мәселелері бойынша.

3. Комиссия қызметінің орындалуын бағалау (оның ішінде төменде көрсетілген қызметтерді нақты тиімді орындаудың, баланың, отбасының тағдырының оң шешілуінің немесе осы қызметті немқұрайды, жеткіліксіз орындау мысалдары):

- өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін жағдайдағы кәмелетке толмағандарды анықтау және әлеуметтік сауықтыру, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және асырау жөніндегі міндеттемелерін орындамайтын, және де кәмелетке толмағандардың қалыпты физикалық және адамгершілік дамуына теріс әсер ететін немесе оларға қатігез қарайтын ата-аналарды немесе басқа заңды өкілдерді анықтау;

- кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың, қараусыз, қадағалаусыз қалуының, және қоғамға қарсы әрекет жасауының алдын алу, олардың өлеуметтік сауықтыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіруге бағытталған бағдарламалары мен әдістерін жасау;
- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға немесе шектеуге байланысты, кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе басқа да заңды өкілдерінің шағымдары мен арыздарын қарастыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- кәмелетке толмағандарға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда және қорғауда жәрдемдесу;
- қараусыз, қадағалаусыз қалған кәмелетке толмағандарды, мектепке ұзақ уақыт бойы бармайтын, қиын өмірлік жағдайдағы жасөспірімдерді анықтау жөнінде рейдтер жүргізу немесе басқа органдармен бірлесіп, рейд жүргізуге қатысу;
- бала құқығын қорғау жөніндегі қызметтерді іске асыратын ұйымдарда кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және асырау жағдайларына бақылауды қамтамасыз етуге қатысу;
- бала құқығын қорғау, олардың әрекеттеріне қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді іске асыратын ұйымдардың желісін дамытуға жәрдем көрсету;
- кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық, қараусыз және қадағалаусыз қалу жағдайларын зерттеу және осы саладағы өлеуметтік зерттеулер өткізуді ұйымдастыру (оның ішінде 2005, 2006, 2007, 2008 жылдар ішіндегі облыстағы құқық бұзудың көбеюі немесе азаюы динамикасына келтіру (% қатынаста);
- кәмелетке толмағандардың құқық бұзуының, қараусыз және қадағалаусыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің алдын алу жөніндегі жұмыстардың жағдайлары туралы және де кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу фактілерін анықтау туралы мүдделі мекемелерге ақпарат беру;
- мемлекет көмегіне зәру және қиын өмірлік жағдайға тап болған кәмелетке толмағандарға қолдау көрсету туралы қамқорлық және бағу органдарына ұсыныс енгізу;
- кәмелетке толмағандарды физикалық және психикалық зорлықтан, кемсітудің барлық түрлерінен, жыныстық және басқа пайдаланудан және де кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы әрекет жасауға тартудан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау;
- кәмелетке толмағандардың құқық бұзуының, қараусыз және қадағалаусыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің алдын алу жөніндегі және де олардың құқықтарын қорғау жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мүдделі мемлекеттік органдардың басшыларының есептемелерін тыңдау және бақыланатын сұрақтар бойынша олардың арасында өзара ақпарат алмасуды ұйымдастыру;
- кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына жіберу сұрақтары бойынша сотқа материалдар дайындауға қатысу;

- қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылған немесе арнайы білім беру ұйымынан және ерекше ұстау тәртібі бар білім беру ұйымынан қайтып келген кәмелетке толмағандарды еңбекке және тұрмыстық орналасуына мүдделі органдардың қызметін үйлестіру;

- құқықбұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға, кәмелетке толмағанды тәрбиелеу, оқыту және асырау жөніндегі өз міндеттемелерін орындамайтын немесе олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналары мен заңды өкілдеріне қатысты материалдарды қарастырудың сапасы, жеделдігі және нәтижелілігі;

- балаларды тәрбиелеумен және оқытумен айналысатын, кәмелетке толмағандарды қылмыс жасауының, құқық бұзуының және қадағалаусыз қалуының алдын алумен айналысатын сәйкес мемлекеттік органдарға және де ұйымдық-құқықтық түріне қарамастан басқа да органдар мен ұйымдарға кәмелетке толмаған баламен (тәрбиелеу колониясынан босатылған; арнайы білім беру ұйымынан, ерекше ұстау тәртібі бар білім беру ұйымынан басаған, әкімшілік жауапқа тартылған, басқа да білім беру ұйымы тарапынан көмек пен бақылауға зәру) жеке алдын алу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы ақпарат пен ұсыныстарды жіберу;

- спирттік ішімдіктерді, нашақорлық заттарды, психотроптық немесе мастандырушы заттарды пайдаланатын кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды, ата-анасының келісіміне сәйкес емдеу-алдын алу және сауықтыру шараларын жүргізу үшін денсаулық сақтау мекемелеріне жіберу;

- мектеп жасындағы кәмелетке толмағанның орта білім беру мекемелеріне ұзақ уақыт бойы келмеуі мен жеке алдын алу жұмыстарын өткізудің қажеттігі туралы, Комиссияның ұсыныстарының сапасы, жасалғандығы, мазмұндылығы жөнінде білім беру ұйымдарының әкімшіліктеріне хабарлау;

- меншік түріне қарамастан білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандармен тәрбиелік, құқықтық, білім беру және сауықтыру жұмыстарының жағдайын зерттеу туралы анықтаманың сапасы, жасалғандығы, мазмұндылығы;

- кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзудың, қараусыз және қадағалаусыз қалудың алдын алумен, оларға әдістемелік және нақты көмек көрсетумен айналысатын органдар мен ұйымдардың оң жұмыс тәжірибелерін жалпылау және тарату;

- кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзудың, қараусыз және қадағалаусыз қалудың алдын алу жөніндегі өткізіліп жатқан жұмыстар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды ұйымдастыру.

- кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, асырау, денсаулығын қорғау және құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау жағдайларын тексеру мақсатында білім беру және мәдениет орталықтарына, кәмелетке толмағандарды уақытша оңашалау, бейімдеу және сауықтыру орталықтарына, тәрбиелеу колонияларына бару жиілігі;

- алыс ауылдарда, аудандарда және білім беру ұйымдарында комиссияның көшпелі отырысын өткізу.

4. Төмендегілер бойынша Комиссияның материалдарды қарастыру ретін бағалау:

1) кәмелетке толмағанға, оның ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне қатысты Комиссия қарастырған материалдардың саны, оның ішінде:

- кәмелетке толмағанның, оның ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің арызы бойынша;
- өз бастамасы бойынша;
- азаматтардың ақпараттары бойынша;
- білім беру ұйымдарының ұсыныстары бойынша, және де ұйымдық-құқықтық түріне қарамастан, басқа органдар мен ұйымдардың жүгінулері бойынша;
- қоғамқа қауіпті әрекет жасаған кәмелетке толмағанға қатысты қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа жеткенше іскі істер органдарының немесе прокуратураның материалдары бойынша.

2) кәмелетке толмаған балаларың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің ҚР «Білім туралы» Заңының 49 бабының 2 тармағындағы нормалардың міндеттерін орындамау факті бойынша қарастырылған материалдардың саны бойынша:

- балаларға өмір сүру және оқу үшін жақсы және қауіпсіз жағдайлар жасау, олардың зияткерлік және физикалық күштерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз ету;
- бес жастағы балаларды мектеп алдындағы даярлауды, ал алты жастан бастап жалпы білім беретін мектепке бөлуді қамтамасыз ету;
- баланы оқытуда және тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсету;
- білім мекемесінде балалардың сабаққа келуін қамтамасыз ету.

3) келесі фактілер бойынша қарастырылған материалдардың саны:

- жасөспірімдік өзіне-өзі қол жұмсау;
- балаларды еңбектік және нәпсілік пайдалану;
- тұрмыстық зорлық және ата-аналарының қол жұмсауы;
- өлтіру;
- ұрлау;
- есірткі пайдалану, сақтау;
- бұзақылық;
- мүлікті сындыру;
- қылмыстық «аула командаларының» және «мектеп командаларының» және т.б. болуы.

3) **материалдарды қарастырудың** жеделдігі және уақыттылығы (комиссия алған материалдар комиссияға келіп түскен күннен бастап он бес күн ішінде қарастырылуы тиіс – тұрпаттық ережелердің 15 т.)

4) Комиссия отырысының мерзімділігі (Комиссияның отырысы қажеттілігі бойынша, бірақ айына екі мәртеден аз емес өткізіледі және әдетте ашық болып табылады – тұрпаттық ережелердің 17 т.);

5) Тұрпаттық ережелердің 18 т. сәйкес Комиссия **Қаулысының**

рәсімделу сапасы (комиссия қаулысында көрсетіледі: комиссияның атауы және дербес құрамы; комиссия отырысының өтетін күні және орны; оған қатысты материалдар қарастырылып жатқан тұлға туралы мәлімет; материалды қарастыру кезінде анықталған жағдайлар;

- негізінде шешім қабылданған дәлелдер; көмелетке толмағанның құқық бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейтін немесе құқығына кепілдік беретін нормативтік құқықтық акт; комиссия қабылдаған шешім; көмелетке толмағанға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі комиссия ұсынатын шаралар, олар жүктелген органдар немесе тұлғалар; осы қаулының мерзімін түсіндіру және арыздану тәртібі туралы мәліметтер. Комиссия қаулысына төрағалық етуші және жауапты хатшы қол қояды, комиссия отырысында жарияланады және шағымдану үшін белгіленген мерзім өткен соң заңды күшіне енеді);

6) көмелетке толмағандардың қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы әрекет жасауына және қараусыз қалуына және де көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға көмектескен қарастыру барысында анықталған себептер мен жағдайлар туралы мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына және оларды жою ұйымдарына Комиссия ұсынған ақпараттың сапасы;

7) Комиссия отырысының хаттамаларын рәсімдеу сапасы (комиссия отырысында комиссияның жауапты хатшысы хаттама жүргізеді, онда комиссияның атауы және дербес құрамы, комиссия отырысының күні және орны, қарастырылатын материалдардың мазмұны, материалдары қарастырылып жатқан тұлғаның тегі, аты-жөні, әкесінің аты, оның тұрғылықты жері және материалдарды қарастыруға маңызы бар басқа да мәліметтер, комиссия отырысына қатысатын тұлғалардың келуі және оларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру туралы мәлімет; комиссия отырысына қатысқан тұлғалардың түсініктемелері; материалдарды қарастыру кезінде зерттелген құжаттар мен заттай айғақтар, тапсырылған өтінімдер және оларды қарастыру нәтижелері, комиссия отырысында қабылданған қаулыны немесе ұсынысты жариялау туралы мәліметтер, қабылданған қаулыны немесе ұсыныстың мерзімін түсіндіру және шағымдану тәртібі туралы мәлімет. Комиссия отырысының хаттамасына төраға етуші мен оның жауапты хатшысы қол қояды. Тұрпаттық ережелер 20 т.)

8) Комиссия отырысында қарастырылған барлық істерді есептеуді және сақтауды ұйымдастыру, осы есептеудің деректерін өзінің аумақтық тиістілік шегінде жалпылау.

9) комиссияның материалдық техникалық жабдықталу сапасы

5. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі мекемеаралық комиссияның 2008 жылғы 11 желтоқсанындағы №3 хаттамалық шешімін орындауды бағалау, оның ішінде:

1) 2 тармақтың 1 тармақшасына сәйкес облыстың және Астана, Алматы қ. әкімдері 2009 жылдың 1 ақпанына дейін облыстық, аудандық білім беру органдарының және әкімдіктер жанындағы көмелетке толмағандардың

істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың жалпыға міндетті білім беруді қамтамасыз ету және сәйкес директивтік құжаттарды орындау және олардың жұмысын белсенділендіру бойынша шараларды қабылдау жөніндегі қызметтерінің мәселелелерін қарастыру туралы.

2) 2 тармақтың 3 тармақшасына сәйкес 2009 жылдың 1 наурызына дейін мекемеаралық сарапшылық топтың мектеп тамағын, оның ішінде ассортименттің, сапасын және білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің тамақтануына арналған шикізаттар мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін ұйымдастыруды қадағалау жөнінде кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық, Астана және Алматы қаларының ведомствоаралық комиссияларының мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық қадағалау органдарымен бірлескен отырыстарында тыңдау туралы.

6. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Мәсімов К.Қ. 2008 жылдың 1 желтоқсанында өткізген балалардың міндетті білім алумен қамтуды күшейту және Комиссия жұмысын белсенділендіру туралы селекторлық кеңестің **Хаттамасының 2 тармағын орындауды бағалау** (осы тармақты орындау бойынша Комиссия қандай шаралар қолданды).

№6-ҚОСЫМША. КОМИССИЯ ҚЫЗМЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША АНЫҚТАМА**Атырау, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы
кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау
жөніндегі комиссияның қызметтерін зерттеу бойынша
АНЫҚТАМА (үзінді)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы «Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы үлгі ережесін бекіту туралы» (бұдан әрі-Ереже) № 789 қаулысын іске асыру, сонымен қатар 2008 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ. Мәсімовте өткен Селекторлық кеңестегі 20-46/007-713 Хаттамасының 3.2 тармақтарын орындау мақсатында 2009 жылғы 16 ақпан мен 1 наурыз аралығында Атырау, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық 21 комиссияның (бұдан әрі-Комиссия) жұмыстары зерделенді.

Зерделеу үшін Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, білім, ішкі істер, денсаулық сақтау органдары мен аймақтардағы балалардың құқықтарын қорғау департаменттерінің өкілдерінен үш ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды (бұдан әрі - Жұмыс тобы).

Талдау нәтижесі Комиссиямен кәмелетке толмағандардың қараусыздығы, панасыздығы, құқық бұзушылығы және басқа да қоғамға қарсы басқа да іс-әрекеттерін жою мақсатында жергілікті атқарушы органдарының ведомствоаралық үйлестіруін қамтамасыз ету бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізіліп жатқанын көрсетті.

1. Жалпы білім алумен қамтылу мәселелері бойынша Комиссияның бірқатары мектептермен өзара іс-әрекет орнатылды.

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық Комиссиясы 2008 жылы № 9 лицейіне Кентау қаласындағы арнаулы мектептен қайтып келген кәмелетке толмаған А. Рябова бойынша жұмыс жүргізді. Комиссия жасөспірімнің сабаққа жиі келмей, оқуға ынтасыздығына байланысты жұмысқа орналасқан баланың әкесімен сұхбаттасу жұмысын жүргізді. Қазіргі уақытта жасөспірім мектепте оқиды және сабақтан қалмайды. Сайрам ауданында білім беру, ішкі істер, дене шынықтыру және спорт бөлімдерімен бекітілген ішкі істер органдарында есепте тұрған кәмелетке толмағандармен алдын алу, тәрбие жұмысы, балалардың мектепке келуі мен бос уақыттарын өткізуін бақылап, жұмыс жүргізеді.

2. Комиссия ішкі істер, білім, балалардың құқықтарын қорғау органдарымен бірлесіп кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен панасыздығын анықтауда, сондай-ақ ұзақ уақыт мектепке келмей жүрген, өмірдің қиын жағдайларына тап болған жасөспірімдерді анықтау

бойынша рейдтерді жүргізуге қатысады. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облыстық, Шымкент қаласы, Түркістан және Төлеби аудандарының Комиссиялары өмірдің қиын жағдайларына тап болған жасөспірімдер мен балалардың қараусыздығы және қадағалаусыздығын анықтау бойынша бірлескен іс-шараларды жүргізу кестесін дайындады. 2008 жылы Шымкент қалалық Комиссиясы, Түркістан қаласында — 17, Төлеби ауданында — 15, барлығы 32 рейд іс-шарасын жүргізуге қатысты. Түркістан қаласында 17 мамырда сабақ уақытында компьютер клубтарында жүрген 7-10 сыныптың 19 оқушысы, 12 мамырда Төлеби ауданында 6-8 сыныптың 14 жасөспірім: Сайрам ауданынан — 36 оқушысы, олардың 12-сі бұзақылыққа бейімделгендігі анықталды.

3. Комиссия Кәмелетке толмағандар арасында қараусыздық пен панасыздық, құқық бұзушылықты алдын алу, бала құқықтарын қорғау жөнінде жүргізілген жұмыстар туралы жұртшылықты ақпараттандыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жүргізеді.

4. Кейбір комиссиялармен бала құқығын қорғауда бірқатар мәселелері жөнінде мүдделі органдар және ұйымдармен өзара әрекеттер іске асырылуда.

Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облыстық Комиссиясы 2008 жылы қарашада нашақорлық және есірткі бизнесі мәселелерін алдын алу бойынша кеңейтілген отырыс өткізді. Нәтижесі бойынша осы бағыттағы қызметтерді арттыру жөнінде барлық органдардың бірлестігі туралы шешім қабылданды. Шымкент қалалық Комиссиясы балалық шақ құқықтарын қорғау мәселесі бойынша қаланың барлық мектептерінде дөңгелек үстелдер мен семинарлар ұйымдастыру және өткізу туралы Кестесін бекітті.

Комиссиямен қабылданған жоғарыда аталған барлық шаралар, өмірдің қиын жағдайларына тап болған балалардың құқықтарын іске асыру және қорғауға себепші болды, білім алуға бала құқықтары жөніндегі жұмыстарының дәрежесін анықтады.

Сонымен бірге, қабылданған шараларға қарамастан Комиссияның қызметінде маңызды проблемалар мен шешілмеген мәселелер анықталды.

1. Комиссияның жұмыс жоспарын дайындау және орындаудың төмендігі. Барлық зерделенген Комиссияларды жылдық жоспарлары бар, бірақ ондағы жоспарланған іс-шарлар жылдан жылға орындалмай көшірілген.

2. Комиссияның кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу мәселесін шешудегі ықпалы әлсіз. Комиссиямен жүргізген 21 тексерісте кәмелетке толмағандардың арасында қоғамға қарсы әрекеттер, қараусыздық пен қадағалаусыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша, оларды әлеуметтік оңалтуда мемлекеттік органдардың қызметтерін іске асыруға бағытталған әдістемелік ұсынымдар мен

бағдарламалар дайындау бойынша шаралар қабылдамаған.

3. Кәмелетке толмағандар арасында әр түрлі жағымсыз әрекеттердің таралу себептері мен жай-күйін анықтау бойынша зерттеулер, ұсынымдар, бағдарламалар дайындау немесе ұйымдастыруда бастамашылықтың жоқтығы. Кәмелетке толмағандардан, ата-аналарынан, олардың заңды өкілдерінен келіп түскен өтініштер мен шағымдардың уақытылы қаралмауы.

4. Комиссиялардың жауапты хатшыларының кәсіптік деңгейінің, құқықтық сауаттылығының төмендігі, құзыреттеріне жатпайтын функцияларды атқаруы. Мысалы, барлық тексерілген комиссияларда комиссия отырыстарының және ұсынымдарының мазмұндылығының сапасы төмен. Бұл ретте комиссиялар қабылдаған шешімдердің міндеттілігін және орындалу сапасын саралау жүргізілмейді.

5. Комиссия отырысын өткізу мерзімді өткізудегі Ереже нормасының жиі бұзылуы. Комиссия отырысының жүйелі түрде өткізілмеуі меніс жүргізудегі ұқыпсыздық пен ретсіздік көрінеді.

Атырау, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстық Комиссиясының қызметтерін зерделеу барысында жұмыс тобынан алған талдама материалдары жоғарыда аталған мәселелерді дәлелдейді.

ҚР БҒМ жұмыс тобы Оңтүстік Қазақстан облыстық Комиссияның жұмыстарында жіберген кемшіліктерін анықтады.

1. Қазіргі уақытта облыстардың және барлық өңірлерде зерделеуде Комиссия хатшысына босатылған қызмет орындары жоқ, нәтижесінде олардың функцияналдақ міндеті әкімдік бөліміндегі мамандардың жұмысына қосымша берілуде. Облыстық Комиссияның хатшысы қоғамдық қатынастар бөлімінің бас маманы, екі басқарманың қызметін үйлестіреді (білім, тілді дамыту), облыстағы орта және жоғары білім мекемесінің, сондай ақ ономастика бойынша комиссияның хатшылық қызметтерін атқарады. Түркістан қалалық Комиссиясының хатшысы, Төлеби аудандық Комиссияның хатшысы, әкімдіктегі заң бөлімінің бас маманы, қосымша бірнеше бөлімдердің міндеттері қойылған. Бұл Комиссия уәкілетінің маңызы мен көлемі, жүргізілген жұмыстың сапасы мен нәтижесі хатшы қызметін жүзеге асыруда қоғамға теріс әсер беретіні белгілі.

2. Комиссияда бекітілген істер номенклатурасы жоқ, іс жүргізу қойылған талаптарға сәйкес емес, материалдар жүйелендірілмеген. Нәтижесінде, облыстық, Шымкент қаласының, Сайрам, Төлеби аудандық Комиссияның 2007 жылғы Комиссия отырыстарының хаттамалары ұсынылмаған. Тек Сайрам аудандық Комиссиясында кіріс және шығыс құжаттарды тіркеу журналдары жүргізілген, ал басқа өңірлерде әкімдік кеңселері арқылы жүргізілген. Созақ аудандық Комиссиясы қаулылар мен хаттамаларға кіріс және шығыс хат алмасулар жүргізбеген.

3. Комиссия отырысын өткізу кезеңдері Комиссия туралы бекітілген

Ереженің 17 тармақтарының талаптарына сәйкес емес. Облыстық Комиссия 4 отырыс, Созақ ауданы — 7, Түркістан — 12 және Шымкент қаласы - 21 Комиссия отырыстарын өткізген. Үстіміздегі жылдың алғашқы екі айында бірде-бір комиссия отырысын өткізбеген. Облыстық және Созақ ауданы, Түркістан қаласының Комиссиялары әкімдермен бекітілген Комиссия қызметтері туралы Комиссияның Ереже, талаптарына сәйкес емес. Комиссияның бұл Ережесінде отырысты тоқсанда бір рет өткізу көрсетілген (Үлгі ережесі бойынша айына екі рет өткізілу қажет). Функционалдық міндеттердің реті қысқартылған (11 функциясы-7)

4. Комиссия өздерінің қызметтерін жоспарлау бойынша жұмыстары төменгі деңгейге қойған. Барлық тексерілген аудандық Комиссияның жылға арналып бекітілген Жұмыс жоспарларындағы іс-шаралар жылдан жылға көшірілген. Кентау қаласында тексеріс жүргізген күні 2009 жылға арналып бекітілген Жұмыс жоспары жоқ болды. Сайрам аудандық Комиссияның қаулысында қойылған мәселелер жоқ. Мүдделі органдардың басшылары мәліметке ала отырып көрсетілген жағымсыз фактілерді жою бойынша шешім қабылдамаған.

5. Комиссия өзіне-өзі қол жұмсау, бала еңбегінің ең нашар түрлері, жалпы оқу мәселелеріне жеткіліксіз назар аударуда. Мысалы Созақ ауданында соңғы 3 жылда жоғарыда аталған мәселелер қаралмаған. Сайрам ауданында өзіне-өзі қол жұмсау және бала еңбегін пайдалану, тамақтандыру мәселелері қаралмаған. Сонымен бірге облыстағы көмелетке толмағандар арасында өзіне-өзі қол жұмсау саны 2006 жылмен салыстырғанда 56 пайызға ұлғайды. (2006 жылы 37, 2008 жылы-57 дейін жетті).

6. Ешқандай Комиссия көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыздық, қараусыздық және қоғамға қарсы іс-әрекеттерді алдын алу, оларды әлеуметтік оңалтуға мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыруға бағытталған әдістемелік ұсынымдар мен бағадарламалар дайындамаған.

7. Комиссия бала құқықтарын қорғау функцияларын жүзеге асырушы ұйымдардың желісін дамыту мәселелеріне бастамшылық жасамаған. Тек облыстық Комиссия мектеп инспекторларының штат санын 100 бірлікке ұлғайту туралы ұсыныстар берді.

8. Комиссия көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қараусыздық, қадағалаусыздықтың жай-күйі бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізбеген.

9. Комиссия баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жұмыстың жай-күйіне қоғамды және мүдделі органдарды ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізбеген. Комиссияның қаулысының көпшілік бағыты ішкі істер, білім және ауыл әкімдеріне жолданады.

10. Балалар арасында құқық бұзушылықтың, жасалған қылмыстың

жайы мен себептерін анықтауға талдама, сондай ақ оларды жою бойынша шаралар қабылдау, органдар мен алдын алу жүйесі мекемелерінің қызметін үйлестіру сияқты ең басты міндеттеріне жауап бере алмайды. Нәтижесінде көмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу бойынша мәселелерді шешуде комиссияның қызметі өте осал. Сондықтан да облыста балалар жасаған қылмыстың санының өсуі байқалуда. Мысалы, 2007 жылы көмелетке толмағандардың қылмысы — 335, ал 2008 жылы — 362. Топпен жасалған, көліктерді ұрлау, тонау сияқты қылмыстың түрлері өскені байқалуда.

Өкінішке орай қылмыс жасаушылардың арасында көмелетке толмаған қыздардың да фактілері тіркелген. 2008 жылы олардың саны 40-қа жетті.

Жоғарыда аталғандарға байланысты және облыстық, аудандық көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың жұмысын жандандыру мақсатында:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне:

1) 2009 жылғы 1 маусымға дейін «2006-2008 жылдарға арналған облыстық және аудандық көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар қызметінің тиімділігін бағалау туралы» мәселені қарастыру;

2) Комиссиялардың құрамын қалыптастыру кезінде олардың құрамына талқыланатын проблемалар мен оларды шешу үшін өкілеттігі бар жауапты лауазымды тұлғалардың барлығын енгізу;

3) өзіне қатысты емес функцияларды орындаудан босату үшін Комиссия хатшысының босатылған қызмет орындарын қарастыру және Комиссияның жауапкершілігін арттыру;

4) әлеуметтік қауіпті жағдайға тап болған көмелетке толмағандарды және олардың отбасыларын ерте анықтау, есепке алу, оңалту, сондай-ақ олармен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізудің деңгейін көтерудің ведомствоаралық бағдарламаларын әзірлеу бойынша Комиссиялар қызметін жандандыру ұсынылады.

2. Атырау, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдеріне:

1) Комиссияның жұмысына:

әлеуметтік қауіпті жағдайға тап болған көмелетке толмағандарды және олардың отбасыларын ерте анықтау және бірыңғай ведомствоаралық есепке алу;

Комиссия қабылдаған шешімдердің орындалуына баға беру;

көмелетке толмағандардың мектепке бармауының, қараусыздығының, қадағалаусыздығының және құқық бұзушылықтары мен қоғамға қарсы әрекеттерінің, өзіне-өзі қол жұмсаудың, маскүнемдігінің, уытқұмарлығының және нашақорлығының; отбасылар мен көмелетке толмағандарға қарсы қылмыс жасаудың алдын алу;

балалар арасында әртүрлі жағымсыз әдістерге ықпал ететін себептер мен жағдайлардың терең талдануын және анықталуын қамтамасыз ету; оларды жою бойынша шаралар қабылдау;

кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жүйесінің органдары мен мекемелерінің қызметтерін үйлестіру мәселелері бойынша тиімді ведомствоаралық өзара әрекеттерді ұйымдастыруға бағдар беру.

2) Комиссияның анықтамасында көрсетілген жұмыстарды ерекше бақылауға алу, көрсетілген бұзушылықтарды, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдау. Комиссия анықтамасында көрсетілген төрағалар мен жауапты хатшыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту. Қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмыс органына - ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне 2009 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде хабарлау ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, 31.03.09.

№7-қосымша. Комиссия қаулысы

Қаулы

Комиссияның жеке құрамы:

Комиссия төрайымы – С. Қалдығұлова.

Төрайым орынбасары – Б. Құлтаев.

Жауапты хатшысы – С. Жұмағазина.

Комиссия мүшелері:

А.Пашкевич, Ә. Масхутова, Ж. Ерішова, А. Прихно, Б. Тілеулиева, Н. Бейісова, А. Уәлиев, Г. Түлкібаева, Н. Табылдинова, Ә. Көшербаев, Ж. Боқышева, С. Құстанова

Материалдар қаралуға қатысты адам туралы мәліметтер

Аты-жөні: Надежда Юльевна Подзоркина.

Туған күні, айы, жылы: 11.09.1977 ж.т.

Оқу/жұмыс орны: «Каратенов» жеке кәсіпкерлігі (сырлаушы)

Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, М. Оспанов көшесі, 26/35

Материалды қарау кезінде белгіленген жағдайлар

Ақтөбе қалалық Сазды полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшесінде 2007 жылдың 24 сәуірінен бастап кәмелетке толмаған қызы бар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 259 бабының 1-тармағымен көзделген қылмыс жасағаны үшін 13.04.2007 ж. бас бостандығынан айыру орнынан босатылған Надежда Юльевна Подзоркинаның қолайсыз отбасы профилактикалық есепте тұр. Н.Ю. Подзоркинаның мерзімін өтеу кезінде 31.12.2002 жылы туған кәмелетке толмаған қызы Татьяна Егоровна Подзоркинаны оның ата-анасы (әкесі) Иван Иванович Подзоркин мен (анасы) Елена Петровна Подзоркина бағып-күткен.

Н.Ю. Подзоркина 2001 жылдан бастап Ақтөбе облыстық наркологиялық диспансерінде есірткілік заттарды пайдаланатындығы үшін есепте тұр.

Бүгінгі күнге Ақтөбе қалалық Сазды полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектордың қадағалау барысында Н.Ю. Подзоркина құқық бұзушылық жасамаған, тұрғылықты жері бойынша тексеріс кезінде спирттік және есірткілік заттарды пайдалануымен көзге түспеген.

Шешім қабылдауға негіз болған дәлелдер

Ақтөбе қалалық Сазды полиция бөлімінің 2007 жылғы 30 маусымындағы №5/6221 Н.Ю. Подзоркинаны кәмелетке толмаған қызы Т.Е. Подзоркинаға қатысты тәрбиелеу жөніндегі міндетін атқару бойынша жауапкершілігін ескерту туралы мәлімдемесі (14 беттегі Н.Ю. Подзоркинаның қолайсыз отбасына қатысты №33/07 қадағалау ісі).

Кәмелетке толмағанның құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік көзделетін не құқықтарына кепіл беретін нормативтік құқықтық кесім

1. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы №321

«Неке және отбасы туралы» Заңы.

2. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын ала ескерту туралы» Заңы.

Комиссия қабылдаған шешім

1. Н.Ю. Подзоркина кәмелетке толмаған қызы Т.Е. Подзоркинаның заңды өкілі ретінде оны тәрбиелеуге міндетті екенін және оның дене, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікте болатындығы туралы ескертілсін.

2. Ақтөбе қалалық ішкі істер бөлімі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшесінің инспекторы Н.Ю. Подзоркинаға Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы №321 «Неке және отбасы туралы» Заңының 60 бабының 2-тармағын, 62 бабын, 67 бабының 1-тармағы және 69 бабын түсіндіріп, Н.Ю. Подзоркинаның қолайсыз отбасына қатысты бақылауды күшейтсін.

3. Н.Ю. Подзоркина жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы №321 «Неке және отбасы туралы» Заңының баптарын бұзған жағдайда, Ақтөбе қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы №321 «Неке және отбасы туралы» Заңының 67 және 68 баптарының негізінде кәмелетке толмаған қызы Т.Е. Подзоркинаға қатысты ата-аналық құқығынан айыру туралы Ақтөбе қалалық сотына етініш берілетіндігі ескертілсін.

Ескерту: Қаралған материалдар бойынша комиссия қабылдаған қаулы 15 күннің ішінде ол кімге қатысты қабылданса, сол адам, оның заңды өкілдері, қорғаушысы, сондай-ақ жөбірленуші сотқа немесе жоғары тұрған комиссияға шағым бере алады.

Комиссия төрайымы
Комиссия хатшысы

С. Қалдығұлова
С. Жұмағазина

№8-қосымша. ЮВЕНАЛДЫҚ СОТҚА ҰСЫНЫС

Алматы қаласының кәмелетке толмағандар істері бойынша мамандандырылған ауданаралық сотқа

Алматы қаласы, Қарабұлақ көш, 7 үй, (№3 балалар үйі) мекен жайы бойынша тұратын кәмелетке толмаған Раиса Николаевна Самсоноваға қатысты

ҰСЫНЫС

Алматы қаласының Бостандық ауданы бойынша өкімшілігі қарамағында кәмелетке толмағандардың істері мен құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия 15 маусым 2009 жылы кәмелетке толмаған Самсонова Раисаға қатысты материалдарды комиссия отырысында қарастырып, келесіні анықтады:

Кәмелетке толмаған Самсонова Раиса 21.05.2007 жылы Бостандық АІІБ БІБ Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 179 бабы, 2 тармағы, «а» тармақшасы бойынша жазасы шартты түрде кесілген, алдын алу есебіне қойылған. 2008 жылдың қыркүйегінен бастап қаңғыбастық пен қараусыздық санатына ауыстырылған. Психикалық денсаулық орталығында «мінез құлқының әлеуметтік бұзылуы» диагнозымен есепке алынған.

Самсонова Р. №2 балалар үйіне Алматы қаласының Білім департаментінің 21.02.2008 жылғы жолдамасы бойынша келген. Әуезов ауданының сот шешімімен үйінде орнаған өте қауіпті жағдайға байланысты кәмелетке толмаған екі баланы аналары Н.Р. Самсоновадан тартып алған. Әкесі туралы мәлімет «Неке мен отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 49 бап, 3 тарм. сәйкес туу туралы куәлігіне жазылған.

12.09.2007 жылы кәмелетке толмаған Р. Самсонова Алматы қаласының Бостандық ауданының сотымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 257 бабымен 2 бөл.«а» тарм. және 178 бабы 2б. «в» тар. кінәлі деп танылып, ҚР ҚК 63 бабын қолдану арқылы шартты түрде 3 жыл бас бостандығынан айыру қолданылып, 1(бір) жыл сынақ мерзіммен жазаға кесілді.

Қазіргі кезде Р. Самсоноваларды балалар үйі мен колледждің өкімшіліктері нашар сипаттайды. Балалар үйінің тәртібін жиі бұзады. Жүйелі түрде белгісіз бағытта балалар үйінен кетіп қалады. Сабақты себепсіз босатады, сабаққа құлшынысы жоқ, ересектердің ескертулеріне дұрыс жауап қайтармайды. Балалар үйіне бірнеше рет мас күйінде келген. Ұрлыққа және қаңғыбастыққа әуестеу. Сонымен қатар, ол хабарсыз кеткен ретінде ресми түрде іздеуге салынған (КУЗ №2885 25.04.2009ж. Іздеу ісі -№ 09754403420014 04.05.2009ж.).

Кәмелетке толмаған Р. Самсонова бағдарламалық материалды ұқпайды, білімі өте төмен. 12.01.2009-24.04.2009ж.ж. аралығында келмеген сабақтарының саны 217 сағат құрады, сонымен қатар, ұстаздар тара-

пынан оның мінезіне деген шағымдар көп. Сабақ барысында ұстаздарға дөрекі қарым-қатынас көрсетеді, тәрбиешілер мен мұғалімдердің барлық ескертулеріне агрессивті жауап беріп, ұрысып, балағат сөз айтады, балалармен де жиі қақтығысып тұрады.

Р. Самсонованың қылықтары бірнеше рет алдын алу Кеңесінде талқылانған, бірақ түзелу байқалмайды.

Сонымен қатар онымен бірнеше рет Бостандық АІІБ инспекторлары, тәрбиешілер мен психолог, социолог мұғалім түсіндіру жұмыстарын жүргізген, бірақ жақсы нәтиже жоқ. Ісі мен әрекеттерін қадағалай алмайды, теріс әсерге тез берілгіш. Кәметке толмаған Р. Самсонованың теріс мінезі өзге де тәрбиеленушілердің мінезіне теріс әсерін тигізуде.

Жоғарыда аталғандардың негізінде және Қазақстан Республикасының «Балалар қараусыздығы мен қаңғыбастығын алдын алу және кәметке толмағандар арасында құқық бұзушылықты алдын алу туралы» Заңының 8 т 6 п 9 бабы, 2т. 113 бабын басшылыққа ала отырып,

Кәметке толмаған 1992 ж.т. Самсонова Раиса Николаевнаны, кәметке толғанша «Девантты мінез құлықты балаларға арналған арнайы білім беру ұйымына» ММ ары қарай оқу курсын жалғастыру үшін жіберуді сұраймын.

Қосымша: материал көшірмесі _____ парақта
Алматы қаласы, Бостандық ауданы әкімінің орынбасары,
Кәметке толмағандардың істері мен олардың құқықтарын қорғау
жөніндегі
ведомстворалық комиссияның Төрағасы С. Ағыбаев

№9-ҚОСЫМША. СОТҚА ШАҒЫМ

Ақтөбе қалалық сотына
Талапкер: Ақтөбе қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке
толмағандардың ісі және олардың
құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия,
мекен жайы: Ақтөбе қаласы, Т. Ахтанов көшесі, 22
Жауапкер: Әбуова Шара Қайратқызы, 22.10.1981 жылы туған,
тұрғылықты жері: Ақтөбе қаласы, Станционный көшесі, 4/55

АРЫЗ ШАҒЫМ

Ақтөбе қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия Ақтөбе қалалық сотынан 22.10.1981 жылы туған Шара Қайратқызы Әбуоваға қатысты материалды қарауды ұсынады.

Ақтөбе қаласының ішкі істер басқармасы Сазды полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшесінде 2009 жылдың 27 мамырынан бастап Ш.Қ. Әбуова «жағдайы қолайсыз отбасы ретінде» профилактикалық есепте тұр.

Ш.Қ. Әбуованың 01.06.2002 жылы туған Әдем Маратқызы Сағын атты кәмелетке толмаған қызы бар. Кәмелетке толмаған Ә.М. Сағынның әкесі Сағын Марат Жандосұлы 2003 жылдың 3 тамызында қайтыс болған.

Кәмелетке толмаған Ә.М. Сағын туылған кезден бастап, анасының ата-анасымен тәрбиеленуде және жоғарыда аталған мекен жайда солармен бірге тұрады.

Әкесі Қанат Жапарұлы Әбуовтың айтуы бойынша азаматша Ш.Қ. Әбуова өзі кәмелетке толмаған қызы Ә.М. Сағынның тәрбиесімен мүлде айналыспайды, қамқорлық көрсетпейді, материалдық қолдау көрсетпейді, қызының тағдырына алаңдамай үйден бірнеше рет ұзақ уақытқа кетіп қалған кездері де болған, тіпті 2 жыл бойы, яғни 2007 мен 2009 жылдар аралығында мүлде хабарсыз белгісіз жаққа кетіп қалған жағдайлары да болған.

Сонымен қатар азаматша Ш.Қ. Әбуова 2006 жылы Қызылорда облысы Қазалы қаласының тұрғыны 1981 жылы туған Қалдеспек есімді азаматпен заңсыз некеде 1,5 жыл (бір жарым жыл) тұрған. Осы уақыт аралығында кәмелетке толмаған қызы Ә.М. Сағын оның ата-анасының қарауында болған.

Бүгінгі күні азаматша Ш.Қ. Әбуова еш жерде жұмыс істемейді, қызына қатысты тағайындалған «балаларға арналған жәрдемақыны» жеке бас пайдасына жұмсап, екі рет маскүнемдік жағдайда болғандығы байқалған, бұл екі рет медициналық куәландыру арқылы дәлелденген.

2009 жылдың 17 шілдесіндегі өткізілген кезекті комиссия отырысында кәмелетке толмаған қызы Ә.М. Сағынның тағдыры мен тәрбиесіне на-

зар аудармау себебін азаматша Ш.Қ. Әбуова болашақта жеке өмірінің қалыптасуына баланың кедергі екенін түсіндіріп, қызынан өз еркімен бас тартып, ата-анасының қамқорына берілуіне қарсы еместігін ескертті.

Ақтөбе қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» Заңының 67 және 68 баптары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы Үлгі Ережені бекіту туралы» Қаулысының 12-тармағын басшылыққа ала отырып, Ақтөбе қалалық сотына ата-аналық міндеттерін орындаудан қасақана жалтаруына байланысты азаматша Ш.Қ. Әбуованың кәмелетке толмаған қызы Ә.М. Сағынға қатысты ата-аналық құқығынан айыру туралы сұрайды.

Қосымша: Ақтөбе қаласының ішкі істер басқармасы Сазды полиция бөлімінің №30/09 азаматша Ш.Қ. Әбуоваға қатысты қадағалау ісі _____ бетте.

Қала әкімінің орынбасары,
Ақтөбе қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке
толмағандардың ісі және олардың құқықтарын
қорғау жөніндегі комиссия төрайымы

С. Қалдығұлова

Орындаушы:
С. Жұмағазина,
тел. 21-00-52.

№10-қосымша. Комиссия қорытындысы**Ақтөбе қаласының сотына
ҚОРЫТЫНДЫ**

Кәмелетке толмаған	Телегенов Абай Шаймұратұлына
Туылған күні :	18.04.1994 ж.т.
Оқу орны:	№24 орта мектеп
Тұрғылықты орны:	Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғ., 23/7
Заңды өкілдері:	екесі - Телегенов Самат Саматұлы (отбасымен бірге тұрмайды) анасы - Омарова Гүлнара Серікжанқызы.

Ақтөбе қаласының әкімшілігі қарамағындағы кәмелетке толмағандардың істері мен олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға Ақтөбе қаласының ІІБ Сазды ПБ кәмелетке толмаған, №24 орта мектептің 8 «ж» сыныбының оқушысы, 18.04.ж.т. Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 23/7 мекен-жайында тұратын Телегенов Абай Шаймұратұлына қатысты материал келіп түсті. Кәмелетке толмаған Телегенов Абай Шаймұратұлы 2006 жылдың қарашасынан бастап Ақтөбе қаласының ІІБ Сазды ПБ алдын алу есебіне алынған, себебі, орта білім алудан қашады, жүйелі түрде №24 тәртібін бұзады және қылмыс жасаған.

Кәмелетке толмаған Телегенов Абай Шаймұратұлына қатысты 04.10.2007 жылы қылмыстық істі қозғаудан бас тарту жөнінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық Процессуалдық Кодексінің 37 бабы 1 бөлігі 10 тарма. сәйкес Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 296б 2бөл. бойынша жасалған қылмысқа сәйкес қаулы шығарылған. Яғни, ол 22.08.2007 жылы көлік басқаруға құқығы жоқтығына қарамастан, «Тойота Раф-4» автокөлігін басқарып, «Мерседес» маркалы автокөлікке жол бермей соқтығысу жасаған, соның нәтижесінде екі жаяу жолаушы Саринаова Жазира Салыққызы мен Омарғазинаова Мейрам Абдраққызы қаза тапты.

А.Ш. Телегеновтің заңды өкілдері болып келесі тұлғалар табылады: екесі – Телегенов Самат Саматұлы, отбасымен бірге тұрмайды, анасы – Омарова Гүлнара Серікжанқызы, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық Кодексінің 111 бабына сәйкес баласының оқуы мен тәрбиесін маңызды себепсіз қараусыз қалдырғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылған.

№24 ОМ әкімшілігі кәмелетке толмаған Телегенов Абай Шаймұратұлына қатысты аса нашар сипаттама береді, бұл мектепте оқыған мерзім аралығында ол өзін орта қабілеті бар оқушы ретінде танытты.

№24 ОМ мәліметі бойынша кәмелетке толмаған Телегенов Абай

Шаймұратұлы мектепте оқу мерзімі аралығында мектеп тәртібін бұзған, оған мұғалімдер тарапынан көптеген ескертулер айтылған, ол сабақ үстінде кедергі жасап, сыныптастарына сабақ айтуға мүмкіндік бермеген, мұғалімдердің рұқатынсыз сабақтан тұрып кетіп қалатын болған, сабақ үстінде балағат сөз айтып, мұғалімдердің ескертпесіне назар аудармаған. Сонымен қатар, сол мектепте оқитын балалардың ата-аналарынан дене және моральдық қысым көрсеткені туралы көптеген шағым түскен.

Төлегенов Абай Шаймұратұлының жағымсыз әрекеттері мен сабаққа келмейтіндігі **бірнеше рет алдын алу Кеңесінде талқыланған.**

Сонымен қатар Ақтөбе қаласының ІІБ Сазды ПБ Төлегенов Абай Шаймұратұлын ерекше тәрбиелеу жағдайы қажет ететін балалар мен жасөспірімдердің Жамбыл қаласындағы арнайы мектебіне жіберу туралы материалы қарастырылған еді, 31.07.2008 жылы шыққан Қаулыға сәйкес оған оқуға және өзінің мінезіне қатысты өзгеріс енгізу үшін сынақ мерзімі берілген еді. Бірақ көмелетке толмаған Төлегенов Абай Шаймұратұлы 23 желтоқсан 2008 жылдан бастап мектептегі сабаққа келуді мүлдем тоқтатты, орта білім алудан бұрындағыдай бас тартуда, сондықтан 8 сыныпты қайта оқуға қалды, себебі 2008-2009 оқу жылдарының қорытындысы бойынша барлық пәндерден аттестация ала алмаған. Бүгінгі таңда №24 ОМ әкімшілігімен «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабы 3 т. негізінде «Ақтөбе қаласының білім бөліміне» ММ Төлегенов Абай Шаймұратұлын оқудан шығару туралы қолдау хат жіберілді.

Бүгінгі таңда анасы Омарова Г.С. баласы А.Ш. Төлегеновтың мінез-құлқына шыдамайды, Қазақстан Республикасының міндетті орта білім алу туралы заңнамасына сәйкес қажетті шараларды қолданбайды.

Ақтөбе қаласының ІІБ Сазды ПБ жауапты инспекторы есепте тұрған А.Ш. Төлегеновтың қылмыстық әрекеттерін қайталауын алдын алу шараларын үнемі жүзеге асыра алмайды, себебі анасы Омарова Г.С. баласының мекен жайын жасырып айтпайтын.

Ақтөбе қаласының ІІБ Сазды ПБ жауапты инспекторы ұсынған материалдарды комиссияның кезекті отырысында 17.07.2009 жылы қарастырып, көмелетке толмаған Төлегенов Абай Шаймұратұлына қатысты 05.05.2009 ж. №5/5459 ұсыныстағы барлық мәліметтерді ескеріп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 11.06.2001 жылы бекітілген №789 «Көмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия туралы Үлгідегі Ереженің» 11 тармағын «Көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын ала ескерту туралы» 9 маусым 2004 жылғы № 591 Қазақстан Республикасы Заңының 14 бабын 1, 2 тармағын 2 тарауын басшылыққа ала отырып Ақтөбе әкімшілігінің қарамағындағы көмелетке толмағандардың істері мен құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия Ақтөбе қаласының

сотын кәмелетке толмаған Төлегенов Абай Шаймұратұлын ерекше тәрбиелеу жағдайы қажет ететін балалар мен жасөспірімдердің Жамбыл облысындағы Тараз қаласындағы Төле би көшесі, № 147 мекенжайында орналасқан арнайы мектебіне жіберу туралы сұрайды.

Қосымша: Ақтөбе қаласының ІІБ Сазды ПБ жіберген 18.04.1994 ж.т. кәмелетке толмаған Төлегенов Абай Шаймұратұлының №113/06 бақылау ісі _____ бетте.

Қала әкімінің орынбасары,
Ақтөбе қаласының әкімшілігі қарамағындағы
кәмелетке толмағандардың істері мен олардың
құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның төрағасы С. Калдығұлова

Орындаушы:
С. Жұмағазина,
тел: 21-00-52

№11-қосымша. Сотқа берілетін сенімхат үлгісі

Талдықорған қаласы

« _____ » 2009 ж.

С Е Н І М Х А Т

Бұл сенімхат Талдықорған қаласының инспекторы, полиция аға лейтенанты, 13.09.2009 жылы Әділет Министрлігі берген № 097788990 жеке куәлік иегері, Тұнғатаров Серікжан Қайратұлына, Талдықорған қаласы әкіміне қарасты, Талдықорған қаласы Абай көшесі, 256 үй мекен жайында орналасқан, көмелетке толмағандар істері мен олардың құқықтарын қорғау комиссиясының мүддесін қорғау үшін және 1977 жылы туылған Хворостова Вероника Викторовнаны көмелетке толмаған балалары 12.03.1995 жылы туылған Хворостова Анна Васильевнаға, 06.10.1997 жылы туылған Хворостов Михаил Николаевичке, 22.04.2008 жылы туылған Хворостов Даниил Георгиевичке қатысты аналық құқығынан айыру туралы сот мәжілісіне қатысу үшін, шағым арызына қол қою, істі төрелік сотқа тапсыру, бейбіт келісімге қол қою, істі (қайта сеніп тапсыру), сот қаулыларының орындалуын мәжбүрлеу, сот шешімімен берілген мүлік пен ақшаны алудан басқа, шағым мақсатын өзгерту, іс материалдарымен танысу, соттың шешімдерін, қаулыларын, ұйғарымдарына шағымдану құқықтары беріледі.

Бұл сенімхат құзыреті үшінші тұлғаға берілмейді.
Сенімхат сот үрдістері аяқталғанша жүзеге асады.

Қала әкімінің орынбасары,
Талдықорған қаласының әкімшілігі
қарамағындағы КІК төрағасы

М. Көлбаев

№12-қосымша. ЖЕКЕ ІСТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАҢДАРДЫҢ ЖЕКЕ ІСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА
АРНАЛҒАН ЖӘНЕ КТУОБОО ЖІБЕРІЛЕТІН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ**

1. Кәмелетке толмағанды Орталыққа (жергілікті білім басқармасы қарамағындағы кәмелетке толмағандарды қамқорға алу жөніндегі бөлімше және/немесе жергілікті БББ бастығы) жіберу туралы Қаулы
2. Жеке қараудың хаттамасы
3. Кәмелетке толмағанның сауалнамасы
4. Кәмелетке толмағанның жасын растайтын құжаттар
5. Ата-анасының, немесе олардың орнында жүрген тұлғалар мен олардың мекен жайы туралы ақпарат
6. Алдын алу жұмыстары жүргізілгені туралы ақпараттар
7. Денсаулық жағдайы туралы анықтама.
8. Арматуралық тізімдер
9. Өзге де құжаттар.

№13-қосымша ДМБАБҰ ЖЕКЕ ІСТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ҚАЗЕТ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 27.01.05 ж. №42 бұйрығымен бекітілген, арнайы білім ұйымдары туралы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес (ҚР Әділет министрлігінде №3510 23.03.05 ж. тіркелген, 25.03.05 ж ҚР Ішкі істер министрлігімен және 19.02.05ж. ҚР Денсаулық сақтау Министрлігімен келісілді)

АБҰ ЖІБЕРІЛЕТІН КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЖЕКЕ ІСТЕРНІН ҚҰРУҒА АРНАЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

1. Өтеу мерзімі көрсетілген, кәмелетке толмағанды арнайы оқу ұйымына жіберу туралы сот шешімі.

2. Жеке куәлік немесе 16 жасқа толмағандар үшін туу туралы куәлігінің көшірмесі.

3. Жергілікті тіркелу куәлігі (өскери жастағы тұлғалар үшін).

4. Жалпы білім беру мектебінің, мектеп интернаттың, балалар үйінің, кәсіби мектептің оқушысының жеке ісі.

5. Арнайы оқу ұйымына жіберілген кәмелетке толмағанның соңғы оқу орнынан келген мінездемесі.

6. Тұратын баспанасының көлемі, отбасының құрамы туралы, ата ананың немесе олардың орнындағы азаматтардың жұмыс орындарынан берілген анықтама.

7.* баланың № 026/У медициналық картасы - форма және амбулаториялық науқастың медициналық картасына салынатын қосымша парақ - нысан № 025-1/У.

8. Аурудың алдын алатын егулер картасы - нысан № 063/У және арнайы білім ұйымдарына жіберілу үшін жасалу уақыты бір айдан аспаған зертханалық зерттеулердің мәліметтері.

9. Дәрігер психоневрологтың (балалар мен қыздар үшін), дәрігер гинекологтың (қыздар үшін), дәрігер-дерматовенерологтың (14 жастан асқан балалар мен қыздар үшін) анықтамасы.

10. КТУОБОО болған бала арнайы білім алу ұйымына жіберілетін болса, жұқпалы аурулардың жоқтығы туралы дәрігер анықтамасы болу керек. Егер де жасөсірімде оны арнайы білім алу мекемесіне жіберуге кедергі болатын өзге аурудың бар екені анықталса ол бала емделгенше сол жерде болады.

11.Кәмелетке толмағанды арнайы білім беру ұйымына жіберуге мүмкіндігі туралы қорытынды тек 9,10 тармақтарда көзделген құжаттарды зерттеу мен медициналық куәландыру негізінде жасалады.

* Ескерту: баланың медициналық картасы уақыт өте баланың денсаулығы Төлқұжатымен ауыстырылады (есептеу формасы № 026/у-3).

№14-қосымша. ДМБАҒҰ БЕРІЛЕТІН ЖЕКЕ ІСТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ (МЫСАЛ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ)

Кәмелетке толмағанды Алматы қаласында девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім ұйымына орналастыру үшін аудандық комиссияның қарауына түскен құжаттар мен материалдардың шамаланған тізімі

- 1) Комиссия атына жазылған жолдама хат;
